

## Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы

### 1-тарау. Тіл саясатын іске асыру

Бүгінгі таңда тіл саясаты – мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігі. Тіл саясаты, мемлекеттік тілдің рөлі еліміздің қауіпсіздігіне, оның мемлекеттілігінің нығаюына тікелей әсер етеді.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекеттік мәртебе берілген тіл және титулды ұлттың тілі ретінде айрықша құндылық болып саналады. Ол – Қазақстанда тұратын барлық этностарды тұтастырушы фактор және елдің барлық рухани қазынасының қайнар көзі. Сондықтан қазақ тілін меңгеру, осы тілде сөйлеу және қызмет ету барлық азаматтардың бірін-бірі еркін түсінуіне, отаншылдық сезімнің қалыптасуына, Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарауына алғышарттар қалыптастырады.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында (бұдан әрі – Мемлекеттік бағдарлама) Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына [Жолдауында](#) белгіленген міндеттерді жүзеге асыру көзделген. Мемлекет басшысы нақты шаралар негізінде қазақ тілінің ұлтаралық қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейтуге және еліміздегі этникалық топтардың тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай жасау қажеттігін атап өтті.

Мемлекеттік бағдарлама этникалық топтардың да тілі мен мәдениетін дамытуға, оның ішінде ел азаматтарының лингвистикалық капиталын арттыруға қолайлы жағдай жасауға негіз болып табылады.

Мемлекеттік бағдарлама 3 бағыттан, 4 индикатордан және 17 нәтижелі көрсеткіштен тұрады.

Мемлекеттік бағдарламаның негізгі бағыттары – латынграфикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғырту, мемлекеттік тілдің этносаралық қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейту, Қазақстан азаматтарының тілдік капиталын дамыту.

Мемлекеттік бағдарламаның нысаналы индикаторлары:

1. Латынграфикалы әліпбиді пайдаланатын жазба коммуникацияға қатысушылар үлесі (2023 ж. - 20 %, 2024 ж. - 30 %, 2025 ж. - 50 %).

2020-2022 жылдары осы нысаналы индикатордың

«1.1.Латынграфикалы әліпби негізінде қазақ тілін ортологиялық кодтау» 1-міндетінің «Латынграфикалы әліпби негізінде басып шығарылған сөздік, анықтамалық пен қолжазбалардың саны» нәтижелі көрсеткіші ішінара орындалды. Себебі 2020 жылы аталған нәтижелі көрсеткішке қол жеткізу үшін көзделген 7 іс-шараның 6-ы – орындалды, 1-уі – ішінара орындалды,

2021 жылы 6 іс-шараның 3-уі – орындалды, 3-і – орындалмады, 2022 жылы 4 іс-шараның 1-і – орындалды, 3-уі – орындалмады.

«1.2. Латынграфикалы әліпби негізінде қазақ тілінің салалық терминдер жүйесін жетілдіру, біріздендіру және кодтау» 2-міндетінің «Қазақ тілінің латынграфикалы әліпбиінің емле ережесіне негізделген терминологиялық қордың үлесі» нәтижелі көрсеткіші орындалды. Осы нәтижелі көрсеткішке қол жеткізу үшін 2020-2022 жылдары көзделген 3 іс-шара орындалды.

«1.3. Ономастикалық кеңістікті латынграфикалы әліпби негізінде реттеу және стандарттау» 3-міндетінің «Ономастикалық атауларды ретке келтіруде ашықтық қағидаттарының сақталу үлесі» нәтижелі көрсеткіші ішінара орындалды. Себебі 2020 жылы аталған нәтижелі көрсеткішке қол жеткізу үшін көзделген 4 іс-шараның 3-уі – орындалды, 1-уі – ішінара орындалды, 2021 жылы 4 іс-шараның 3-уі – орындалды, 1-уі – орындалмады, 2022 жылы 4 іс-шараның 3-уі орындалмады, 1-уі ішінара орындалды;

«1.4. «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» жобасын іске асыру» 4-міндетінің «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» жобасының мәтіндік базасының көлемі» нәтижелі көрсеткіші орындалды. Аталған нәтижелі көрсеткішке қол жеткізу үшін 2020-2022 жылдары көзделген 2 іс-шара толығымен орындалды.

Кейбір міндеттердің орындалмауы Мемлекет басшысының әліпбиді жетілдіру, жаңа орфографиялық сөздіктегі сөздердің жазылуын қайта қарау туралы (2022 жылғы 15 тамыздағы №22-32-29.295) тапсырмаларына сәйкес латын графикасына негізделген әліпби жобасының және қазақ тілінің емле ережесі жобасының тиісті нормативтік құқықтық актімен бекітілгеннен кейін қайта қаралуына және 2022-2024 жылдарға арналған Республикалық бюджеттен қаржы бөлу мәселесінің қолдау таппауына байланысты.

2. Мемлекеттік тілді меңгерген халықтың үлесі (2020 ж. – 90,5%, 2021 ж. – 91%, 2022 ж. – 92%). ҚР тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтік және аналитикалық зерттеудің қорытындысы бойынша «Мемлекеттік тілді меңгерген халықтың үлесі» нысаналы индикаторы орындалды. Жылдар бойынша көрсетілген көрсеткіштерге қол жеткізілді.

3. Мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақтілді контенттің үлесі (2020 ж. – 74%, 2021 ж. – 75%, 2022 ж. – 76%). Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің мәліметіне сәйкес мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақтілді контенттің үлесі 2020 ж. – 74,08%, 2021 ж. - 81%, 2022 жылы - 83%-ті құрады, нысаналы индикатор артығымен орындалды.

4. Үш тілді (қазақ, орыс және ағылшын) меңгерген халықтың үлесі (2020 ж. – 26%, 2021 ж. – 27%, 2022 ж. – 28%). ҚР тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтік және аналитикалық зерттеудің қорытындысы бойынша «Үш тілді меңгерген халықтың үлесі» нысаналы индикаторы орындалды. Жылдар бойынша көрсетілген көрсеткіштерге қол жеткізілді.

Тәуелсіздік алған жылдармен салыстырғанда титулды ұлт ретінде қазақтардың үлес салмағы жыл санап артып келеді. Бұл тілдік ортада қазақ

тілінің үстемдігі нығая беретінін дәлелдейді. 2021 жылы жүргізілген Ұлттық халық санағы қорытындысы бойынша қазақ ұлтының үлесі 70,4%-ке жетті. Бұл моноұлтты мемлекеттің қалыптасып келе жатқанын білдіреді. Осындай нақты демографиялық ахуал қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге байланысты жұмыстардың қарқынды жүргізілуін талап етеді.

Қазақстанда азаматтардың тілдік құзыреттілігі әртүрлі қалыптасып отыр. Атап айтқанда, қазақтілділер, қазақ-орыстілділер, орыстілділер, этникалық-қазақша, этникалық-орысша тілділер немесе этникалық-орысша-қазақша үш тілді білетіндер және қазақ-орыс-ағылшын үш тілді меңгергендер.

Қазіргі тілдік ахуал мынадай әлеуметтік жағдаяттармен сипатталады:

- біріншіден, қазақ тілінде сөйлейтіндердің саны артып келеді. Ресми мәліметтер бойынша түркітілдес халықтардың ішінде өзбектердің 72%-і, ұйғырлардың 71,7%-і, қырғыздардың 58,5%-і қазақ тілін сөйлеу тілі деңгейінде, ал 12%-і қазақша оқып, жаза алатын жоғары деңгейде меңгергені анықталды. Славян диаспорасы ішінде орыстардың 25,1%-і, украиндардың 23,7%-і, белорустардың 22,8%-і, поляктардың 22,1%-і, сондай-ақ, неміс диаспорасының 25,2%-і ауызекі қазақ тілін түсінеді. Аталған диаспоралар ішінде қазақша оқып, жаза білетіндер үлесі – 2,9%-ті құрайды. Көрсетілген сандық өзгерістер мемлекеттік тіл қолданысының сапасын әлі де болса жақсартуды талап етеді.

- екіншіден, мемлекеттік тілдің демографиялық базасының күшеюі қоғамдық санадағы сапалық өзгерістерді тудырды. Қазақтілді азаматтар мемлекеттік тілдің барлық салада жетекші рөлде болуын жиі талап етеді. Этносаралық коммуникация мен ресми қарым-қатынас саласында да мемлекеттік тілдің қолданыс аясы артып келеді.

Ұлттық халық санағының қорытындысы бойынша<sup>1</sup> 5 жастағы және одан жоғары жастағы халық (13 768 406 адам (80%-і) мемлекеттік тілді меңгерген, ал оның ішінде күнделікті өмірде қолданатындары 8 472 661 (49,3%-і) адам санын құрайды. Бұл көрсеткіш халықтың басым бөлігінің қазақ тілін ауызша түсінетінін, еркін оқитынын, еркін жазатынын көрсетті.

Сонымен қатар 2022 жылы жүргізілген Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтік және аналитикалық зерттеудің<sup>2</sup> (бұдан әрі – Зерттеу) нәтижелері өзге этнос өкілдерінің 0,4%-і қазақ тілін ана тілі ретінде көрсеткенін анықтап отыр (2020 ж. – 1%, 2021 ж. – 1,2%). Дегенмен қазіргі таңда халықтың мемлекеттік тілді меңгеру көрсеткіші бойынша өңірлер арасында бірыңғайлық жоқ. Бұл тиісті өңірдің географиялық орналасу ерекшелігі мен тұрғындардың этникалық құрамына байланысты. Мысалы, Зерттеу нәтижесіне сүйенсек, қазақ тілін меңгерген респонденттердің көбі – Атырау (78,8%), Маңғыстау (76,1%), Жамбыл (74,1%), Қызылорда (73,2%) облыстарының тұрғындары. Қазақ тілін тиісті деңгейде меңгермегендердің үлесі Солтүстік Қазақстан (8,2%), Қостанай

<sup>1</sup> [https://stat.gov.kz/for\\_users/national/2020](https://stat.gov.kz/for_users/national/2020)

<sup>2</sup> <https://www.gov.kz/memleket/entities/language/documents/details/277059?lang=kk>

(9,0%), Қарағанды (6,5%) облысының тұрғындарына тиесілі болды. Бұл аталған өңірлерде тіл саясатын жандандыру қажеттігін білдіреді.

Бұдан басқа мемлекет тарапынан мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту және оның мәртебесін арттыруға қатысты бірқатар жұмыс атқарылды. ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жөніндегі комиссия құрылды.

Комиссияның міндеті – мемлекеттік тілді кешенді және жүйелі дамыту, оның қолданыс аясын кеңейту, үйлесімді тіл саясатын іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асырудың және оны ғылым мен мәдениеттің тіліне айналдырудың ғылыми аспектілерін қарау.

Жыл сайын орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардағы, ұлттық компаниялардағы құжат айналымының мемлекеттік тілде іс жүргізуінің үлестік көлеміне мониторинг жүргізіледі. 2022 жылдың қорытындысы бойынша құжат айналымының мемлекеттік тілдегі үлесі 96,5%-ті (2020 ж. – 93%, 2021 ж. – 96%) құрады.

Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың ресми интернет-ресурстарына мониторинг жүргізілді.

Мемлекеттік тапсырысқа сәйкес 2022 жылы 105 мекеменің ресми сайтына мониторинг жүргізілді (2020 ж. – 125, 2021 ж. – 180). Мониторинг барысында ресми сайттардың санына емес, олардың жүргізілу сапасына назар аударылып, 100 мекемеге ескерту жасалып, түзетілді.

Жалпы алғанда, 594 интернет-ресурс талданып, нәтижесінде 543-і бойынша орын алған кемшіліктер түзетіліп, қайта жетілдірілді. 41 ресми сайттың, 1 мобильдік қосымшаның мемлекеттік тілдегі нұсқасы іске қосылды.

Аталған бағыттағы жұмыстар жыл сайын жүргізіледі. Әлі де болса заң талаптарына қайшы келетін ресми интернет-ресурстар қолданыста бар. Мониторинг нәтижесінде жекелеген ұйымдардың ресми сайттарының негізгі беті бірден орыс тілінде ашылатыны, мемлекеттік тілде орналастырылған ақпарат көлемінің орыс тіліндегі ақпарат көлемімен сәйкес келмейтіні, мемлекеттік тілдегі ақпараттың уақытында орналастырылмайтыны, сайттың қазақ тіліндегі нұсқасына орыс тіліндегі материалдардың орналастырылатыны анықталды.

«Тіл туралы» Заңның 4-бабында «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс-қағаздарын жүргізу тілі» делінгеніне қарамастан Қазақстанда қоғамдық қатынастар негізінен орыс тілінде жүргізіледі. Орталық және атқарушы мемлекеттік органдардың құжаттары орыс тілінде әзірленіп, қазақ тіліне аударылады. Яғни мемлекеттік тіл өзінің мәртебесіне сай негізгі тілдің функциясын атқармай тек аударма тіліне айналған. Елімізде заң шығарудың негізгі тілі де орыс тілі. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасы Парламентінің VI және VII

шақырылымдарында қабылданған 601 Заңның алғашқы нұсқалары орыс тілінде әзірленіп, қазақ тіліне аударылған. Бұл мемлекеттік тілдің барлық салада қолданылуына, жалпы беделіне кері ықпал етеді. Сонымен бірге мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің ресми стилінің қалыптасуы мен дамуын тежейді.

Сондай-ақ сот жүргізу ісінде де орыс тілі басым тіл ретінде қолданылады. Қазақстан халқының басым көпшілігін қазақ ұлты құрайтындықтан, бұл азаматтардың жеке құқықтарының сақталуына, өз ойларын еркін, объективті жеткізуіне кері ықпалын тигізеді.

Сонымен бірге іс-қағаздарын жүргізудің негізгі тілі де әлі күнге дейін орыс тілінде болып келуде. Соған байланысты қазақ тілі тағы да аударма тіліне айналуға. Бұл мемлекеттік тілге деген немқұрайлы көзқарасты қалыптастырады, қоғамның мемлекеттік тілге қажеттілігі мен сұранысына кері ықпал етеді. Жоғарыда аталған жайттар «Тіл туралы» Заңның осы маңызды бабының орындалмай жатқанын анық көрсетеді.

«Тіл туралы» Заңның 8-бабында «Мемлекеттік тіл Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, ұйымдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыс және іс-қағаздарын жүргізу тілі болып табылады, орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» делінген. Бірақ қазақ тілі мемлекеттік органдардың шынайы түрдегі жұмыс тіліне айналмауда. Халықаралық практикада күнделікті жұмыс тіліне айналған тіл ғана көпшіліктің қажеттілігі мен сұранысына ие болады. Егер қандай да бір тіл жұмыс тіліне айнала алмаса, онда оның мәртебесі тек декларативті күйде қалады. Мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілінің мәртебесі көп жағдайда осындай декларативті сипатта. Мемлекеттік тілдің заңды функциясы осы бапта да жүзеге асырылмайды.

«Тіл туралы» Заңның 9-бабында «Мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленіп қабылданады, қажет болған жағдайда, мүмкіндігінше, басқа тілдерге аударылуы қамтамасыз етіле отырып, оларды әзірлеу орыс тілінде жүргізілуі мүмкін» делінген. Дегенмен басым көпшілік мемлекеттік органдардың актілері орыс тілінде әзірленеді. Соның нәтижесінде осы бап бойынша мемлекеттік тілге берілген басымдық өз деңгейінде жүзеге асырылмайды. Оның орнына екінші позициядағы: «орыс тілінде жүргізілуі мүмкін» деген сөз тіркесіне басымдық берілуде. Сол себепті бұл бап орындалмауда.

Осыған байланысты тіл саясатын іске асыру саласындағы уәкілетті орган халыққа қызмет көрсету орталықтарында, қоғамдық орындарда тіл заңнамасының сақталуын бақылауға қатысты жүйелі жұмыстар жүргізді.

Әділет, Қаржы министрліктері мен облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктеріне нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттерді жасау кезінде құжаттарды мемлекеттік тілде ұсыну және

бақылау-касса машиналарының тілін мемлекеттік тілге ауыстыру бойынша қажетті шараларды қабылдау туралы жұмыс жүргізілді.

«Нотариат туралы» ҚР Заңының 5-бабына сәйкес нотариаттық іс «Тіл туралы» Заңға сәйкес жүргізілуі тиіс. Атқарылған жұмыстың нәтижесінде нотариустар азаматтардың сұранысына сәйкес нотариаттық істі ҚР-ның тіл туралы заңдарына сәйкес жүргізуде.

Мемлекеттік тілдің қолданысын кеңейтуде халыққа қызмет көрсетудің бір түрі – бақылау-касса машиналары арқылы жасалатын операциялар, яғни тұтынушыларға ұсынылатын түбіртектердегі ақпараттардың жазу тілі.

Осыған байланысты уәкілетті орган жергілікті атқарушы органдармен, сонымен қатар Мемлекеттік кірістер және Тұтынушылардың құқықтарын қорғау органдарымен бірлесіп жұмыс атқарып жатыр. Дегенмен аталған мәселе әлі күнге дейін өз деңгейінде шешілмеуде.

Барлық сауда нүктесі, екінші деңгейлі банк, әуежай мен басқа да қоғамдық орындарда берілетін түбіртектер тек орыс тілінде ғана басып шығарылады. Бұл азаматтарды тілдік белгісі бойынша кемсітушілікке жол беріп, қоғамның наразылығын тудырып келеді. Осы ретте мәселені шешуде, атап айтқанда, түбіртектегі ақпаратты екі тілде қамту мақсатында сол саланы реттейтін нормативтік актілерге қажетті өзгерістер енгізу қарастырылады.

Бүгінгі таңда өңірлердегі Тілдерді дамыту басқармалары жергілікті жерде мемлекеттік тіл саясатын іске асыруға бірден-бір жауапты орган болып табылады. Өңірлердегі осы басқармалардың міндеті – «Тіл туралы» Заңның орындалуын қамтамасыз ету. Өңірлердің басым бөлігінде басқармалардың қысқаруы салдарынан тіл саясатын іске асыру өз деңгейінде жүргізілмейтін болды.

Бүгінгі таңда Ақтөбе, Қарағанды, Жамбыл, Жетісу, Алматы облыстарында ғана дербес Тілдерді дамыту басқармалары сақталған. Алайда алдағы уақытқа жоспарланған мемлекеттік басқару саласындағы оңтайландыру шаралары бұл басқармаларды да өзге құрылымдармен бірігу тәуекелін тудырады. Бұл өз кезегінде жұмыстың сапасы мен тиімділігін төмендететіні сөзсіз. Сонымен қатар қазіргі уақытта мемлекеттік тілді қолдану және оның мәртебесіне қатысты мәселелер ең көп талқыланатын мәселенің біріне айналды. Осы бағыттағы жұмысты үйлестіру және мәселенің шиеленісуінің алдын алу өңірлердегі Тілдерді дамыту басқармаларының құзырында болуы тиіс. Өңірлердегі мемлекеттік тіл саясатын іске асыруды үйлестіруші және жауапты орган – Тілдерді дамыту басқармасын дербес құрылым ретінде сақтап қалу маңызды шешім болмақ.

Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, нормативтік базаны күшейту бойынша бірқатар іс-шаралар өткізілгенін байқауға болады. Бірақ қоғамның кейбір салаларында, атап айтқанда, қаржы және экономика, мемлекеттік сатып алу, банк салаларында мемлекеттік тіл тиісті деңгейде қолданылмай келеді.

Қазақстанда мемлекеттік тілдің конституциялық мәртебесін жүзеге асыру үшін қолданыстағы заңнаманы жетілдіру керек.

Зерттеудің нәтижесіне сәйкес орыс тілін меңгерген халықтың үлесі 90,4%-ті құрады (2020 ж. – 90%, 2021 ж. – 90,2%). Іскерлік ортада, халықаралық қатынастарда, қызмет көрсету салалары мен қоғамдық ортада орыс тілінің қолданылуы басым. Респонденттердің 61,7%-і орыс тілін меңгеру деңгейінің қоғамда жоғары екенін көрсетті. Интернет кеңістігінде ақпаратты іздеуде халықтың 65,7%-і орыс тілін қолданады.

Мемлекеттік бағдарлама аясында жыл сайын өңірлік және республикалық деңгейлерде жастардың орыс тілін меңгеруге деген ынтасын арттыру, орыс тілін еркін меңгерген дарынды жастарды анықтау және қолдау, сөйлесу мәдениетін көтеру мақсатында іс-шаралар мен олимпиадалар, Ресейдің ғылым мен мәдениет орталығымен бірге «Түркі-славяндық этномәдени қатынастар: қолжазбалардан ғаламтор-коммуникацияларына дейін» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция, Славян жазбалары мен мәдениет күндері өткізіледі. Ал соңғы жылдары түркі жазбалары мен мәдениеті күндерін атап өту назардан тыс қалған.

Бүгінде барлық ұлт өкілдері үшін ана тілінде, оның ішінде орыс тілінде еркін сөйлесуге, оқуға қолайлы жағдай жасалған.

Іс жүзінде қазір Қазақстандағы этнос өкілдерінің өзара сөйлесу тілі – орыс тілі. Негізінде осындай ұлтаралық тіл функциясын мемлекеттік тіл атқару керек.

Жалпы елімізде орыс тілін үйренуге деген сұраныстың жоғары болмауы – тұрғындардың 90%-тен астамының тілді жетік меңгеруінде. Себебі қазақтілді мектептерде орыс тілі 2-сыныптан бастап оқытылады және 9, 11-сыныптарды аяқтаған түлектер орыс тілінен мемлекеттік емтихан тапсырады. Сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі - ЖОО) 1 курсына оқып, емтихан тапсырады.

Қазақстан халқы қазіргі уақытта әлемдегі халықаралық тілдердің көш басында тұрған ағылшын тілін меңгеруді қажеттілік деп санайды. 2001 жылдан бастап еліміздегі жалпы білім беретін мектептерде ағылшын тілін оқытуды 1-сыныптан бастап енгізді. Алайда әдістеме тұрғысынан және жүргізілген зерттеулер мен талдаулар нәтижесінде 1-сынып оқушысына бірден үш тілді меңгеру қиын екені дәлелденді. Сондықтан оқу қазақ тілінде жүргізілетін мектептерде 2022-2023 оқу жылынан 2-сыныптан бастап орыс тілін, ал 3-сыныптан бастап шет тілін оқыту жүзеге асырыла бастады.

«Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – «НЗМ» ДББҰ) тәжірибесіне сәйкес жалпы орта білім беру ұйымдары жаратылыстану-математика бағытының (бұдан әрі – ЖМБ)

жекелеген пәндерін (физика, химия, биология, информатика) 9-сыныптан бастап ағылшын тілінде оқытуды жалғастырып отыр. Сонымен қатар ЖМБ пәндері 3 864 мектепте (2119 ауылдық) 243 324 оқушыға ағылшын тілінде оқытылады. Бұл жобаны іске асыру басталған жылмен (2017) салыстырғанда, балалар саны 39%-ке артты. Жалпы орта білім беру ұйымдарын бітіруші түлектерге IELTS халықаралық емтиханын енгізу қарастырылмаған.

2020 жылдан бастап жоғары білімге қолжетімділікті арттыру үшін IELTS, SAT, ACT және IB халықаралық стандартталған тестілерінің балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы енгізілді. Аталған сертификаттары бар бітірушілер ҰБТ-да «Ағылшын тілі» пәнінен емтихан тапсырудан босатылады. Бұл дарынды жастардың шетелге кетуін шектеуге және жоғары білім алуға қолжетімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

2022 жылдан бастап Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында үш тілді білім беру бағдарламаларын енгізетін ЖОО-лар білім беру қызметін жоспарлауды үш тілде жүзеге асырады: оқыту тілі, екінші тіл және ағылшын тілдерінде. ЖОО-лар оқыту тілінде, екінші және ағылшын тілдерінде оқытылатын пәндердің пайыздық арақатынасын дербес анықтайды.

ЖОО-да үш тілді білім беру аясында 76 963 адам білім алуда. Оның ішінде білім алушылар саны бакалавриатта – 70 038, магистратурада – 6 229 және докторантурада – 696 адам санын құрайды.

Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасында ағылшын тілін оқыту тетіктері көзделмеген, алайда тұжырымдамада формалды емес оқыту түрлері қарастырылған. Атап айтқанда, біліктілікті арттыру, кәсіптік қайта даярлау бағдарламалары, кәсіптік оқыту бағдарламалары, курстар, дәрістер, семинарлар мен тренингтер, оның ішінде онлайн режимінде өткізілетіндері бар.

Осыған байланысты өңірлерде ересектерді ағылшын тіліне тегін оқыту бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді. 2022 жылы ағылшын тілін үйрету курстарында 13 мыңнан аса адам оқыды.

Әлеуметтік зерттеуге 2700 адам қатысып, соның нәтижесінде ағылшын тілін меңгерген ересектердің үлесі 2020 жылы – 27,5%, 2021 жылы 28%, 2022 жылы 28,5%-ті құрады. Аталған көрсеткіш жыл сайын халықтың ағылшын тілін оқып-үйрену динамикасының артып келе жатқанын көрсетеді.

Мектептерде ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқытатын педагог мамандар тапшылығы, жергілікті жерлерде ағылшын тілі курстарын оқытуға бөлінген қаржы көлемінің жеткіліксіздігі, халықтың ағылшын тілін білу деңгейіне жыл сайын мониторинг жүргізу нәтижесі бойынша қажетті шаралар қабылданбайтындығы анықталып отыр.

**Тіл саясатын іске асырудың ағымдағы жағдайын талдау жүйелі деңгейде шешуді талап ететін мынадай проблемаларды анықтады:**



- қоғамның кейбір салаларында мемлекеттік тіл өзінің нормативтік-құқықтық мәртебесіне сәйкес толық қолданылмайды;
- заң және басқа да құжаттардың түпнұсқа мәтіндері орыс тілінде әзірленіп, аударылуына байланысты мемлекеттік тілдің қолданыс аясына және оның әлеуетін толық ашуға кедергі келтіреді;
- мемлекеттік қызметте, қызмет көрсету және тағы да басқа салаларда мемлекеттік тілдің жетекші тіл болуына мүмкіндіктер толық қарастырылмаған;
- тіл саясатында мемлекеттік тілдің қажеттілігін арттыру тетіктері анықталмаған;
- тіл саясатында еліміздегі демографиялық үдерістер, өңірлік ерекшеліктер, ұлттар құрамы ескерілмейді;
- кейбір мемлекеттік емес ұйымдардың ресми интернет-ресурстарының мемлекеттік тілдегі нұсқасы жоқ;
- қоғамдық қатынастың барлық саласында тұтынушының құжатты мемлекеттік тілде талап ету сұранысы қанағаттандырылмайды;
- қолданыстағы тіл туралы заңнама мемлекеттік тіл мәселесін тиісті деңгейде шеше алмай отырғандықтан, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді және жаңартуды қажет етеді.

## **2-тарау. Әдістемелік қамтамасыз ету**

Күнделікті тұрмыста, кәсіпте, ресми шараларда, қоғамның әлеуметтік салаларында қазақ тілін пайдалану мен оның қолданыс аясын кеңейту үшін тілді жылдам әрі оңай меңгерудің түрлі тәсілдері қолданылады. Азаматтарға тіл үйрету барысында қалыптасқан тәсілдерді іске асыруда өңірлердегі тілдерді оқыту орталықтары маңызды рөл атқарады.

Елімізде 111 тіл оқыту орталығы (2020 ж. – 114, 2021 ж. – 108) жұмыс істейді. Алайда Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Шымкент қаласында 1 оқыту орталығынан болса, Алматы қаласы, Батыс Қазақстан, Ұлытау, Маңғыстау, Павлодар облыстарында мүлдем жоқ, сол себепті аталған өңірлердегі қордаланған проблема шешімін таппай отыр. Осы ретте латын графикасына көшу барысында оқытушылар мен тұрғындарды оқыту үшін орталықтар ашып, олардың әлеуетін арттыру қажет.

Орталықтарда азаматтарға қазақ, орыс және ағылшын тілдері тегін оқытылады. 2022 жылы қазақ тілі курсынан өткендер саны – 51 356 адам санын құрады (2020 ж. – 80 482, 2021 ж. – 51 337 адам). Орыс тілі курсынан өткендер саны – 5275 адам (2020 ж – 3554, 2021 ж. – 766 адам). Ағылшын тілі курсынан өткендер саны – 12 891 адам (2020 ж – 15513, 2021 ж. – 7442 адам).

Оған қоса 15 өңірде 18 этнос бойынша 2890 адам ана тілдерін (2020 ж. – 25 этнос бойынша 700, 2021 ж. – 9 этнос бойынша 553 тыңдаушы) оқып үйренді. Талдау қорытындысы ұсынылып отырған статистикалық мәліметтер этнос өкілдерінің ана тілін оқып-үйренуге деген қызығушылығының төмендігін көрсетті.

Өңірлік тіл орталықтарында қазақ тілін оқыту «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттілігі» ҚР Ұлттық стандарты негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік тіл бағдарламалары аясында шығарылған оқу-әдістемелік құралдарды өңірлердегі Тіл оқыту орталықтары қазақ тілін оқытудағы ортақ әдістеме ретінде басшылыққа алып жүр. Атап айтқанда, А1, А2, В1, В2, С1 деңгейлеріне арналған «Типтік оқу-әдістемелік кешені» (мемлекеттік стандарттар, лексикалық минимум, электронды жабдықтау бағдарламасы, грамматикалық анықтағыш, оқулық, тіл-құралы); «Тілдарын» оқу-әдістемелік кешені; Қазақ тілін оқытуға арналған бірүлгі оқу-әдістемелік кешені; Көркем шығармалар арқылы тіл үйретуге арналған қазақ тілі; «Іскери қазақ тілі» (оқу құралы+CD); «Қазақ және ағылшын тілдеріне қарқынды оқыту жөніндегі интерактивті оқыту жүйелері, инновациялық-әдістемелік бейнесабақтар кешені»; «Қазақ тілін үйретудің бастапқы лексикалық және грамматикалық минимумы»+мультимедиа; «Қазақ тілі» ортадан жоғары деңгейі (В2); «Қазақ сөзі» қазақ тілінің белсенді лексика-грамматикалық минимумының әдістемелік кешендері (137, 500, 900, 1200, 1500 сөз), «Әдіскер анықтамалығы»; «Қазақ әдеби тілінің анықтамалығы»; «Әлеуметтік лингвистика» ғылыми-әдіснамалық құралы мен сөздігі; Мемлекеттік қызметкерлерге арналған қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік; «Шаңырақ» үстел лингвистикалық ойыны және т.б. құралдар.

Бірқатар тіл орталықтары қазақ тілін оқытуда қосымша өздерінің бірегей әдістемелерін пайдаланады. Мәселен Ақтөбе облысының Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы қазақ тілінің 5 деңгейі (А1-С1) бойынша «Оқылым» мәтіндер жинағын шығарды. Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының тапсырысы бойынша әзірленген «Сарыарқа-2» оқу-әдістемелік кешені (оқулықтар, дәптерлер, аудио дискілер) бірнеше жыл қатарынан еліміздегі аса тиімді оқу құралдарының бірі болып табылады.

Ересектерді қазақ тіліне оқыту курстарында дәстүрлі әдістермен қатар «Socratic», «Quizizz», «Quizlet», «Kahoot», «Padlet», «Playpozit», Thinglink» сияқты түрлі әлемдік онлайн-бағдарламалар қолданылады.

Тіл үйрену курсына қатысқандардың мемлекеттік тілді меңгеруі, сол арқылы қазақ тілін жұмыс барысында қолдануы талап етілмейді. Оқу құралдарының сапасы әртүрлі. Сол себепті мұндай курстарды ұйымдастырудың оңтайлы жүйесін және тіл үйретудің тиімді тәсілдерін енгізу қажет.

Этностар арасында ана тілі мен мемлекеттік тілді оқып-үйренуге деген қызығушылықтың деңгейі төмен және бұл бағыттағы жұмысты үйлестіретін өңірлердегі жексенбілік мектептердің тілдерді оқытуды ұйымдастыруға қатысты насихаттау жұмысы сын көтермейді. Аталған мекемелердің жұмысын барынша жандандыру қажет.

Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін меңгеру деңгейінің төмендігі, жалпы мемлекеттік тілге байланысты мәселелердің түбегейлі шешілмеуі – қоғамның мемлекеттік тілге деген қатынасын қалыптастырды. Сол себепті мемлекеттік тілді қолдану, үйрену және осыған байланысты салалардың барлығына талап пен міндеттілік қажет. Сонда ғана қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде өзінің конституциялық мәртебесіне ие болады.

Оқытуды тиімді әрі жүйелі ұйымдастырушы – білікті оқытушы. Алайда тілдерді оқыту орталықтарындағы мәртебесі анықталмаған мамандарды тұрақты ұстап тұру, бәсекелестік ортада материалдық және басқа да мәселелердің шешімін таппаған проблемалар бар.

Орталық оқытушылары педагогтердің санатына жатпайды және оларға мамандардың біліктілік санаты, магистр дәрежесі немесе ғылыми дәрежесі мен атағы үшін қосымша ақы төленбейді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2020 жылдан бастап еліміздің педагог мамандарының жыл сайын лауазымдық еңбекақысы 25%-ке, мәдениет қызметкерлерінің еңбекақысы 35%-ке көтерілді.

2022 жылы орталық қызметкерлерінің еңбекақысы салық пен аударымдарды қоспағанда орта есеппен 90 мың теңгені құрады. Ресми мәліметке сәйкес, 2022 жылдың қорытындысы бойынша орташа жалақы көлемі 312 мың теңгені құраса, ал орталық қызметкерлерінің еңбекақысы төмен деңгейде өзгеріссіз қалып отыр. Сондықтан тілдерді оқыту орталықтары оқытушыларының құқықтық мәртебесін бекіту және жалақысын көтеру қажет.

«ҚАЗТЕСТ» – ҚР азаматтарының және республика аумағында әртүрлі қызмет түрлерімен айналысатын шетел азаматтарының қазақ тілін меңгеру деңгейін, халықаралық тілдік білімді бағалау жүйелерінің, атап айтсақ, TOEFL, IELTS (ағылшын тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі), TÖMER (түрік тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі), ТРКИ (орыс тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі) сияқты жүйелердің қағидаттары мен талаптарына негізделген, азаматтардың қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалаудың отандық жүйесі.

Жүйелі жүргізілген жұмыстың нәтижесінде мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік сала, мемлекеттік қызмет көрсету саласы, ұлттық компания, әскери сала қызметкерлері және т.б. үшін «ҚАЗТЕСТ» жүйесі бойынша диагностикалық тестілеуден өту, сертификаттық тестілеуден «Болашақ» бағдарламасының стипендиясына, «НЗМ» ДББҰ қызметкерлері, мемлекеттік әкімшілік қызметінің «А» корпусының кадрлық резервіне, Ұлттық

қауіпсіздік комитеті академиясына, Президенттік жастар кадрлық резервіне, ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының магистратура және докторантурасына, ЖОО докторантурасына түсуші үміткерлердің міндетті түрде өтуіне қол жеткізілді.

Бүгінде «НЗМ» ДББҰ мұғалімдерін жұмысқа қабылдау кезінде немесе аттестаттаудан өту барысында міндетті түрде «ҚАЗТЕСТ» жүйесінің сертификаты талап етіледі. Сертификат болған жағдайда зияткерлік мектеп мұғалімдерінің еңбекақыларына үстемеақы қосу қарастырылған. Сол сияқты Ұлттық қауіпсіздік комитеті академиясы қызметкерлерінің аттестаттаудан өту барысында да мемлекеттік тілді білуі міндеттелген. Осы бағыттағы жұмыстар одан әрі жалғастырылатын болады.

2022 жылы 16 000 тест тапсырмасына ревизия жүргізіліп, қайта өңделді және диагностикалық тестілеуден 7464 мемлекеттік қызметші (2020 ж. – 2356, 2021 ж. – 8394 адам), 4536 бюджеттік сала (2020 ж. – 2644, 2021 ж. – 4021 адам) мамандары өтті. Бұл көрсеткіш өте төмен. Себебі «ҚАЗТЕСТ» жүйесі бойынша мемлекеттік органдардағы және ұлттық компаниялар қызметкерлерінің қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау үшін олардың тестілеуден ерікті түрде өтуі проблема болып отыр.

Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін меңгерудің ұлттық стандарты 2015 жылы бекітіліп, 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген. Осы «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері» ұлттық стандартында 16-70 жас аралығындағы ересектерге арналған қазақ тілін меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы әзірленді. Бірақ тілді үйрету үдерісінде, оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу барысында аталған стандарт негізге алынбайды. Осы тұрғыда тіл үйретуде бірізділік пен жүйелілікті сақтау үшін жалпы мемлекеттік ортақ жүйе қалыптастыру қажет.

Мемлекеттік тіл үйренушілерді ынталандыру мақсатында тіл оқыту орталықтары оқытушыларының арасында А.Байтұрсынұлы атындағы республикалық байқауы, мемлекеттік тілді жетік меңгерген этнос өкілдері арасында «Мемлекеттік тіл – тәуелсіздік символы», журналистер арасында «Мемлекеттік тіл және БАҚ», үш тілді меңгерген мемлекеттік қызметшілер арасында «Тіл шебері» республикалық байқаулары мен өзге ұлт өкілдерінің арасында «Мен қазақша сөйлеймін» акциясы өткізіліп келеді.

«Шетелдіктерге қазақ тілін оқытудағы цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері» тақырыбында өткен халықаралық біліктілікті арттыру онлайн-семинарына АҚШ, Германия, Испания, Польша, Түркия, Ресей, Иран Ислам Республикасы, Моңғолия, Өзбекстан, Қырғызстан секілді елдерден 100-ге жуық адам қатысты.

**Сонымен қатар әдістемелік қамтамасыз ету жұмысында мынадай проблемаларды шешу қажет етіледі:**

- қазақ тілін үйретудің ортақ жүйесі қалыптаспаған, сондықтан тіл үйретуде сабақтастықты сақтау қажет;

- тіл үйретудің ғылыми әдіснамасы әзірленбеген;
- қазақ тілін үйретуде халықаралық тәжірибелер баяу енгізілуде;
- барлық салада мемлекеттік тілді жетік меңгерген азаматтар үлесі төмен;
- қазақ тілін үйрету курстарына қатысушылардан тілді меңгеруі және қазақ тілінде жұмыс істеуі талап етілмейді;
- орталықтардың оқу-әдістемелік деңгейі және материалдық-техникалық базасы әртүрлі, бұл өз кезегінде тіл үйрету сапасына әсер етеді;
- тілдерді оқыту орталықтары оқытушыларының жалақысы өте төмен, бүгінгі күннің өмір сүру деңгейіне сәйкес келмейді;
- солтүстік аймақтарда тілдерді оқыту орталықтары аз, жоқ өңірлер де бар;
- мемлекеттік тілді үйрету әдістемесін жетілдіру аясында тиімді инновациялық тәсілдерге негізделген заманауи оқу құралдары, ІТ жобалардың қатары жеткіліксіз;
- ерекше қажеттіліктері бар азаматтардың мемлекеттік тілді оқып-үйренуіне жағдай қарастырылмаған, оқу әдебиеттері қолжетімсіз, мамандар тапшы;
- түрлі мамандықтар мен кәсіптер бойынша мемлекеттік тілдегі оқу әдебиеттері жетіспейді;
- мемлекеттік қызметшілер мен қызмет көрсету саласы т.б. қызметкерлерге қызметке орналасу барысында ҚАЗТЕСТ жүйесі арқылы тест тапсыру міндеттелмеген;
- этнос өкілдерінің мемлекеттік тілді үйренуге қызығушылығы төмен, тегін оқу курсына қатысатын этнос өкілдерінің қатары аз;
- еліміздегі этнос өкілдеріне тарихи отандарынан әдістемелік көмек көрсетілгенімен, жіберілетін оқу-әдістемелік құралдардың идеологиялық және қауіпсіздік тұрғысынан мазмұнын ешқандай орган тексермейді.

### **3-тарау. Лингвистикалық жұмыстар**

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мен реттеуде лингвистикалық жұмыстардың маңызы айрықша. Мұндай жұмыстар ғылыми-теориялық және практикалық мәселелердің өзара сабақтастығымен байланысты. Тілдік қатынастарды реттеуде ғылыми зерттеулердің нәтижелері кеңінен қолданылады. Сол арқылы тілдің қолданыс аясын кеңейтуге қол жеткізіледі. Мұндай мысалдарды терминология, лексикография, ономастика, әдеби тіл нормалары, әдістеме сияқты салалардан көруге болады. Қай тілдің болмасын дамуы, сондай-ақ мемлекеттік тілдің өзінің мәртебесіне лайық толыққанды қызмет атқарып, кеңінен қолданысқа түсу деңгейі ұлттық терминологияның дамуымен тығыз байланысты.

Еліміздің әлемдік кеңістікке шығуы, технологиялық, мәдени, ақпараттық қарым-қатынастар терминология саласына айрықша ықпал етті. Соған орай тіліміздің терминологиялық жүйесіне көптеген жаңа ұғымдар қосылды. Тілдегі жаңалықтар ағынын ғылыми тұрғыдан жүйелеп, терминологиялық қалыпқа түсіру – уақыт талабы. Өйткені тіл – қашан да қоғам өміріндегі әлеуметтік жағдайларға орай түрлі өзгерістерге түсіп, бейімделіп, екшеліп, сұрыпталып, жаңарып отыратын жанды процесс.

Мемлекеттік тілдің дамуы ғылымның дамуымен тікелей байланысты.

Қазіргі кезеңде қазақ тілі ғылым тілі ретінде толық қалыптаспай отыр. Оның негізгі себебі, әсіресе, жаратылыстану және техникалық ғылымдардағы еңбектердің басым көпшілігі орыс тілінде және қазақ тіліндегі еңбектердің де көбісі – орыс тілінен аударылған еңбектер. Бұл қазақ тілінің өзінің табиғи мүмкіндіктерін толық пайдаланып, ғылым тілі ретінде қалыптасуына кедергі келтіреді. Сол себепті қазақ тілін ғылым тілі ретінде қалыптастырудың тәсілдері қарастырылуы тиіс.

Қазіргі уақытта терминдердің бірыңғай электрондық базасына орналастырылған терминдер саны 383 мыңнан асады. Соның ішінде 1971 жылдан бері бекітілген терминдер – 35 680 бірлік. 2022 жылы қоғамдық гуманитарлық бағыттағы бекітілген 6039 терминге мониторинг жасалды.

2022 жылы терминология комиссиясы Ғылым және жоғары білім министрлігінің жанынан «Мемлекеттік терминология комиссиясы» деген жаңа атаумен қайта құрылды. Қазіргі уақытта Мемлекеттік терминология комиссиясында тұрақты негізде салалық терминдер қаралып, бекітіледі. Комиссия бекіткен терминдер ұсынымдық сипатта болғанына қарамастан, іс жүргізуде басшылыққа алынуда. Терминдерді бекітуге министрліктер жанынан құрылған салалық терминологиялық секциялар, кәсіби сала мамандары да тәуелсіз сарапшы ретінде тартылып отыр, жеке тұлғалар ұсыныс береді.

Комиссия шешімдерінің ұсынымдық сипатта болуы терминдерді біріздендіруге кедергі келтіріп отыр. Салалық терминологиялық комиссия топтарын құру мәселесінің қолданыстағы заңнамада қарастырылмауына байланысты жұмысты жүйелі түрде жүргізу мүмкіндігі шектеулі. Сондықтан бекітілген терминдердің мемлекеттік органдарда, меншік түріне қарамастан кәсіпорындар мен ұйымдардың барлығында, қоғамдық бірлестіктерде іс-қағаздарын жүргізуде, білім беру ұйымдарының оқу бағдарламаларында, көрнекі жарнамада бұрмаланбай, бірізді қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау қажет.

Осы ретте терминнің тек бір нұсқада қолданылуы, кірме терминдерді қабылдауды жүйелендіру, терминдер дефинициясының берілуін (ғылыми тұрғыдан негізделген база құру) қамтамасыз ету сияқты мәселелер шешілуі қажет. Бұл бағыттағы жұмыстар салалық терминологиялық жұмыстарды заңдастыру, тіл саласындағы уәкілетті органның терминология саласында

жұмыстарды жүргізуі бойынша құзыреттер қарастыру, нормативтік терминологиялық сөздіктер әзірлеумен қатар жүргізілуі тиіс.

Мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелерде іс жүргізу қазақ тілінде болғандықтан, салалық терминологиялық сөздіктерге деген сұраныс мәселесі өзекті. 2000 жылы 31 томдық және 2014 жылы 30 томдық салалық қазақша-орысша және орысша-қазақша терминологиялық сөздіктер жарық көрді. Соңғы сөздіктер сериясының әр томына 8-12 мың аралығында термин енгізілген. Бұл салалық терминологиялық сөздіктер қазақ терминологиясының, соның ішінде терминография саласының дамуына елеулі үлес қосты. Сөздіктер авторлық еңбек ретінде жарық көретіндіктен, бір терминнің бірнеше нұсқада қолданылуын кездестіруге болады. Сондықтан мектеп, ЖОО оқулықтарында, басқа да қолданыстарда терминдерді пайдалану бірізділікке түспеген. Сол себепті терминологиялық сөздіктерді біріздендіру және жалпы жүйелеу үшін ғылыми негізді автоматтандырылған жүйе құру керек. Бекітілген терминдерге мониторинг жасау, ғылыми негізделген терминологиялық база құру нәтижесінде терминдердің бірізді қолданысын қамтамасыз ететін, міндеттілік сипатындағы нормативтік терминологиялық сөздіктер әзірленуі тиіс. Сонымен қатар қолданыстағы заңнамада тілдерді дамыту саласындағы уәкілетті органның тіл нормаларын бекіту жөніндегі құзыреті қарастырылмаған. Осыған байланысты қазақ терминологиясындағы процестер, атап айтқанда, терминдердің қолданысы жүйеге келтірілмеген.

Қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамытуда сапалы ғылыми контенттің көлемін арттыру аса маңызды. Қазіргі уақытта «100 жаңа оқулық» жобасы іске асырылды. Халықаралық деңгейде танымал болған осы оқулықтардың аударылуы арқылы қазақ тіліне көптеген ұғымдар мен атаулар енді. Солардың ішінен әлеуметтік және бизнес салалары оқулықтары бойынша Мемлекеттік терминология комиссиясы 2022 жылы 516 терминді бекітті.

Жалпы 2018 жылдан бері ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясында астрономия, физика, философия, саясаттану, ұлттық банк, ғарыш, мәдениет, өнер, спорт, туризм, ұлттық қауіпсіздік, әскери сала, интеллект, әдебиет, лингвистика, сәулет өнері, құрылыс, фармацевтика, ауылшаруашылығы, биология салалары бойынша 14 450 термин (2020 ж. - 1476 термин, 2021 ж. – 2902 термин) бекітілді.

Лингвистикадағы іргелі салалардың бірі – корпустық лингвистика. Соған орай халықаралық деңгейде әртүрлі тілдердің ұлттық корпустары жасалуда. Мысалы, ағылшын, француз, чех, орыс және т.б. тілдердің ұлттық корпустары бар. Жалпы корпус – статистикалық дәйекті ақпаратты жылдам табуға мүмкіндік беретін іздеу механизмімен жабдықталған, цифрланған мәтіндері арнайы белгілер көмегімен өңделген инновациялық ақпараттық-анықтамалық жүйе.

Ұлттық корпустар тілді ана тілі немесе шет тілі ретінде үйрету үшін де маңызды. Әлемде оқулықтар мен оқу бағдарламалары корпусқа бағытталған. Ұлттық корпусты кәсібі бойынша қажеттілігі бар немесе тілдің құрылымы туралы білгісі келетін жұртшылық пайдаланады. Кез келген шетелдік азамат, оқушы, мұғалім, журналист, редактор және жазушы корпусты қолдана отырып, бейтаныс сөзді немесе грамматикалық форманы қолдану ерекшелігін тез және тиімді тексере алады.

Корпустағы мәліметтер арқылы тілдің даму эволюциясы, оның лексикасы мен грамматикасындағы, стиліндегі ішкі өзгерістері, мемлекеттік тілдің қолданылу өрісі туралы нақты ақпараттарға қол жеткізуге болады. Сонымен бірге терминдердің қолданыстағы тұрақтылығын ғылыми жағынан зерттеу үшін де қажет. Нәтижесінде ақпаратты іздеу, ауқымды материалдарды талдау, өңдеу, статистикалық мәліметтерді алу оңтайланады.

Қазіргі уақытта қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеу бойынша жасалған өнім [qzcorpus.kz](http://qzcorpus.kz), [qzcorpora.kz](http://qzcorpora.kz) сайттарына орналастырылды.

2022 жылдың қорытындысы бойынша А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты әзірлеп жатқан [qzcorpus.kz](http://qzcorpus.kz) сайтындағы Корпустағы мета белгіленім қойылған сөзқолданыс саны 30 млн.-ға жеткізілсе, [qzcorpora.kz](http://qzcorpora.kz) сайтындағы корпустың көлемі 13 млн. сөзқолданысқа жеткізілді. Тіл саясаты комитетінің тапсырысымен 2021-2022 жылдары корпус базасы 13 миллион сөзқолданысқа дейін толықтырылды. 2022 жылы қазақ тілінің ұлттық корпусына публицистикалық мәтіндер бойынша 12 миллион, ауызекі сөйлеу тілі ішкорпусына 1 млн. сөзқолданыс енгізілді. Мета және лингвистикалық белгіленімдер жасалып, болымсыз етістіктерді талдау функциясы қосылды. Ұлттық корпустың қорын көбейту жоғарыда жазылған тілдік мәселелерді шешуге негіз болатындықтан, қордың көлемін ұлғайту жұмыстарын үздіксіз, қарқынды жүргізу қажет.

Жалпы лингвистикалық жұмыстарды өз деңгейінде орындау тіл саясатының оңтайлы жүргізілуіне тікелей ықпал етеді.

**Лингвистикалық жұмыстар саласында мынадай проблемалар бар:**

- қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі әлеуеті толық ашылмаған;
- жаратылыстану және техникалық ғылымдар саласындағы қазақ тіліндегі еңбектердің көбісі – орыс тілінен аударылған еңбектер, бұл салаларда қазақ тілінде жазылған еңбектерді көбейту қажет;
- лингвистикалық жұмыстарды цифрландыру бағыттары кеңейтілмеген;
- кірме терминдерді игеру жолдары қайта қаралмаған;
- ғылыми негізделген терминологиялық база қалыптастырылмаған;
- нормативтік терминологиялық сөздіктер құрастыру жұмыстары жүргізілмеген;
- салалық терминологиялық жұмыс топтары мәселесі қолданыстағы заңнамада қарастырылмаған;



- тіл саласындағы уәкілетті органның терминология саласындағы жұмыстарды үйлестіру құзыреті қарастырылмаған.

#### **4-тарау. Деректемелер мен көрнекі ақпарат**

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтудің бір тетігі – деректемелер мен көрнекі ақпарат тілінің заң нормаларына сәйкес қолданылуы. Көрнекі ақпарат (баннерлер, бланкілер, маңдайшалар, хабарландырулар, жарнама, прејскуранттар, баға көрсеткіштері және т.б.) елдегі қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық жағдайға әсер ететін факторлардың бірі.

«Тіл туралы» Заңның «Деректемелер мен көрнекі ақпарат тілі» 21-бабы нормаларын жетілдіру мақсатында «ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне көрнекі ақпарат және діни қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 94-VII ҚР Заңы қабылданды. Осы Заң «деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндері орфография нормалары және мәтіннің теңтүпнұсқалы аудармасы сақтала отырып жазылады» деген бөлікпен толықтырылды. Заң аясында ҚР-ның 16 заңнамалық актісіне түзетулер енгізілді.

Тілдерді дамыту саласындағы уәкілетті орган тарапынан аталған Заңды түсіндіру жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыным әзірленіп, Астана, Алматы және Шымкент қалалары мен облыстық әкімдіктерге жұмыс бабында басшылыққа алу үшін жолданды. Өңірлерге тәжірибе алмасу, семинар, кеңес өткізу және әлеуметтік желі арқылы жыл бойы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«Тіл туралы» Заңның «Деректемелер мен көрнекі ақпарат тілі» 21-бабының сақталуы бойынша деректемелер мен көрнекі ақпаратта орын алатын бұзушылықтар мен қателерді түзету және олардың алдын алу мақсатында интернеттегі, әлеуметтік желілердегі, (Whatsapp, Telegram, Facebook, т.б.) жарияланымдарға тұрақты түрде мониторинг жүргізіліп келеді.

2022 жылы объектілер бойынша (жапсырма, көрнекі ақпарат, жарнама және т.б.) 190 өтініш түсті. Түскен өтініштер негізінде уәкілетті орган тарапынан тиісті жергілікті органдарға әдістемелік көмек көрсету бойынша ұсыныс берілді. Тиісті органдар кәсіпкерлік субъектілерімен дер кезінде шара қабылдау жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде 92 объектідегі ақпарат мәтіндеріне түзету енгізілді және олар орфография нормаларына сәйкестендірілді.

Тілдерді дамыту саласындағы уәкілетті органға 2022 жылы «e-Otinish» платформасы арқылы тіл туралы заңнаманың 21-бабы талаптарының бұзылуы бойынша 78 шағым түсті. Оның ішінде 24 шағым бойынша түзету

жұмыстары жүргізіліп, басқа шағымдарға қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес жауап берілді.

Жергілікті атқарушы органдар заңнама талаптарын түсіндіруге бағытталған іс-шараларды «Атамекен» ҰКП филиалдарының және басқа да үкіметтік емес ұйымдардың, тіл жанашырларының әлеуетін пайдалану арқылы жұртшылыққа, кәсіпкерлер қауымдастығы арасында жүргізді.

Жалпы барлық өңірлерде көрнекі ақпарат мәтіндерінің орфографиялық нормаға сәйкес жазылуын үйлестіру мақсатында тегін кеңес беретін «жедел желі» (Call-center) қызметі ұйымдастырылды.

Астана, Алматы қалалары, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Жамбыл және Маңғыстау облыстарының әкімдіктері «Атамекен» ҰКП-ның жергілікті жерлердегі құрылымдық бөлімшелері арасындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандум негізінде жұмыс жүргізеді. Осы тәжірибе барлық өңірлерде жалғастырылып келеді.

2020 жылы елімізде жарияланған пандемияға қатысты жаппай шектеулерге байланысты зерделеу жұмысы жүргізілмеді. Соңғы екі жылда жүргізілген мониторинг нәтижесі бірқатар өзгерістердің орын алғанын көрсетті. 2021 жылы көрнекі ақпараттарды заң нормасына сәйкестендіру мақсатында 12 860-тан астам рейд, акция жүргізіліп, нәтижесінде 117 773 көрнекі ақпарат нысанының 104 400-ге жуығына заңға сәйкестендіру туралы ұсыным берілді.

2022 жылы 61 059 көрнекі ақпаратқа зерделеу жұмысы жүргізілді. Нәтижесінде 15 764 көрнекі ақпаратта кемшіліктер анықталып, оның 14 223-не ұсынымдар беріліп, түзету енгізілді.

Ақпараттық сүйемелдеу бойынша республикалық және өңірлік БАҚ беттерінде заң нормаларын түсіндіру бағытында жұмыстар тұрақты түрде жүргізілуде. 2022 жылы өңірлердегі БАҚ-та және әлеуметтік желілерде Ақтөбе облысында – 292, Қарағанды – 243, Түркістан – 182, Ақмола – 173, Қостанай – 102 материал жарияланған.

Көрнекі ақпараттарды орналастыруды жүзеге асыратын субъектілердің қызметіне жүргізілген талдау заң нормаларының жиі бұзылатындығын көрсетті. Бұл бұзушылықтар деректемелер мен көрнекі ақпараттардың тек бір тілде орналастырылуымен (әдетте, орыс тілінде), деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндері аудармасының мағынасы мен мазмұны бойынша сәйкес келмеуімен, орфографиялық қателердің орын алуымен тығыз байланысты.

Уәкілетті органда және жергілікті атқарушы органдарда заңнамалық құзыреттің болмауына байланысты тіл саласындағы заң бұзушылықтарды тікелей анықтауға және шұғыл шешім қабылдауға, әрекет етуге мүмкіндік жоқ.

ҚР Кәсіпкерлік кодексінде және «Тіл туралы» Заңда жергілікті атқарушы органдардың деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігінде тіл заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізу

функциясы қарастырылмаған. Бұл функцияның болмауына байланысты көрнекі ақпарат мәтінде орфографиялық норманың сақталуы және мәтіннің тең түпнұсқалы аудармасын сақтап жазу нормалары бұзылуда. Осы ретте маңдайшалар мен сыртқы (көрнекі) жарнама мәтіндерін орналастыру кезінде кемшіліктерді болдырмаудың алдын алу мақсатында хабарлама тәртібін енгізу бойынша жергілікті атқарушы органдарға құзырет беру маңызды. Хабарлама тәртібін енгізу туралы түзетулер «Тіл туралы» Заңның 21-бабына енгізілген жаңа норманың, атап айтсақ, тіл нормаларын сақтай отырып жазуға, сонымен қатар көрнекі ақпарат саласындағы бұзушылықтардың және қоғамдық резонанстың алдын алуға ықпал етеді.

«Тіл туралы» Заң талаптарының орындалуын қадағалауда жеке тұлғалар тарапынан түскен өтініштердің маңызы зор. Қоғамдағы заң бұзушылықтардың алдын алуда жеке азаматтар бастамасы маңызды күшке айналып отыр. Осы ретте 2021 жылдан бастап азаматтарға қолдау көрсету мақсатында «Сауатты жарнама – тіл абыройы» республикалық байқауы өткізіліп келеді.

**Сонымен қатар деректемелер мен көрнекі ақпарат саласында жүйелі шешімдерді қажет ететін проблемалар да орын алуда:**

- Кәсіпкерлік кодексте және «Тіл туралы» Заңда жергілікті атқарушы органдардың деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігінде тіл заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылау функциясы қарастырылмаған;

- көрнекі ақпарат мәтіндерінде орфографиялық норманың сақталуын және мәтіннің теңтүпнұсқалы аудармасының жазу нормасына сәйкестігін тексеріп-түзейтін арнайы хабарлама тәртібі енгізілмеген;

- жергілікті атқарушы органдар тарапынан ақпараттық түсіндіру жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілмейді.

## **5-тарау. Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру**

Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиіне көшу қазақ тілінің төл табиғатына сай жаңа жазу ережелерін, орфографиялық нормаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осындай лингвистикалық қажеттілікпен бірге қазақ тілінің қазіргі заманғы технологияларға бейімделуі, халықаралық танымалдылығы артады. Сонымен бірге түркітілдес халықтармен интеграцияға түсу мейлінше жеңілдейді.

Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселесінде «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы, «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру

туралы» ҚР Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығы, Мемлекеттік бағдарлама негізге алынды.

Осы уақытқа дейін қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия жанынан құрылған Орфографиялық жұмыс тобының отырыстарында лингвистерден, жалпы ғалымдардан, азаматтардан келіп түскен латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің 40-тан астам нұсқасы қаралды және ғылыми-сараптамалық жұмыстар жүргізілді.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, ЖОО және Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» орталығының ғалымдары оқушылар, студенттер, магистранттар мен докторанттар, тіл және басқа да сала мамандары арасында әліпби таңбаларына қатысты апробация жұмыстарын жүргізді.

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жұмыстары барысында қазақ тілінің емле ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Латын графикасына негізделген қазақ емлесінің негізгі ережелерінің жобасын әзірлеуде бұған дейінгі ережелер, сондай-ақ қазақ жазуының қолданыстағы тұрақталған нормалары ескерілді.

Қазақ тілі емлесінің негізгі ережелерінің жобасы қоғам арасында талқыланып, жан-жақты сараптамадан өткізілді, республика бойынша 5 млн-нан аса адам қамтылды.

Латын әліпбиін әзірлеудің халықаралық тәжірибелері, әсіресе, оның ішінде түркітілдес халықтардың әліпбилері сарапталды.

Ғылыми және практикалық жұмыстардың нәтижесінде лингвист ғалымдар қазақ жазу дәстүрінде қалыптасқан «бір дыбыс – бір таңба» принципіне негізделген әліпби жобасын әзірледі. Бұл әліпби жобасы 1991 жылы түркі тілдеріне арналған біріздендірілген әліпбиді әзірлеу жөніндегі Ыстамбұл Халықаралық симпозиумы ұсынған Ортақ түркі әліпбиінің принциптеріне сәйкес келеді.

Жаңа әліпби негізіндегі ортологиялық кодификациялық басты лингвистикалық құралдар болып табылатын Емле анықтағышының және Емле сөздігінің жобалары әзірленді. Емле сөздігі қазіргі қазақ тіліндегі 114 мың сөз, сөзформа және сөз тіркесінің орфограммалануын көрсететін кирилл және латын әліпбилеріндегі параллель сөздік түрінде дайындалды.

Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру жұмыстары қазақ әліпбиі мен емле ережесі тиісті нормативтік құжаттармен бекітілгеннен кейін кезең-кезеңімен іске асырылатын болады.

**Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселесінде мынадай проблемалар бар:**

- қазақ әліпбиі мен емле ережелері тиісті нормативтік құжаттармен бекітілмеді;
- кейбір ғалымдардың, қоғам мүшелерінің әліпби құрамындағы кейбір таңбаларға байланысты пікір алшақтығы бар;

- қоғамның тілдік әркелкілігіне байланысты латын әліпбиін енгізу ұзақ мерзімге созылуы мүмкін;
- латын әліпбиін енгізу төңірегінде БАҚ-та оны қабылдаудың жағымсыз тұстары жөнінде субъективті пікірлер көп.

### **6-тарау. Тіл заңнамасының сақталуын бақылау**

«Тіл туралы» Заң елімізде тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді, Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді.

Тіл саясаты саласындағы уәкілетті орган «Тіл туралы» Заңның 25-бабы 3) тармақшасына сәйкес орталық және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарында ҚР-ның тіл туралы заңдарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

2020, 2021 жылдары пандемияға, сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы органдардың қашықтан жұмыс істеуге көшуіне байланысты профилактикалық бақылау өткізілген жоқ. 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында профилактикалық бақылау жоспарланған 41 мемлекеттік органның 21-не жүргізілді.

Тексерудің нәтижесі бойынша 21 мемлекеттік органға Заң талаптарының сақталмауына байланысты «Бұзушылықты жою туралы» ұйғарым шығарылды.

Профилактикалық бақылау «ҚР-ның тіл туралы заңнамасын қолдану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары және тексеру парағын бекіту туралы» Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №20 және Ұлттық экономика министрінің 9 ақпандағы №65 бірлескен бұйрығына сәйкес 9 талап бойынша жүргізілді.

Профилактикалық бақылау кезінде қаржы саласындағы құжаттардың, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу құжаттары, іс-қағаздар, нормативтік-құқықтық актілер тек орыс тілінде ғана әзірленетіні анықталды. Кәсіпкерлік Кодекстің 152-1-бабына сәйкес осы талаптарды сақтамағаны үшін 20 мемлекеттік органға орын алған кемшіліктерді жою туралы ұйғарым табыс етіліп, олар қалпына келтірілді.

2022 жылдың басында пандемияға байланысты мемлекеттік органдар қашықтан жұмыс істеу режиміне көшірілуіне, сондай-ақ қаңтар оқиғасының орын алып, елде төтенше жағдайдың жариялануына байланысты 20 мемлекеттік органға (17 орталық орган және 3 аумақтық әкімшілік басқармалар) профилактикалық бақылау жұмыстары жүргізілмеді. Аталған орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарды 2023 жылы жүргізілетін профилактикалық бақылаудың тізіміне қосу жоспарланды.

Сонымен қатар 2022 жылдың екінші жартыжылдығында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізудің тізімі Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 6 мамырдағы №186 бұйрығымен бекітіліп, 30 мемлекеттік органға профилактикалық бақылау жұмысы толығымен өткізілді.

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы шеңберінде және осы Жолдауды іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық жоспар шеңберінде «Реттеуді таза парақтан» енгізу тапсырылды. Жолдауды іске асыру үшін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеуші саясатты енгізу және Ішкі істер органдарының жекелеген функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №95-VII ҚР Заңы әзірленіп, қабылданды.

Осы Заңмен кәсіпкерлік қызметті реттеу жүйесіне, оның ішінде мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесіне өзгерістер енгізілді. Жаңа реттеуші саясатты іске асыру мақсатында кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін мемлекеттің бақылау-қадағалау қызметін реттеу мәселелері бойынша салалық нормативтік құқықтық актілерді сәйкестендіру қажет.

Аталған заң аясында мемлекеттік органдар тарапынан өткізілетін тексеру және профилактикалық бақылау мәселесіне тиісті өзгерістер енгізілді. Ендігі кезекте кәсіпкерлік қызметін тексермейтін мемлекеттік органдар өздерінің салалық заңдарына тексеру жүйесін енгізіп, кейін сол арқылы мемлекеттік органдарға тексеруге шығуға мүмкіндік болады.

Ұлттық экономика министрлігінің «таза парақтан» кәсіпкерлік қызметті реттеу туралы қабылданған заңын іске асыру үшін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасы әзірленді. Бұл заң жобасы бақылауды жүзеге асыру жөніндегі салалық заңдарды, оның ішінде «Тіл туралы» Заңға мемлекеттік органдарды тексеру тәртібін қарастыруға бағытталған бірқатар түзетулерді сәйкестендіру бөлігін қамтиды.

**Тіл заңнамасының сақталуын бақылау мәселесінде мынадай проблемалар бар:**

- орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда қаржы саласындағы құжаттардың мемлекеттік тілдегі үлесі төмен;
- орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда ішкі құжат айналым орыс тілінде жүргізіледі, бұл құжат айналымының мемлекеттік тілдегі үлесінің төмендеуіне жол беріп отыр;
- мемлекеттік сатып алу жұмыстары бойынша тиісті құжаттар орыс тілінде әзірленеді;

- мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың ресми сайттарына мемлекеттік тілдегі ақпараттар уақытында орналастырылмайды, сондай-ақ олардың сауаттылығына мән берілмейді, орыс тілінде орналастырылған ақпараттың көлемі қазақ тілінде орналастырылған ақпараттың көлемімен сәйкес келмейді немесе қазақ тіліндегі бөлімдерге орыс тіліндегі ақпараттар орналастырылған.

## **7-тарау. Тіл – қоғамдық қатынастар саласында**

Тіл заман ағымына қарай жаңарып, үздіксіз дамып отыратын құбылыс, оның дамуына серпін беретін салаларды да назардан тыс қалдырмағанымыз жөн. Өйткені қоғамдық қатынастар салаларында тілге қатысты қордаланған мәселелер аз емес.

### **Білім беру жүйесінде**

Білім беру ұйымдарында тіл саясаты ҚР Конституциясына және «Тіл туралы» Заңға сәйкес жүзеге асырылады. Білім алушылардың ана тілінде оқу құқығы тиісті білім беру ұйымдарын, сыныптарды, топтарды құрумен, сондай-ақ олардың жұмысымен қамтамасыз етіледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясат мектепке дейінгі жастағы балалардың сапалы білім алуға қол жеткізуін қамтамасыз етуге және тең бастапқы мүмкіндіктер жасауға бағытталған.

Мектепке дейінгі ұйымдар (бұдан әрі – МДҰ) желісінің жыл сайынғы өсуі байқалады. МДҰ желісін талдау 2021 жылмен салыстырғанда 233 бірлікке ұлғайғанын көрсетті және 965 204 баладан асатын контингентпен 2022 жылы 11 104 бірлікті (2020 ж – 10 650 бірлік, 2021 жылы – 10 871 бірлік) құрады. МДҰ-ны, оның ішінде мемлекеттік тілде оқытатын топтарды құру басым бағыт болып табылады. МДҰ-дың 66,9%-і қазақ тілінде тәрбие береді (2020 ж. - 65%, 2021 ж. – 65,5%). Тәрбие процесі 7436 МДҰ-да мемлекеттік тілде және 2155-де аралас тілдерде (қазақ және орыс) жүргізіледі. Оларда 742 832-сі (76,9%) – қазақ топтарының (2020 ж. – 665 169 (68,9%), 2021 ж. – 700 795 бала (72,6%), 221 047 (22,9%) орыс топтарының, 1325-сі (0,2%) – басқа тілдерде тәрбиеленушілер. Сонымен қатар мемлекеттік тілді меңгеру мақсатында педагогке күні бойы балалармен бірге үлгілік бағдарламада айқындалған сөздік минимумын (жасы бойынша), тәрбиеленушілердің балалар қызметінің бірнеше түрлерінде ауызша сөйлеуін дамытуды, сондай-ақ қазақ халқының мәдениеті, әдет-ғұрпы және салт-дәстүрімен танысуды, сөздік қорын байытуды, сондай-ақ сөйлеу нормаларын, қарым-қатынас мәдениетін меңгеру ұсынылады.

«Білім туралы» Заңға сәйкес жалпы орта білім беру ұйымдарында орта білім беру қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде жүргізіледі. Меншік нысанына қарамастан барлық білім беру ұйымдарында білім алушылардың қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білуі, сондай-ақ тиісті білім деңгейінің

Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес орыс тілін және шет тілдерінің бірін үйренуі қамтамасыз етіледі.

Бүгінгі күні жалпы білім беретін мектептер саны – 6909 мектеп (2020 ж. – 6957, 2021 ж. – 6941), оның 3743-ы (54,2%) қазақ, 1055-і (15,3%) – орыс, 2106-сы (30,5%) аралас тілде, 5-і (0,07%) – ұйғыр тілінде білім береді. Аталған мектептерде 2022-2023 оқу жылында барлығы 3 484 139 оқушы білім алса, оның 2 307 960-ы (66,2%) қазақ тілінде, 1 077 915-і (31,0%) орыс тілінде, 98 264-і (2,8%) өзге тілдерде оқиды (2020-2021 оқу жылында барлығы – 3 368 702 бала, оның ішінде қазақ тілінде – 2 223 455 (66 %), орыс тілінде – 1 041 909 (30,9 %), ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде – 103 338 (3,1%). Бұл жыл сайын қазақ тілінде білім алушылармен қоса, ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде білім алатын балалар санының өсіп келе жатқанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, білім беру ұйымдарындағы ұлты қазақ балалар саны – 2 815 736 (80,8%), оның ішінде орыс тілінде білім алатындар саны – 472 026 (16,8 %). Бұл әлі де болса ата-аналардың өз балаларының ана тілінде білім алуына бетбұрыс жасамауында.

2022-2023 оқу жылында 1-ші қазақ сыныбына, яғни мемлекеттік тілде оқуға қабылданған білім алушылардың саны 70%-ті құрады (2020-2021 оқу жылы – 62,4 %, 2021-2022 оқу жылы – 67,3 %). 1-сынып оқушыларының ең көбі – Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстары мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларында. Қазақ тілінде оқытатын сыныптарға қамтудың жоғары көрсеткіші Қызылорда (91,4%), Маңғыстау (85,7%), Ұлытау (78,9%), Жамбыл (78%), Түркістан (78,3%) облыстарында тіркелді. Екі ірі мегаполисте Астана (55,5%) мен Алматыда (51,9%) қазақ сыныбына барған балалардың үлесі салыстырмалы түрде орташа екендігі байқалады. Ал ең төмен көрсеткіш Қостанай (25,8%), Солтүстік Қазақстан (22,8%) облыстарына тиесілі.

Білім алушылар «Қазақ тілі» және «Орыс тілі» пәндері бойынша қорытынды аттестаттауды өткізу талаптарына сәйкес 9,11-сыныптарда мемлекеттік емтихан тапсырады.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде (ТЖКБ) 772 колледжде 517 337, оның ішінде 162 колледжде қазақ тілінде 72 581, 73 колледжде орыс тілінде 17 306, қалған 548 колледжде аралас тілде 427 450 білім алушылар оқиды.

Қазақ тілінде білім алушылардың жалпы саны – 312 519 (60,4%) (2020 ж – 278 512, 2021 ж. – 289 018); орыс тілінде – 203 400 (39,3%) (2020 ж – 195 940, 2021 ж. – 198 412); ағылшын тілінде – 1 323 (0,25%) (2020 ж. – 1411, 2021 ж. – 1343); 95 (0,01%) (2020 ж. – 97, 2021 – 96) білім алушы ұйғыр тілінде білім алып отыр. Талдау қазақ тілінде білім алушылардың саны жыл сайын артып отырғанын көрсетті. Бұған техникалық және кәсіптік мамандықтарды және жұмысшы мамандығын алушылардың арасында



мемлекеттік тілде білім алушылардың таңдауының жылдан-жылға артуы дәлел болады.

Білім алушылар тілдік заңдылықтар негізінде қазақ тілін біле отырып, өмірлік қажеттіліктердегі коммуникативтік іс-әрекет түрінде қазақ тілін сауатты қолдану дағдыларын меңгереді. Сонымен қатар 2021 жылдан бастап «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемесі» республикалық конкурсы өткізіліп келеді. Іс-шара мемлекеттік тілді оқытудың тиімділігін арттыру және қазақ тілінен басқа тілде жүргізетін топтарға қазақ тілін оқытудың үздік авторлық әдістемелерін анықтау мақсатында өткізілді.

Қазіргі уақытта республикада 119 ЖОО бар. 2022-2023 оқу жылында қабылдау – 182 167 адам санын (2020-2021 оқу жылында – 172 811, 2021-2022 оқу жылында – 179 769 адам), мемлекеттік тапсырыс бойынша 69 397 адам санын (2020-2021 оқу жылында – 59 840, 2021-2022 оқу жылында – 64 063 адам) құрады.

Білім беру гранттары және стипендиялық бағдарламалар бойынша стипендиялар ұлтына қарамастан ҚР азаматтарына беріледі.

ЖОО-да 2022-2023 оқу жылында 626 208 студент оқиды, оның ішінде қазақ тілінде 377 467 (60,3%), орыс тілінде 155 16, ағылшын тілінде 45 380 студент білім алуда (2020-2021 оқу жылында – 624 263, оның ішінде қазақ тілінде – 373 951 (64,8%), орыс тілінде – 170 653, ағылшын тілінде – 31 910 адам, 2021-2022 оқу жылында – 623 839, оның ішінде қазақ тілінде 371 123 (64,5%), орыс тілінде – 166 894, ағылшын тілінде – 37 144 адам).

Білім беру саласында қазақ тілін дамытуға қатысты өзекті проблемалар бар. Қазіргі таңда білім беру мекемелерінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес білім беру деңгейлері бойынша оқу қазақ тілінен басқа тілдерде білім беретін мектептерде мемлекеттік тілді оқып үйренуге жеткілікті түрде сағат саны бөлінген. Дегенмен мектеп бітіруші түлектер мемлекеттік тілді қарапайым деңгейде ғана меңгеріп шығады. Себебі білім беру ұйымдарында тілдерді оқыту мәселесінде білім беру деңгейлері арасында сабақтастықтың жоқтығы байқалады. Соның нәтижесінде білім алушы мектепте алған білімін колледжге және ЖОО-ға оқуға түскенде тағы да қайталап оқуға мәжбүр болады. Негізгі себебі – Қазақстанда мемлекеттік тілді үйретудің ортақ жүйесінің қалыптаспауында.

Бүгінгі күні колледж студенттерінің 60%-і мемлекеттік тілде білім алатынына қарамастан, қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің үлесі 30%-ті құрайды. Педагогтер мен студенттер колледждерде бар оқулықтар мен әдебиеттерді қазақ тіліне өз бетінше аударып, оқу үдерісінде қолдануға мәжбүр болып отыр. ЖОО-да, әсіресе, инженерия, әлеуметтік ғылымдар, бизнес және басқару салалары бойынша қазақ тілінде оқулықтардың жетіспеушілігі байқалады.

Жаратылыстану және техникалық мамандықтарға арналған оқулықтардың басым көпшілігі орыс тілінен аударылғандықтан, сапасы сын көтермейді. Осындай себептен аталған мамандықтарды таңдаған жастар қазақтілді емес, орыстілді бөлімдерге баруға мәжбүр. Сондықтан мемлекеттік тілде мамандар даярлаудың сапасын арттыру – оқулықтардың сапасын арттыруға тікелей байланысты болып келеді.

### **Ғылымда**

Тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, тіл – ғылым. Ал ғылым дамуға жол ашады. Жыл сайын ана тілімізді ғылым тіліне айналдыру мақсатында мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдегі рөлін күшейтуге бағытталған жүйелі шаралар жүргізіліп отыр.

Тіл білімі саласында 2018-2021 жылдар аралығында гранттық және бағдарламалы-мақсатты қаржыландыру аясында 92 ғылыми-зерттеу жүзеге асырылды. Оның ішінде, 47-і – іргелі, 45-і – қолданбалы.

2022 жылы гранттық қаржыландыру шеңберінде тілтану бойынша 32, әдебиет бойынша 7, ал бағдарламалық нысаналы қаржыландыру шеңберінде тілтану бойынша 3 жоба жүзеге асырылды.

2022 жылы 250 диссертация қорғалса, оның ішінде «Жаратылыстану» – 106, «Инженерлік-техникалық» – 69, «Әлеуметтік гуманитарлық» бағыттары бойынша – 75. Жалпы қорғалған диссертациялардың 90-ы немесе 36%-і ғана қазақ тілінде, орыс тілінде – 157 немесе 62,8%-і, ағылшын тілінде – 3 немесе 1,2%-і (2020 жылы қорғалған диссертациялардың саны – 156, оның ішінде қазақ тілінде 47 (30,1%), орыс тілінде – 107 (68,7%), ағылшын тілінде – 2 (1,2%); 2021 жылы қорғалған диссертациялардың саны – 191, оның ішінде қазақ тілінде 81 (42,4%), орыс тілінде 108 (56,5%), ағылшын тілінде – 2 (1,04%). Статистикалық деректер қазақ тілінде қорғалған диссертациялардың үлесі төмен екенін көрсетті.

Бүгінгі күні Уикипедия ашық энциклопедиясының барлық бөлімдерінде 329 тілде 60 442 357 мақала енгізілген. Қазақ тіліндегі мақала саны – 232 820, бұл жағынан қазақ тілі 45-орында. Қазақ тіліндегі контенттің сапасын арттыру қажет.

Қазақ тіліндегі ғылыми ақпарат көлемі мен сапасының артуы ұлттық сананы нығайтады. Бұл үшін ғылыми айналымдағы мәтіндер мемлекеттік тілде әзірленіп, ғылыми ортадағы коммуникация мемлекеттік тілде жүзеге асырылып отыруы керек.

### **Бұқаралық ақпарат құралдарында**

Еліміз егемендікке қол жеткізгеннен бері әлемдегі саяси, экономикалық, қоғамдық орынға ие болды. Дүниежүзіне мәдениетіміз бен ұлттық құндылықтарымызды таныту үшін бұқаралық ақпарат құралдарының (бұдан әрі - БАҚ) теңдессіз үлесі бар. Қазақстанның әлемдік өркениет алдындағы экономикалық, мәдени және әлеуметтік жағынан дамуы үшін оларды танытатын БАҚ-тың маңызы айрықша.

«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» ҚР Заңына сәйкес БАҚ мемлекеттік және басқа тілдерде таратылады. Мемлекет «Тіл туралы» Заңға сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарын алу және тарату кезінде әркімнің ана тілін пайдалану құқығын қамтамасыз етеді.

Қажетті тілдік ортаны құру және мемлекеттік тілдің толыққанды жұмыс істеуі мақсатында теле-радиоарналар бойынша бағдарламалардың көлемі, олардың меншік нысанына қарамастан, мемлекеттік тілдегі шығарылымы уақыт бойынша басқа тілдердегі бағдарламалардың жиынтық көлемінен кем болмауға тиіс.

«Телерадио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңында отандық теле-радиоарналардың теле-радиобағдарламалары қазақ және басқа тілдерде таратылатыны, ал қазақ тіліндегі теле-радиобағдарламалардың апта сайынғы көлемінде уақыт бойынша басқа тілдерде теле-радиобағдарламалардың жиынтық көлемінен кем болмайтыны белгіленген. Сонымен қатар «Жарнама туралы» ҚР Заңына сәйкес еліміздің аумағындағы жарнама (мерзімді баспасөз басылымдарын, интернет-ресурстарды, ақпараттық агенттіктерді қоспағанда) қазақ және орыс тілдерінде, сондай-ақ жарнама берушінің қалауы бойынша басқа да тілдерде қолданылады.

Қазіргі уақытта дәстүрлі БАҚ-та материалдар мен жарнамаларды тарату кезінде тілдік тепе-теңдікті сақтау заңнамалық түрде бекітілген.

Ұлттық идеяның генераторы – қазақтілді БАҚ. Бүгінгі жаһандану заманында ақпарат кеңістігінің негізгі бөлігі болып отырған қазақтілді газет-журнал, телеарна, радио және интернеттің алатын орны ерекше. Мемлекеттік тілді жалпыхалықтық қолданыс тіліне айналдырудың қайнар көзі – қоғамдық сана қалыптастырушы БАҚ өкілдері екендігі анық.

2022 жылы республикадағы БАҚ-тың жалпы саны – 5407 (2020 ж. – 4655, 2021 ж. – 4998), оның ішінде тіркелген газет-журналдар саны – 3779, телеарналар – 194, радиолар – 85, ақпарат агенттіктері мен желілік басылым – 1062 (588 – ақпарат агенттігі, 474 – желілік басылым).

Отандық БАҚ саны – 5120 (2020 ж. – 4395, 2021 ж. – 4726), шетелдік БАҚ – 287 (2020 ж. – 260, 2021 ж. – 272). Олардың ішінде қазақ тілінде – 710 (13,9%), орыс тілінде – 858 (16,8%), қазақ-орыс тілдерінде – 1969 (38,5%), үш және одан көп тілде – 1583 (30,9%) БАҚ жұмыс істейді. Бұл таза мемлекеттік тілдегі БАҚ үлесінің төмен екендігін білдіреді. Басымдылық қазақ-орыс тілдеріндегі БАҚ-тың үлесіне тиесілі.

Қазақ тіліндегі БАҚ контентінің үлесі 2022 жылы – 83%-ті құрады (2020 ж. – 74 %, 2021 ж. – 81 %). Оның ішінде телеарналардағы контент – 77%, баспа басылымдарда – 85% және интернет-ресурстарда – 87%. Яғни мемлекеттік тілдің коммуникативтік функциясы нығайып, мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының контентінде, электрондық БАҚ-тағы үлесі артты.

Мемлекеттік БАҚ эфирінде мемлекеттік тілдегі жаңа тележобалардың саны артты. Балалар мен жұртшылыққа қазақ тілін үйретуге арналған анимациялық фильмдер топтамасы әзірленіп, интернет-ресурстарда орналастырылды. Сонымен қатар қазақтілді «e-history.kz», «adebiportal.kz», «el.kz», «baq.kz» секілді сайттарда қазақ тіліндегі материалдар заманауи форматтағы бейнежазбалар, аудиоподкастар түрінде оқырмандарға қолжетімді.

Зерттеу деректеріне сүйенетін болсақ, интернет-ресурстардан ақпарат алу үшін респонденттердің 92%-і мемлекеттік тілді меңгерсе де, 53,3%-і орыс, 24,7% қазақ және орыс, 21,2%-і қазақ тілдерінде пайдаланатыны анықталды. Әлі де көрерменнің, оқырманның, тыңдаушының мемлекеттік тілде сапалы ақпарат алу үшін әртүрлі тақырыптарда, бағыттар мен форматтардағы сұраныстарын қанағаттандыратын интернет-контентті құру және дамыту мәселесі өзекті болып отыр. Себебі бұл көрсеткіштер қазақтілді БАҚ көлемінің ұлғайғанына қарамастан, оны тұтынушылар санының әлі де аз екенін көрсетті.

### **Сот ісінде**

«Тіл туралы» Заңның 4-бабына сәйкес мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу тілі. Сонымен қатар ҚР Азаматтық-процестік, Қылмыстық-процестік, Әкімшілік рәсімдік-процестік және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерінің негізінде сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі. Алайда сот-құқық жүйесіндегі қазақ тілінің жағдайы өз деңгейінде емес.

Тәуелсіздік алған жылдары әзірленген заңдардың басым бөлігі орыс тілінде әзірленіп, қазақ тіліне аударылған. Олардың аудармалары сапасыз, сөздері түсініксіз болып, терминдер әр мәтінде әртүрлі мағынаға ие болған. Сол себепті азаматтар заңдардың орыс тіліндегі нұсқасына жүгінеді. Бұл мемлекеттік тілдің заң, жалпы құжаттарды әзірлеу тіліне айналмай отырғанын көрсетеді.

2022 жылы соттарда 776 616 іс қаралса (2020 ж. – 712 808, 2021 ж. – 707 733), оның 256 571-і (33%) ғана (2020 ж. – 209 436 (29 %), 2021 ж. – 225 040 (32%) мемлекеттік тілде қаралған. Азаматтық істер бойынша 552 219 талап арыз бен іс түссе, соның 428 816-сы ғана (28%) қазақ тілінде (2020 ж. – 110 928 (22 %), 2021 ж. – 120 875 (22%)). Әкімшілік істер бойынша барлығы 28 849 арыз түссе, оның қазақ тіліндегі үлесі 4 488 (16%) құрайды (2021 ж. – 14 480 + 139%). Есепті кезең ішінде соттарда барлығы 30 853 қылмыстық іс қаралды. Оның тек 13 543-і ғана – қазақ тілінде (44%) (2020 ж. – 14 467 (39 %), 2021 ж. – 13 272 (41%)). Әкімшілік құқық бұзушылық бағытында 324 462 іс қаралды. Соның 133 955 (41%) – мемлекеттік тілде (2020 ж. – 97 425 (35%), 2021 ж. – 110 996 (38%)). Нәтижесінде сотқа жүгінетін халықтың басым бөлігі орыс тілін таңдайтындығын, сондай-ақ ұсынылған

статистикалық деректердің сотқа мемлекеттік тілде түскен істер үлесінің төмендігін көрсетті.

Соттар тілге қатысты позициясын жеке қаулы шығару арқылы көрсетеді. 2022 жылы тіл заңнамасын бұзғаны үшін мемлекеттік мекемелердің басшыларына, прокурорларға, тергеушілер мен адвокаттарға қатысты 433 жеке қаулы шығарды. Сот-құқық жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылуына қатысты проблемалар бар екені анық. Заңдардың бірден қазақ тілінде әзірленбеуіне, сондай-ақ мемлекеттік тілдегі нұсқалары түсініксіз болып келуіне байланысты, заңгерлер заңдардың орыс тіліндегі нұсқасына жиі жүгініп, қазақ тіліндегі нұсқасын қолданбайды. Мемлекеттік органдар мен мекемелер сотқа талап арыздарды жолдауда орыс тіліне басымдық береді.

Заң шығару, құқық қорғау жүйесінде орыстілді мамандардың үлесі басым. Салада қазақтілді білікті мамандар да жеткілікті. Өкінішке қарай құқық қорғау, сот жүйесіне кадрларды іріктеу кезінде мемлекеттік тілді білу деңгейі талап етілмегендіктен, қазақтілді білікті мамандардың жұмысқа орналасуы қиындық туғызады.

#### **Ақпараттық технологияларда**

Қазақстанның цифрлық трансформация арқылы тиімді мемлекеттік басқаруы бар, сенімді деректер негізінде шешім қабылдайтын, сондай-ақ цифрлық дәуірде инфрақұрылымды тиімді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы қабылданып, іске асырылып келеді. Сонымен қатар Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш министрлігі Astana Hub технопаркімен бірлесіп ұйымдастырған қазақ тілін дамытуға бағытталған IT-стартаптардың Qaz Startup Battle сайысына 13 IT-компания өз өнімдерін ұсынды. Соның ішінде қазақ тіліндегі жазбаша мәтінді тану бағдарламасы, қазақша онлайн-курстар платформасы, шетелдік шығармалардың қазақша аудионұсқасының қосымшасы, қазақстандық авторлардың аудиокітаптар мобильдік қосымшасы, қазақтілді аудиторияға ағылшын тілін үйрету сервисі және т.б. стартаптар бар. Мұндай бастамаларды қолдау аса маңызды.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш министрлігінің бастамасымен iPhone смартфонның жаңа iOS 16 операциялық жүйесіне автотүзету функциясымен қазақ тілі енгізілді. Ол 2019 жылы ресми тізімге енгізілсе, енді жасанды интеллекттің автоматты түрде түзететін функциялары іске қосылды.

2022 жылы әлем бойынша интернет қолданушылардың жалпы саны 4,9 миллиард адамды құрады, бұл әлем халқының үштен екісі дүниежүзілік желіге қосылғанын білдіреді. Қазақстандағы интернетпен қамту және цифрландыру көрсеткіштері де жоғары. 2022 жылғы Internet Accessibility Index жаңа рейтингінде Қазақстан ең төменгі интернет-тарифтер бойынша

8-орынға ие болды. Яғни елімізде мобильді интернетпен қамту деңгейі жоғары. Internet Accessibility Index есебінде Қазақстанның телекоммуникация секторы Орталық Азиядағы ең озық секторлардың бірі екені атап өтілген.

Елдегі 5 тұтынушының 4-і дербес компьютерді, смартфонды, планшетті, ноутбукті, сондай-ақ стандартты бағдарламаларды пайдалану және қызметтер мен сервистерді интернет арқылы алу дағдыларын меңгерген. 6 жастан асқан қазақстандықтардың цифрлық сауаттылық деңгейі 2021 жылы халықтың жалпы санының 85,3%-ін құрады. Бұл көрсеткіш ІТ саласын дамытуға мол мүмкіндіктер береді.

Тіл үйретуде қазіргі техника мен заманауи технологиялардың мүмкіндіктерін пайдаланудың маңызы зор. Бұл ретте арнайы электрондық порталдар мен сайттарды, мобильдік қосымшаларды, дыбыстық көмекшілерді пайдалану орынды. Қазіргі уақытта қазақ тілін үйретуге және мемлекеттік тілде ақпараттар алуға арналған 13 ІТ жоба қолданысқа енгізілді («Tilmedia.kz», «Balatili.kz», «Tilqural.kz», «Abai.institute», «Termincom.kz», «Emle.kz», «Sozdikqor.kz», «Qazcorpus.kz», «Qazcorporation.kz», «Qujat.kz», «Atau.kz», «Qazlatyn.kz», «Tilalemi.kz») және бұл сайттар мен порталдар көпшілікке қолжетімді.

Бұл өнімдерді ұлттық компаниялар, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлеріне, балабақша, мектеп, колледж педагогтеріне, ЖОО оқытушыларына таныстыру жұмыстары жүргізілді. ІТ жобалардың таныстырылымына 30 мыңнан аса адам қамтылды. Олардың жалпы қаралымы қазіргі уақытта 16 млн.-нан асты. Сонымен қатар мәтінді қазақ тіліндегі тілдік ережелерге сәйкес дұрыстығын тексеретін жаңа «Qazgramma» платформасы әзірленді. Портал «Grammarly», «Text.ru», «Languagetool.org» сияқты халықаралық ІТ технологиялардың негізінде әзірленді. «Qazgramma» платформасы қазақ тіліндегі мәтіннің тілдік нормаларын сақтай отырып, қателерді түзетуге, сайттарды талдау және стиль бойынша құжаттарды тексеруге, орфографиялық, орфоэпиялық, пунктуациялық, грамматикалық қателерді көрсетуге және т.б. қызметті орындауға мүмкіндік береді.

«Abai.institute» онлайн-платформасы – ҚР-ның консулдықтары арқылы және бірлесіп орындауға мүдделі отандық және шетелдік мекемелер және ұйымдармен қазақ тілін насихаттау, шетелдердегі қазақ диаспоралары үшін қазақ тілін меңгеруді ілгерілетуге және тереңдетуге, Абайдың шығармашылығы мен идеяларын таныстыруға арналған жоба. Бұл платформа арқылы әлемнің 8 елінде: АҚШ, Венгрия, Германия, Иран, Түркия, Ресей, Моңғолия, Францияда қазақ тілінің офлайн курстары жүргізілді.

Шетелдегі қазақ диаспорасына арналған «Қазақ тілі» (А1, А2, В1, В2 деңгейлері) әмбебап оқулықтары әзірленді. Жалпы алғанда, «Қазақ тілі»

басылымының деңгейлері бойынша электронды нұсқасы платформаға орналастырылды.

Бүгінгі талаптарды ескерсек, қолданыстағы IT жобалардың саны жеткіліксіз. Осы тұрғыда тілдерді үйрену және қолдану процестерін жетілдіру мақсатында халықаралық деңгейде танымал қосымшалардың тәжірибелерін қолданып, заманауи ақпараттық технологиялардың сапасын арттыру қажеттілігі туындап отыр.

Осы жұмысты жандандыру мақсатында «Microsoft Kazakhstan» ЖШС-мен қазақ тілін халықаралық ақпараттық кеңістікке енгізу мәселесі (оның ішінде қазақ тіліндегі сөйлеу синтезін енгізу) бойынша келіссөздер жүргізіліп, Ғылым және жоғары білім министрлігі мен «Microsoft Kazakhstan» ЖШС ортақ меморандумға қол қойды.

### **Қаржы секторында**

Статистикалық дерек бойынша екінші деңгейлі 21 банк бар, шетелдік банктер саны – 9. Екінші деңгейлі банктер негізінен төлемдер, салымдар, несиелік және басқа да қаржылық операцияларды орындайды, яғни халыққа тікелей қызмет көрсетеді.

Азаматтардың басым бөлігі банк қызметіне жүгіну кезінде терминалдар мен банкоматтардың қызмет көрсету тілі ретінде қазақ тілін таңдай бермейтінін практика көрсетіп отыр. Бұл мемлекеттік тілдің аясын кеңейтуге кері әсерін тигізіп отыр. Банктер өздері ұсынатын әрбір қызмет түрі бойынша статистика жүргізіп отырады, оның ішінде банкоматтардағы қазақ тіліне сұраныс та бар. Терминалдар мен банкоматтарда міндетті түрде қазақ тіліндегі батырмаларды пайдалану үшін барлық жағдайлар қарастырылған.

Қазақ тіліне қатысты мәселелерде әрбір азамат күнделікті өмірде өзінің заңды құқықтарын талап етіп отырса, бұл саладағы кемшіліктер сөзсіз жойылатыны анық. Қаржы, банк саласы сияқты мекемелерде қазақ тілінде қызмет көрсетуді талап ету, мемлекеттік тілде ақпарат алу дағдыға айналуы керек. Сонда ғана қазақ тіліне деген сұраныс бар екені мойындалып, тиісінше нәтиже де болатыны сөзсіз.

Тіл қоғам өмірінің барлық саласымен тығыз байланыста дамығанда ғана оның қолданыс аясы кеңейіп, мәртебесі артатын болады. Қазақстандық қоғамның бүгінгі даму кезеңінде мемлекеттік тілдің шынайы ахуалын дұрыс бағамдап, соған сай әрекет ету барлық салада оның қолданыс деңгейін арттырудан басталуы қажет.

### **Мәдениет саласында**

Тіл – мәдениетті танытушы құрал ғана емес, ұлттық мәдениеттің тірегі. Қазақ халқының этностық, ұлттық мәдениеті, негізінен тілде көрініс тапқан. Осы орайда тіл – ұлттық болмысымен қалыптасқан төл мәдениетіміз сақталған негізгі көздердің бірі.

Елімізде 22 қазақ, 12 орыс, 3 аралас, 1 кәріс, неміс, өзбек және ұйғыр театрлары жұмыс жасайды. Мәдениет және спорт министрлігінің мәліметіне сәйкес 2022 жылы осы театрлардың репертуарында барлығы 2573 қойылым (2020 ж. – 2093, 2021 ж. – 2236), оның ішінде қазақ тілінде 1610 (62,5 %) (2020 ж. – 1161 (55,5%), 2021 ж. – 1456 (65,1%), орыс тілінде 797 (30,1 %) (2020 ж. – 955 (45,6%), 2021 ж. – 891 (39,8%), және басқа тілдерде 166 (6,4 %) (2020 ж. – 166 (8%), 2021 ж. – 154 (7%)) қойылым көрсетілді. Талдау театрларда қазақ тіліндегі қойылымдарға басымдылық берілгенін көрсетті, 2022 жылы қазақ тілінде 28 фильм, соның қатарында 5 анимациялық фильм түсірілді.

«Кинематография туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл Заңда ҚР-ның аумағына әкелінетін балалар анимациялық фильмдерді және отбасымен бірге көруге арналған фильмдерді қазақ тіліне дубляждауды қаржыландыру түрінде мемлекеттік қолдау шаралары көзделді. Бұдан басқа аталған Заңда фильмдерді прокаттау тілі мәселесіне ерекше көңіл бөлінген және ұлттық фильмдерді прокаттау қазақ тілінде және қажеттігіне қарай басқа тілдерге де аударылуы мүмкін. Ал өзге фильмдерді (шектеулі прокатты қоспағанда – олар аударылмайды) қазақ тіліне аударудың үш нұсқасы – дубляждау, субтитрлеу немесе кадрдан тыс аударма қарастырылған. Бұл халықаралық тәжірибе Қытайда, АҚШ-та барлық фильмдерді түпнұсқа тілінен аудиторияның тіліне субтитрлермен қамтамасыз ету міндетті шарт болып табылады. Бұл ең қолайлы және тиімді механизмдердің бірі.

Жас ұрпақтың ана тілінде дүниетанымын кеңейтіп, жан-жақты дамуы үшін көркем әдебиеттің маңызы зор. Осы тұрғыдан алғанда кітап қорын көбейтуге, көркем туындылардың көптеп жарық көруіне мемлекет тарапынан қолдау көрсетілді.

Елімізде мектеп жасындағы балаларға арналған жалпы кітапхана қоры 267 млн.-нан астам дананы құрайды. Кітапханалар қоры негізінен кеңестік кезеңдегі идеологиялық жағынан ескірген басылымдардан тұрған. Қазіргі заманғы көркем әдебиет, оның ішінде мемлекеттік тілдегі әдебиеттің үлесі аз екені анықталып отыр. Осы олқылықтың орнын толықтыру мақсатында мектеп кітапханалары 2021-2022 оқу жылында қазақстандық, сондай-ақ әлемдік әдебиет туындыларынан 2,5 млн. дана әдебиетпен толықты. Жанадан келіп түскен әдебиеттің 51%-і қазақ тілінде. Балалар мен жасөспірімдер арасында оқу мәдениетін дамытуда кітапханалар қызметін ұйымдастырудың жаңа әдістері әзірленіп, мәдениет саласындағы уәкілетті орган ҚР-да оқырмандарды кітапханаларға тарту және оқуды насихаттау жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекітті.

2022 жылы 188 аталым бойынша жалпы таралымы 506 мың данамен (2020 ж. - 313 аталым бойынша 891 500 дана, 2021 ж. - 125 аталым бойынша 375 мың дана), оның ішінде «Балалар мен жасөспірімдерге арналған әдебиет»



сериясымен 23 басылым (2020 ж. - 7 аталым 27 мың дана, 2021 ж. - 40 аталым 120 мың дана) жарыққа шығарылып (кітаптардың 95 %-і қазақ тілінде), республикалық, облыстық мемлекеттік кітапханаларға таратылды. Аталған 188 аталым әдебиеттердің электрондық нұсқасы Ұлттық академиялық кітапхана жанынан құрылған қазақстандық электронды кітапхана базасына жүктелді. Барлық оқырмандарға қолжетімді, тегін қызмет көрсетіледі.

Бүгінгі таңда балаларды заман талабына сай әдебиеттермен қамтамасыз ету барысында 2022 жылдан бастап ұйымдастырылған «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығына «Үздік балалар шығармасы», «Жылдың үздік кітабы» және «Үздік комикс» номинациясы енгізіліп, 2023 жылы жүзеге асырылатын Қазақстандық жас жазушылар мен ақындар үшін арнаулы Президенттік әдеби сыйлығында «Балалар әдебиеті» номинациясы қарастырылды. Бұл болашақта әлем әдебиетіне тең келетін туындылардың дүниеге келуіне септігін тигізеді.

Елімізде 0-8 жастағы балалар аудиториясына арналған тұңғыш әрі жалғыз балалар телеарнасы «Balapan» 100% қазақ тілінде хабар таратады. «Balapan» телеарнасы әлемдік деңгейдегі Disney, Dream Works, КЛР, ZDF және басқа компаниялардан түрлі анимациялық контент сатып алу жұмыстарын жүзеге асырып, барлық контент телеарнаның Youtube каналына жүктелді.

«Balapan» арнасы 2018-2022 жылдар аралығында орташа есеппен алғанда 7 575 минуттық анимациялық фильм әзірлеген. Ал шетелдік компаниялардан 77 150 минуттық анимациялық фильмдер сатып алынып, дубляждалған. Демек, шетелдік анимацияны сатып алуға қаржы көп жұмсалғаны байқалады.

2022 жылы аталған телеарна 23 тележоба өндірді (11 анимациялық сериал, 12 оқу-танымдық, шытырман оқиғалы, ойын-сауық жанрындағы тележоба), 22 шетелдік анимациялық жобаларды қазақ тіліне аударды. Қазақтілді 5 анимациялық өнімді шетелдіктер сатып алып, АҚШ-та және Латын Америкасы елдерінде ағылшын, испан және португал тілдерінде көрсетілді. Бұдан басқа «Balapan»-ның анимациялық жобалары «Күлкі іздеген Күнекей», «Сәби», «Еркелер» мультсериалдары IVI платформасына жүктелді. TiJi, Nickelodeon мультфильмдерін қазақша сөйлету бағытындағы жұмыстар жалғасуда.

2022 жылы Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан қазақ тіліндегі 25 заманауи анимациялық фильм жарыққа шықты (2020 ж. – 0, 2021 ж. – 3). 849 серияны құрайтын қазақ тіліндегі анимациялық фильмдер Youtube видеохостингіне орналастырылды.

«Balapan» телеарнасы 0-8 жас аралығындағы балалар аудиториясын қамтыса, 8-14 жастағы балалар аудиториясы орыс немесе шетелдік контентке негізделген You Tube арнасына және әлеуметтік желілерге тәуелді болып отыр. Бұл бала тілінің орыс тілінде қалыптасуына ұлттық құндылықтан қол

үзуіне әкеліп соқтырып отыр. Технологияның қарыштап дамуы балалар аудиториясына қазақтілді контентті дамытудың жаңа жолдарын қарастыруды талап етеді.

Елімізде 1062 – ақпараттық агенттік және желілік басылым (588 – ақпараттық агенттік, 474 – желілік басылым) тіркелген (2020 жылы ақпараттық агенттік (АА) және желілік басылымдар (ЖБ) саны – 685, оның ішінде 404-і – АА, 281-і – ЖБ; 2021 жылы АА және ЖБ саны – 853, оның ішінде 484-і – АА, 272-і – ЖБ) бар.

Ұлттық статистика бюросының ақпаратына сәйкес 6-17 жас аралығында интернет желісін пайдаланушылардың үлесі 2021 жылмен (88,2%) салыстырғанда 2022 жылы - 92,9%-ке, яғни 4,7%-ке артқан. Соңғы екі жылда елімізде интернетті пайдаланушылар 7,04 %-ке, мобильді интернеттің абоненттер саны – 14,4 %-ке, кең жолақты интернет инфрақұрылымын пайдаланушылар 0,87 %-ке артты. Аудиторияның негізгі бөлігі – 14-тен 45 жасқа дейінгі жас топтары.

Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, қазақстандық сайттар шетелдік сайттарға қарағанда (14,9%) көбірек танымал және сенімді (33,3%), қазақстандықтардың 39,1%-і республикалық арналарды негізгі ақпарат көздерінің бірі деп санайды.

Мемлекеттік тілді интернет кеңістігінде бәсекеге қабілетті, сұранысқа ие тілдердің қатарына енгізу бағытында бірқатар жұмыстар жүргізіліп келеді. Мәселен Microsoft-тың өнімдерінде қазақ тіліндегі нұсқасы қарастырылған. «Steam» цифрлық дүкеніне қазақ тіліндегі ойындарды іздеу функциясы қосылып, бүгінде TikTok әлеуметтік желісі де қазақ тілінде қолжетімді.

Зерттеуге сәйкес респонденттердің 68,5%-і қазақ тілі интернетте жеткілікті түрде орын алған деп санайды. Интернеттен ақпарат алу қазақ тілінде 21,2%, қазақ және орыс тілдерінде 24,7%, орыс тілінде 53,3%, ағылшын тілінде 0,8%-ті көрсеткен. Ал интернеттегі мемлекеттік тілде берілген ақпараттың деңгейіне халықтың «3,7» орташа, мемлекеттік тілдің ауқымдылығына 28,4%-і, контенттің сапасын 33,5%-і, өзектілігі – 45,5%, қолжетімділігі – 34%, түсініктілігі - 30,5%, жаңартылып отыруы – 27%-і көрсетіп, мемлекеттік тілдің дамуы орташа «ішінара қанағаттанарлық» деңгейде деп бағалаған.

Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді орыс тілінде қолдану басым екені анықталды. Мессенджерлерде респонденттердің 16,9%-і қазақ тілін, 30,3% «тек орыс тілін», 25,1%-і «көбіне орыс тілін» пайдаланады.

Зерттеу барысында әлеуметтік желілерде 18% қазақ тілін, 30,6%-і «тек орыс тілін», 24,4%-і «көбіне орыс тілін» пайдаланамын деп жауап берді. Сонымен қатар мессенджерлер мен әлеуметтік желілерде қазақ және орыс тілін теңдей пайдаланатын халықтың үлесі мессенджерлерде 27,4%, әлеуметтік желіде 26,6%-ті құрады.

Сонымен қатар Қазақстанның интернет қауымдастығының мәліметі бойынша қазіргі уақытта Қазнетте қазақ тіліндегі сайттардың саны қазақстандық сайттардың жалпы санының шамамен 12%-ін құрайды. Жыл сайын жаңа қазақтілді ресурстар, оның ішінде қазақ тіліндегі энциклопедиялар, танымдық әдебиеттер пайда болуда, БАҚ-тың электрондық нұсқалары дамуда, түрлі семинарлар, конференциялар, тренингтер, конкурстар өткізілуде, алайда интернет-қоғамдастықтың пікірінше контентті мемлекеттік тілде танымал етудің сапасы мен қолданыс аясын кеңейтудің жаңа тәсілдерін іздеу қажет.

**Мемлекеттік тілдің қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылу мәселесі бойынша мынадай проблемалар бар:**

- ТЖКБ ұйымдары мен ЖОО-да қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер жеткіліксіз;
- интернет ресурстардан қазақ тілінде ақпарат алушылардың үлесі төмен, интернеттегі қазақтілді контенттің дамуына қоғам өз дәрежесінде атсалыспайды, мемлекеттік тілді еркін меңгеруді халық арасында әсіресе жас буын жастарға жаңа тренд ретінде қалыптастыру жұмысы көзделмеген;
- маңызды контент ретінде қазақтілді БАҚ-ты тұтынушылар үлесі төмен;
- құқық қорғау, әділет, сот органдары, Жоғары Сот кеңесі офицерлерді, судьялыққа үміткерлерді және мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді жұмысқа қабылдау кезінде олардың мемлекеттік тілді білу деңгейін тексеру талап етілмейді;
- адвокатура, нотариат, медиация, заң консультанттары мен сот орындаушыларына лицензия беру кезінде мемлекеттік тілді кәсіби деңгейде білу талаптары міндеттелмеген;
- сот, құқық қорғау органдарына қарасты ведомстволық мамандандырылған академияларға оқуға қабылдау, сондай-ақ жоғары тұрған лауазымдар резервіне кадрларды іріктеу, оларды мансаптық ілгерілету кезінде қазақ тілін кәсіби деңгейде білу талабы қарастырылмаған;
- сот аудармашыларының төлемақысы ұсынылған қызметтің көлеміне және нарықтағы бағаға сәйкес келмейді;
- сот ісін жүргізуге қатысты құжаттар бірыңғай стандартқа сәйкестендірілмеген.

### **3-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу**

Халықаралық кеңістікте тіл саясаты демографиялық, тарихи-этникалық және саяси жағдайларға байланысты жүргізіледі. Тіл – халықтың ділін, мәдениетін, дүниетанымын қалыптастыратын және мемлекет ішіндегі ең негізгі қоғамдық, саяси, мәдени қатынас құралы болғандықтан, барлық

елдерде оған айрықша мән беріледі. Сондықтан да ол – мемлекеттік және ұлттық саясаттың маңызды бағыты.

Жалпы дүниежүзіндегі тіл саясаты демографиялық, саяси жағдайларға байланысты әр типті болып келеді. Мысалы, әлемде 100-ден астам мемлекет тек бір тілге басымдық береді. Олар – негізінен Венгрия, Жапония, Оңтүстік Корея, Румыния, Тунис, Чехия сияқты моноұлтты мемлекеттер. Сонымен бірге көпұлтты мемлекеттерде де заң арқылы бір тілге басымдық беріледі. Мысалы, Латвия, Пакистан және тағы басқа мемлекеттер. Посткеңестік елдердің басым көпшілігінде, атап айтсақ, Армения, Әзербайжан, Грузия, Литва, Молдова, Өзбекстан, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан, Украина, Эстонияда ресми тіл ретінде бір тіл бекітілген. Яғни посткеңестік елдердің басым көпшілігінде бір тілге басымдық берілген. Бұларға қоса, Қырғыз Республикасы қазіргі кезеңде мемлекеттік тіл туралы арнайы заң қабылдауды қолға алды. Белоруссияда белорус және орыс тілдеріне мемлекеттік мәртебе берілген.

Тіл саясатында Қазақстан Республикасы үшін, әсіресе, посткеңестік елдердің тәжірибесі жақын және қолайлы. Себебі жаңадан тәуелсіздік алған республикалар мемлекеттік құрылым қалыптастыруда саяси, қоғамдық мәселелермен бірге тіл саясатының да негізгі бағыттарын айқындайды. Тіл – тұтас мемлекеттің ішкі және сыртқы қатынастарын айқындайтын ең маңызды атрибут. Сол себепті тілдің саяси, қоғамдық және рухани қатынастардағы маңызы айрықша.

Посткеңестік елдерде ұлттық тілдерге мемлекеттік мәртебе берілуінің мынадай себептері бар. Біріншіден, титулды ұлттың тіліне ерекше мәртебе беру арқылы ұлттық, мемлекеттік сананы жаңғырту; екіншіден, демографиялық ахуалға байланысты, яғни саны жағынан көпшілікті құрайтын ұлттың тіліне басымдық беру. Осы реттен келгенде, Қазақстанда мемлекеттік тіл ретінде қазақ тіліне басымдық беру шаралары күшейтілуі тиіс. Атап айтқанда, мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау немесе қазіргі қолданыстағы заң баптарының толық орындалуына қол жеткізу. Қазіргі қолданыстағы заңның 4, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15-баптардың орындалмауы және 23-баптың жүзеге асырылмауы мемлекеттік тілдің қолданыс аясын шектеуде. Ал халықаралық тәжірибелерде тілге байланысты заңнама барынша толық орындалады.

Тіл туралы заңнаманың толық орындалуын жүзеге асыру үшін ресми шаралар қабылданады. Мысалы, Әзербайжан Республикасында 2003 жылы 2 қаңтарда мемлекеттік тілді қолдану туралы «Әзербайжан Республикасындағы мемлекеттік тіл туралы» және 2003 жылы 27 қыркүйекте Мемлекеттік тіл туралы заңның орындалуын қамтамасыз ету туралы «Әзербайжан Республикасындағы мемлекеттік тіл туралы» Президенттің екі жарлығы жарық көрген.

Өзбекстан Республикасында мемлекеттік тілдің қолданысын күшейту үшін 2020 жылы «Өзбек тілін әрі қарай дамыту және елдегі тіл саясатын жетілдіру шаралары туралы» Президенттің арнайы жарлығы шыққан. Жарлықта мемлекеттік тіл ретіндегі өзбек тілінің қолданысын күшейту қарастырылып, 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдама бекітілген.

Бірқатар елдерде демографиялық, тілдік ахуал өзгерген жағдайда заңнамаға өзгеріс енгізу әлемдік тәжірибеде бар. Мәселен, ұлттық мүддеге көбірек назар аударып, сол бағытта батыл қадамға барып отырған Балтық жағалауы елдері «Тіл туралы» заңды 1989 жылы, 1995 жылы, 2014 жылы қайта қарап, үш рет заң қабылдады. Яғни заңды 4-5 жыл сайын өзгерткен. Өзбекстан Республикасында да заңға бірнеше рет толықтырулар енгізілген. Бұл табиғи әрі аса қажетті қадам.

Алыс шетелдерден тіл саясатындағы нәтижелі тәжірибені Малайзия үлгісінен көреміз. Тәуелсіздігін алған малайлар 1963 жылы 30 %-ті құраса, қытайлар 60 %-ке жуық болған. «Малайзия тілі мен әдебиеті бойынша кеңес» атты ғылыми-зерттеу және баспа орталығы құрылып, елдегі тіл саясатын жүзеге асыру, ғылыми, әдістемелік және ұйымдастыру жұмыстары осы мекемеге жүктелген. Кеңестің тиімді жұмысының нәтижесінде мемлекеттік тіл деп жариялаған малай тілі қоғамның барлық саласында жетекші тілге айналған. Малайзияда тек малай тілі мемлекеттік мәртебеге ие. Қазіргі кезде малайлар жалпы халықтың 60 %-ін, қытайлар 22,6 %-ін, ал ондаған ұлттар қалған бөлігін құрайды.

Малай тілін дамытудың тәжірибесін Қазақстанда қолдануға болады. Ол үшін ең алдымен тіл саясатын жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелердің және ғылыми, әдістемелік институттардың, орталықтардың бір жүйеде болғаны жөн.

Қазіргі ақпараттық дәуірде тілдерді үйрету, терминология, орфография т.б. салалар цифрлық форматқа көшірілді. Ағылшын, жапон, испан, қытай, француз сияқты әлемдегі жетекші тілдердің тәжірибесі осыны көрсетеді. Мұндай шаралар посткеңестік елдерде де кеңінен қолданылып отыр. Мысалы, Әзербайжан Республикасында «Әзербайжан тілін жаһандану жағдайында дәуірдің талаптарына орай қолдану және елдегі тіл білімін дамыту бойынша мемлекеттік бағдарлама жөнінде», «Әзербайжан тілін электронды кеңістікте кеңінен қолдануды қамтамасыз ету шаралары» сияқты ресми құжаттар қабылданған. Өзбекстанда қабылданған тіл тұжырымдамасы ауқымында мемлекеттік тілді заманауи ақпараттық технологиялар мен коммуникацияларға енгізу мәселесі қойылған. Сондай-ақ жалпы халықаралық кеңістікте, оның ішінде, посткеңестік елдерде де тіл корпустарын әзірлеу қарқынды түрде жүргізіліп келеді. Сонымен бірге аталған мемлекеттерде ЖОО-да «Цифрлық лингвистика», «Компьютерлік лингвистика» мамандықтары да ашылған. Осындай халықаралық тәжірибелерді Қазақстанға да енгізу қажет.

Қазіргі кезеңде қазақ тілінің орфографиясын жүйелеу аса маңызды. Ресми түрде қазақ тілінің орфографиясы кеңестік кезеңде 1983 жылы бекітілген. Тек 2006 жылы орфографиялық сөздікті Терминологиялық комиссия мақұлдаған. Бұл комиссия орфографиялық сөздікті бекітпеуі керек. Қазақ тілінің орфографиясын ғылыми негізді нұсқада әзірлеу және бекіту үшін арнайы Орфографиялық комиссия керек. Қазіргі жаһандану қарқыны, шет тілінен еніп жатқан көптеген сөздер, кейбір қазақ сөздерінің дұрыс жазылуы аталған комиссияның қажеттілігін айқындайды. Мұндай комиссия тілге енген сөздерді жүйелі ретпен бекітіп тұрады. Мысалы, Түркияда, Әзербайжанда, Өзбекстанда орфографиялық сөздік 5 жылда бір жетілдіріліп тұрады. Себебі тілге еніп жатқан сөздерді сауатты жазудың мәселесі уақытылы жүйеленіп тұруы тиіс. Дәл осы сияқты тәжірибе Қазақстанға да аса қажет.

Орфографиямен бірге терминология саласы да жүйелеуді қажет етеді. Бекітілген терминдерге мониторинг жүргізу барысында бірізділіктің сақталмайтыны байқалды. Осы ретте термин қабылдаудың ғылыми негіздері жетілдірілуі тиіс. Термин жасам принциптерін қайта қарау кірме терминдерді қабылдау процесін автоматтандыруға мүмкіндік береді. Ортақ терминологиялық база әзірлеу халықаралық тәжірибеде бар.

Тіл саласындағы маңызды және үлкен сала – әдістеме саласы. Қазақстанда мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілі мектептен бастап мемлекеттік қызметшілерге дейін үйретіледі. Дегенмен ортақ тіл үйрету жүйесінің қалыптаспауы жұмыстың сапасына кері әсерін тигізіп отыр. Тіл үйрету жүйесі әдістемелік және ұйымдастыру компоненттерінен құралады. Әдістемеге тілдік деңгейлердің ғылыми тұрғыдан мазмұндалған контенті енеді. Атап айтқанда, А1, А2, В1, В2, С1, С2 деңгейлерінің жас ерекшеліктеріне, кәсібіне қарай үйретілуі жүйеленеді. Тілді осылай жүйелеп үйретуде халықаралық деңгейде озық тәжірибелер бар. Мысалы, ағылшын тілі TOEFL, араб тілі MSA, қытай тілі HSK, жапон тілі JLPT, француз тілі DELF, DALF, испан тілі DELE жүйелері негізінде үйретіледі. Бұл аталған жүйелер әр тілдің ең маңызды лексикалық және грамматикалық минимумдарына, тіл үйретудің ілгерінді әдістемесіне құрылған. Тіл үйретудің осындай халықаралық жүйелерін қазақ тілін үйретуге де енгізу қажет.

Қазір елімізде 111 мемлекеттік орталық жұмыс істейді. Олардың жұмысының тиімділігін, сапасын арттыру үшін халықаралық тәжірибелерді енгізу қажет. Ең алдымен, орталықтар аккредителуі тиіс.

Тіл орталықтарын аккредиттеу жүйесінің халықаралық тәжірибесін қарастыру барысында АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Испания, Түркия сияқты елдердің тәжірибесі зерделенді, соның ішінде Ұлыбританияның аккредиттеу орталығына тоқталуға болады. Ұлыбританияда шетелдіктерге ағылшын тілін үйрететін мыңдаған тіл орталықтары жұмыс істейді. Оқытудың сапасын

қолдау мақсатында мемлекет тарапынан тіл орталықтарын аккредиттеу және оқыту сапасын қадағалау үшін бірқатар мекемелер құрылған. Аккредиттеу – ағылшын тілін үйретудің сапасын қамтамасыз ететін еркін жүйе.

Халықаралық деңгейде сонымен бірге қазіргі таңда Испанияда Сервантес институты испан тілін шет тілі ретінде оқыту орталықтарын аккредиттеу жүйесін, Канадада «Канада тілдері» (Language Canada (LC) тілді аккредиттеу тобы, АҚШ-та Жоғары білімді аккредиттеу жөніндегі кеңес (CHEA), Түркияда ТÖMER түрік және ағылшын тілдерінің зерттеу орталығы жұмыс істейді.

Латын графикасына қатысты әлемдік тәжірибені зерделеу әлем тілдерінің көпшілігі латын графикасына негізделгенін көрсетті. Латын әліпбиіне негізделген жазуды балтық, кельт, герман және роман топтарының барлық тілдері, сондай-ақ түркі, фин-угор және славян топтарының кейбір тілдері, баск, албан, вьетнам және филиппин тілдері, Африкадағы, Мұхиттық аралдардағы, Солтүстік және Оңтүстік Америкадағы кейбір тілдер қолданады. Жалпы, әлемдік әліпби кеңістігінде латын әліпбиінің үлесі 36%, қытай жазуының үлесі 19%, араб жазуының үлесі 11%, кирил әліпбиінің үлесі 4%.

XX ғасырдың әр кезеңдерінде түркітілді елдердің бірқатары латын әліпбиін қабылдаған. Айталық 1920 жылдары әзербайжан, қазақ, қырғыз, өзбек, татар, түрік т.б. тілдерге латын әліпбиі енгізілген. Дегенмен, Кеңестер Одағындағы саясат түркі халықтарының әліпбиін кирил әліпбиіне көшірді.

Түркі тілдес одақтас республикалардың тәуелсіздік алуы нәтижесінде 1991 жылдан әзербайжан, ғағауыз, өзбек, 1993 жылдан түрікмен, тілдері латын графикасына негізделген әліпбиді қабылдады. Қазіргі кезеңде түркі тілдерінің 56% латын әліпбиінде, 25% араб жазуында, 17% кирилл әліпбиінде.

Бұл әліпбидің халықаралық деңгейде кең қолданысын және танымалдығын бірнеше халықаралық ұйым жүзеге асырады. Сол себепті де қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі тілімізді, қоғамды ғылым мен технологияның жаңалықтарына жақындатады.

Латын әліпбиі – халықаралық ақпарат алмасудың, байланыстың әліпбиі. Ғылымдағы терминдер мен атаулар, формулалар осы әліпбиде жарық көреді. Физикадағы және метрикадағы бірліктердің SI жүйесі, математикадағы формулалар, химия мен биологиядағы және барлық ғылымдардағы таңбалар жүйесі латын таңбаларымен белгіленеді.

Интернет домендер, символдар мен кодтар латын әліпбиінде. Халықаралық банк, логистика, байланыс жүйелелері де латын әліпбиінде.

Интернет кеңістігіндегі латын әліпбиінің басымдығы зор.

Тіл саясатын жүргізудің, тіл үйретудің және тілдік зерттеулердің бай халықаралық тәжірибелерін Қазақстанда қолдану елімізде тілге байланысты жұмыстарды оңтайландыруға, жетілдіруге мол мүмкіндіктер береді.

#### **4-бөлім. Тіл саясатын дамытудың пайымы**

Бүгінгі тіл саясаты қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, жаңа латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғыртуға, тіл мәдениетін одан әрі арттыруға, сондай-ақ азаматтардың тілдік капиталын дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүзеге асыруы тиіс.

Мемлекеттік тіл мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын қуатты құралға және этносаралық қарым-қатынас тіліне айналуы, сондай-ақ басқа да тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін одан әрі күшейту, барша халықтың мемлекеттік тілге құрметпен қарауын қамтамасыз ету тіл саясаты саласының таяудағы жеті жылға арналған бағдарына айналады.

Тіл саясатын жүзеге асыруда ағымдағы сұраныстарға сәйкес шешімдерді қамтитын стратегия қажет. Жаңа тұжырымдама тіл саясатын дамытудың бірыңғай стратегиясын айқындауға және іске асырылатын шағын жобаларды тұтас жүйеге біріктіруге мүмкіндік береді. Бұл құжат мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын қайта пысықтауға, тілдерді дамытуға қатысты мәселелерді іске асырудың құқықтық өрісте бекітілген тетіктері мен құралдарын біріктіруге мүмкіндік береді.

Тұжырымдаманы іске асыру еліміздегі тілдік ахуалдың әлеуетін арттыруға және оның қоғамдық-саяси және әлеуметтік салада дамуына қосатын үлесін ұлғайтуға, өңірлік деңгейлердегі өзекті проблемаларды шешуге, оның ішінде тілдік кемсітушілікті болдырмау және алдын алу шараларын жүзеге асыруға ықпал ететін болады.

#### **5-бөлім. Тіл саясатын дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері**

##### **Негізгі қағидаттар**

Тіл саясатын дамыту мынадай стратегиялық қағидаттарға негізделеді:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірегейлігінің басты факторы, ұлт тұтастығы мен кепілі саналатын мемлекеттік тілдің қоғам өмірінің барлық салаларындағы қолданысын кеңейту, мәдениетін арттыру бойынша қызметін жүзеге асырады;

- мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілінің нормативтік базасын күшейту, әдістермен жетілдіру, әсіресе ғылым мен білім берудегі, мемлекеттік қызметтегі, экономикалық, қаржы және басқару жүйесіндегі, сот ісі мен заңнамадағы, ақпараттық және коммуникация, мәдениет, халыққа қызмет көрсету және бизнес саласындағы, БАҚ және интернет кеңістігіндегі



қолданысын кеңейту шаралары жүзеге асырылады және қоғамдық беделін арттырады;

- қазақ тілінің Қазақстан аумағындағы этносаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі мәртебесі нығайтылады, қолданысын кеңейтуге арналған шаралар желісі жүзеге асырылады;

- қазақ тілінің халықаралық қатынас тілі ретіндегі қолданысы жетілдіріледі;

- қазақ тілінде Заң қабылдау тәжірибесі практикаға енгізіледі;

- ғылым тілі мен мемлекеттік тілде іс жүргізудің негізі ретінде қазақ терминологиясының ғылыми және практикалық негіздерін одан әрі дамытуға басымдық беріледі және іс-шаралар кешені жүзеге асырылады;

- қазақ тіл білімін цифрландыруға бағытталған жобалар іске асырылады;

- мемлекеттік тілді және этностардың тілдерін оқып-үйренуге және оқыту курстарын ұйымдастыруға мемлекеттік қолдау көрсетіледі;

- латынграфикалы жаңа әліпби негізінде тіл реформасы жүзеге асырылады;

- мемлекеттік және мемлекеттік емес сектор ұйымдарында қазақ тілін меңгеру деңгейі қадағаланып, жетілдіріледі;

- мемлекеттік қызметкерлерге қазақ тілін білуді міндеттейтін талап енгізіледі;

- азаматтардың тілдік капиталын дамытуға бағытталған іс-шаралар кешені іске асырылады. Осыған байланысты заман талаптарына жауап беретін жаңа тұжырымдамалық шешімдерді әзірлеу қажеттілігінің объективтілігі атап өтіледі.

## **1-тарау. Тілдік ортаға негізделген тіл саясатын жүргізу**

### **1-параграф. Тіл саясаты және демография**

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтудегі ең үлкен нәтиже – қазақ мектептері желісінің артуы. 1991-1992 оқу жылында қазақ тілінде барлық оқушылардың 28%-і ғана қазақ тілінде білім алса, қазір бұл көрсеткіш 66%-ке жетті. 2022 жылы бірінші сыныпқа барған оқушылардың 70%-і қазақ мектебін таңдады. Бұл мемлекеттік тілге деген сұраныстың артқанын көрсетті. Осы ретте мемлекеттік тілге қатысты бірқатар мәселелер қазақ халқының табиғи өсімі – демографияның есебінен шешіледі.

Ұлттық халық санағының нәтижесіне сәйкес халық саны 19 186 015 адамды құраса, қазақ ұлтының саны 13 497 891 адамға жетті.

Қазақ ұлты тығыз шоғырланған өңірлер: Алматы (1 577 320), Түркістан (1 551 604), Жамбыл (891 262), Шығыс Қазақстан (842 385) облыстары және

Алматы (1 286 229), Астана (1 004 401), Шымкент (782 171) қалалары. Аталған өңірлердегі қазақ ұлтының саны 58%-ті құрады.

Сонымен қатар Ұлттық халық санағының нәтижесі бойынша өңірлер бөлінісінде халықтың мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі әркелкі. Мәселен, оңтүстік және батыс өңірлерде қазақ тілін меңгергендер мен күнделікті өмірде қолданатындардың саны жоғары (Түркістан (1 682 673 адам, оның ішінде күнделікті өмірде қолданатындар 70%), Жамбыл (925 551 (70%)), Атырау (563 591 (70%)), Маңғыстау (593 942 (70%)), Ақтөбе (727 039 (70%)). Бұл өңірлердің көрсеткіштерінен оң өсімді көруге болады. Ал солтүстік, шығыс және орталық өңірлерде бұл көрсеткіш төмен (Ақмола (459 730 адам, оның ішінде күнделікті өмірде қолданатындар саны 33,8%), Солтүстік Қазақстан (231 096 (37,9%)), Қостанай (407 727 (30,5%)). Бұл өңірлерде қазақ тілін меңгергендер саны салыстырмалы түрде жоғары болғанымен, күнделікті өмірде қолдану көрсеткіштері төмен. Осыған байланысты талдау барысы қазақ тілін күнделікті өмірде қолданатын халықтың үлесі республика бойынша бірдей еместігін көрсетеді, бұл әлі де осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізуді қажет етеді.

Республика бойынша тілдік балансты орнату үшін жоғарыда келтірілген статистикалық деректерге сүйеніп, ісқағаздарын дұрыс толтырып, құжаттарды сауатты жазу, тиісті дәрежеде кеңсе ісін жүргізу мақсатында мемлекеттік органдарда іс жүргізуді кезең-кезеңімен мемлекеттік тілге көшірудің өңірлер бөлінісіндегі кестесі бекітіледі.

Бұл тұрғыда әр өңірдің демографиялық ахуалына байланысты тіл саясатын жүргізудің алгоритмі әзірленеді.

Тіл саясатын жүргізуде қоғамның тілдерді білу деңгейлері және демографиялық ахуал ескеріледі. Осыған байланысты, мемлекеттік тілдің қоғамдық салалардағы және әрбір өңірдегі қолданысына сәйкес арнайы шаралар қарастырылады.

## **2-параграф. Тіл және мемлекеттік қызмет**

Қазіргі қоғамның талабына сәйкес – мемлекеттік қызметші мемлекеттік тілді еркін меңгеруі керек. «Тіл туралы» Заңның 9-бабында: «Мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленеді және қабылданады, қажет болған жағдайда оларды әзірлеу мүмкіндігінше басқа тілдерге аударуды қамтамасыз ете отырып, орыс тілінде жүргізілуі мүмкін» делінген. Осы заңдық норма толық жүзеге асырылуы тиіс.

Мемлекеттік қызметшілердің жұмысының тиімділігін бағалауды есептеу рейтингісіне мемлекеттік тілде құжат дайындау өлшемшартын енгізу мәселесі қарастырылады. Бұл өз кезегінде мемлекеттік тілдегі құжатайналымның үлесін арттыруға ықпал етеді.

«Халықпен кездесу» индикаторын жүзеге асыру мақсатында әзірленген Мемлекеттік органдардың ашықтық дәрежесін бағалау әдістемесіне сәйкес

орталық мемлекеттік органдардың басшылары есеп беру барысында, әсіресе шалғай елді мекендерге барғанда, мемлекеттік тілде халықпен сұхбаттасу алаңдарында баяндама жасау кезінде мемлекеттік тілге басымдық беріледі. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызметшілердің жұмыс барысында мемлекеттік тілді қолдануына және жетік меңгеруіне ықпал етеді, ынталандырады.

Тұжырымдаманы жүзеге асыру барысында мемлекеттік қызметшілердің қазақ тілін білуін міндеттейтін талаптар әзірленеді. Осы талап арқылы мемлекеттік қызмет саласының негізгі жұмыс тілі – мемлекеттік тіл болады.

### **3-параграф. Мемлекеттік тіл және қоғамдық салалар**

Тіл үнемі жаңарып, дамып отыратын құбылыс болғандықтан қоғамда әр кезеңде әртүрлі проблеманы алға тартары заңдылық. АҚШ-тың SIL International ұйымының Ethnologue Languages of the world зерттеуінің қорытындылары бойынша өзгермелі әлемде 7000 тіл бар болса, ең көп қолданылатын 100 тілдің қатарынан қазақ тілі 89-орынды иеленіп отыр. Яғни ең көп қолданылатын ТОП-100 тілдің қатарына ену үлкен нәтиже. Ал еліміздегі ағымдағы тілдік ахуал талдауын негізге алатын болсақ, мемлекеттік тіл қоғамның бірқатар салаларында басымдыққа ие болып, өміршеңдігін сақтап дамып келе жатса, кейбір салаларда әлі де нормативтік-құқықтық мәртебесіне лайық деңгейде қолданылмай келеді. Сондықтан осы бағытта жұмыстар күшейтіледі.

Уақыт кеңістігінде 2000 жылдардың басында «Қазақ, қазақпен қазақша сөйлес!», 2010 жылдары «Қазақтілді контенттің көлемі аз», одан кейінгі 10 жылдықта «Құқықтық салада реттелмеген, аударма тіл» деген уәждер көп айтылды. Тіл саясаты саласындағы атқарылған жұмыстар, қабылданған бағдарламалар мемлекеттік тілдің қолданыс аясын арттыруда өз нәтижесін бергенімен, ғылым, сот ісі, ақпараттық технология, денсаулық сақтау, туризм, бизнес, қаржы секторында даму көрсеткіші әлі төмен деңгейде қалып отыр. Сондықтан аталған салалардағы мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналды.

Азаматтық қоғам тарапынан мемлекеттік тіл төңірегіндегі мәселелер белсенді көтеріліп жүр. Ең көп талқыланатын мәселелердің біріне арқау болған мемлекеттік тіл, әсіресе, халыққа қызмет көрсету орындарындағы (сауда, тамақтану, техникалық қызмет көрсету т.б.) мәселеге мән беріп, шешу жолдарының жаңа тетіктері қарастырылатын болады. Мәселен, қаржы секторындағы барлық деректер базасы орыс тілінде жүргізілді. Бұл елімізге экономикалық, заң, қауіпсіздік тұрғысынан да қауіп төндіреді. Сол себепті қаржы секторындағы барлық электрондық базалардың ІС Бухгалтерия бойынша мемлекеттік тілдегі нұсқасын іске қосу мәселелері пысықталады.

Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік тілдің қолданысын кеңейтуге бағытталған шаралар «Атамекен» ҰКП жүзеге асырылатын болады.

Сонымен қатар тіл тазалығын қорғау, әдеби тіл нормаларын сақтамаудың, қазақ тілінің жарнамадағы, қоғамдық тамақтандыру объектілеріндегі лексикалық және грамматикалық ережелерін бұзудың алдын алу мақсатында жұртшылықтың қатысуын қамтамасыз ету және жедел шаралар қабылдау үшін жергілікті атқарушы органдар жанынан «жедел желі» қызметі құрылатын болады.

Ғылыми дәрежелерді беруде және ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін бағалауда, тіркеуде, диссертациялар мен ғылыми есептердің бір данасының қазақ тілінде әзірленуін міндеттеу және оларды қазақ тілінде қорғауды ынталандыратын шаралар желісі қалыптастырылады.

Мемлекеттік емес ұйымдардағы қазақ тілінің қызметін реттеу мақсатында тіл үйрету орталықтарына, кабинеттеріне, үйірмелеріне ұйымдастырушылық және оқу-әдістемелік қолдау көрсетіледі. Мемлекеттік емес мекеме қызметкерлері үшін қазақ тілін оқып, үйренудің жаңа форматтағы курстары ұйымдастырылады.

Қоғамның барлық салаларында мемлекеттік тілдің басымдығын қалыптастыру, қолданыс аясын кеңейту және беделін көтеру бойынша іс-шаралар кешенді жүргізілетін болады. Мемлекеттік қызмет және қызмет көрсету салаларында қазақ тілінің басымдығын қалыптастырудың ұйымдастыру жұмыстары әзірленіп, жүзеге асырылады.

Тілдік, этнодемографиялық және саяси жағдайларды ескере келе, қазақстандық қоғамның бірегейлігін нығайту факторы болып табылатын «Мемлекеттік тіл туралы» арнайы Заң әзірлеу маңызды мәселе.

Мұндай Заң мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің мәртебесін нақты белгілеуге, оны пайдалану саласын айқындауға, қолданыс мәдениетін арттыруға зор мүмкіндіктер береді. Аталған Заңды қабылдаудың алғышарттарын қалыптастыру жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілетін болады.

## **2-тарау. Тілдік жоспарлауды жүзеге асыру**

### **1-параграф. Қазақ тілінің емле ережелерін жетілдіру**

Тіл жанды құбылыс ретінде заманға сай өзгереді, дамиды, түрленеді. Соған сәйкес жазу нормаларының да өзгеріп отыруы – заңдылық. Тілдік норманы қолдануды оңтайландырудың негізгі мақсаты да осы себептерге байланысты.

Қолданыстағы қазақ тілінің емле ережелеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу арқылы әртүрлі вариацияға ие болған сөздерді біріздендіру, күрделі сөздер мен күрделі сөз атауларының жазылуын біріздендіру жұмыстары жүргізіледі.

Азаматтардың аты-жөнін жазуға, бекітілген терминдердің, ономастикалық атаулардың жазылуы бойынша қоғам арасында туындаған

мәселелерді лингвист-ғалымдармен талқылау жұмыстары жүргізіледі. Өзгерістер мен толықтырулар енгізілген қолданыстағы орфографиялық ережелер ғылыми талқылаудан және әдістемелік сараптамадан өткізіледі. Қазақ тілінің пунктуациялық ережелеріне түзету, толықтыру жұмыстары жүргізіледі.

Қолданыстағы Емле ережесінің және пунктуациялық ережелердің электронды нұсқасының көпшілікке қолжетімділігі қамтамасыз етіледі. Емле ережесінің нормасын нормативтік-құқықтық актімен бекіту құзыретін тілдерді дамыту саласындағы уәкілетті органға беру мәселесі пысықталады.

Қазақ тілінің ортологиялық құралдары: Орфографиялық, Орфоэпиялық сөздіктері мен Емле анықтағышының электронды нұсқаларының қолжетімділігі қарастырылады. Қолданыстағы тіл нормаларын жетілдіру қоғамдағы қазақ тілі нормаларын сақтамай жазу мәселесіне қатысты пікірлердің алдын алуға мүмкіндік береді. Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жұмыстарын жалғастыру болып саналады.

## **2-параграф. Латын графикасына көшудің бағыттары**

Жаңа әліпбиге көшу, тілдік жоспарлауды жүзеге асыру, тіл мәдениетін сақтау – еліміздің ішкі саясаты саласындағы аса маңызды модернизациялық жоба. Қазақ тілінің табиғи әлеуетін толық ашу, қолдану және мемлекеттік тіл ретінде барлық салаларда жетекші рөлге ие болуы үшін тілдік норманы қолдануды оңтайландыру жүргізіледі. Тілдік жоспарлау латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиі мен оның Емле ережелері нұсқасын тиісті нормативтік-құқықтық құжаттармен қабылдауды қамтиды.

Қолданыстағы қазақ тілінің Емле ережелерін жаңа әліпбиге негіздеу барысында толықтырулар мен өзгерістер енгізіледі. Орфографиялық ережелердің ғылыми-әдіснамалық негіздемесі жасалады.

Жаңа емле ережелері барысында шеттілдік сөздерді қазақ тілінің заңдылығына сәйкес игеру, қазіргі жазу дәстүрінде әртүрлі вариацияға ие болған немесе бірдей үлгідегі сөздерді жүйелеу, сараптап біріздендіру мәселелері қарастырылады.

Емле ережесінің заңдылық нормасы және оны нормативтік құжатпен бекіту құзыретін тілдерді дамыту саласындағы уәкілетті органға беру қарастырылады.

Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі мен Емле ережесін қолданысқа енгізудің ғылыми-практикалық жұмыстарын үйлестіру үшін жұмыс топтары құрылады: Орфографиялық, Әдістемелік, Техникалық сүйемелдеу жұмыс топтары.

Әліпби таңбаларының пернетақтада орналасу тәртібін белгілеу стандарты бекітіледі.

Қазақстан аумағына әкелетін және ел аумағында өндірілетін компьютерлер, пернетақталар, ұялы телефондар т.б. техникалық құралдар

мен медициналық, өндірістік жабдықтар, кассалық аппараттар сияқты өнімдерде қазақ тіліндегі ақпараттың, қазақтілді интерфейстің және қазақ әріптерінің болуын қамтамасыз етуге бағытталған нормативтік-құқықтық актілердің тиісті нұсқалары әзірленеді және қабылданады.

Қазақ әліпбиін латын графикасына кезең-кезеңмен көшіру жұмыстары жүргізіледі. Білім беру ұйымдары кезең-кезеңмен латын графикасына көшіріледі.

### **3-параграф. Латынграфикалы әліпби негізінде қазақ тілінің ортологиялық құралдарын әзірлеу**

Латын графикасы негізінде қазақ тілін және емле ережелерін ортологиялық кодтау – жаңа әліпби негізінде сөздіктерді әзірлеу (қазақ тілінің орфографиялық сөздігі, қазақ тілінің емле анықтағышы, қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі және т.б.).

Орфографиялық және орфоэпиялық сөздіктерді әзірлеу барысында тілдік қолданыстарды, үдерістерді саралау және оның ішкі өзгерістері мен дамуын анықтау үшін ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізіледі. Орфографиялық сөздіктің орфоэпиялық нормадағы қолданысы көрсетіле отырып әзірленеді, ғылыми талқылаудан өткізіледі.

Әртүрлі тұтынушы топтарға (мектеп оқушылары, редакторлар, дикторлар, саясаткерлер, сауда менеджерлері, копирайтерлер мен спичрайтерлер, ғылыми мамандар, көпшілікке, т.б. сұраныс деңгейіне қарай) арналған құралдар әзірленеді.

Қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес латынграфикалы әліпби негізінде шеттілдік терминдердің ауызша және жазбаша игерілу тетіктерін көрсете отырып анықтамалықтар, нұсқаулықтар әзірлеу, латынграфикалы әліпби негізінде дайындалатын салалық түсіндірмелі терминологиялық сөздіктерді шығару көзделеді.

Емле ережесі, Емле анықтағышы, орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктердің электронды нұсқаларының көпшілікке қолжетімділігі қарастырылады.

Қазақ жазуына қатысты реформалардың нәтижелерін сараптау, талқылау, бекіту үшін ведомствоаралық сарапшы орган Орфографиялық комиссия құру көзделеді. Орфографиялық комиссия қазақ жазуының өзекті мәселелерін ғылыми талқылаудан өткізу, орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктерді ғылыми талқылау және бекіту, сараптама жасау және т.б. функционалдық міндеттерді қарастырады.

### **4-параграф. Ономастикалық кеңістікті латынграфикалы әліпби негізінде реттеу**

Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі бекітілгеннен кейін соның негізінде тиісті ономастикалық кеңістікті физика-географиялық

объектілердің, әкімшілік-аумақтық бірліктердің және олардың құрамдас бөліктері атауларының біркелкі жазылуына орай олардың атауларын стандарттау мәселесі қарастырылады.

Жаңа атауларды кеңінен насихаттау, қалалардың халықаралық атаулары мен кодтарын латынграфикалы атауларға сәйкес келтіру (атап айтқанда, әуе және теміржол қатынастары саласында), трансшекаралық аймақтардағы топонимдік атаулардың карталарда дұрыс жазылуын қамтамасыз ету іс-шаралары іске асырылады.

Республикадағы жаңартылған ономастикалық атаулардың халық арасында кеңінен қолданылатын карталарға (Google, Yandex, 2GIS), сондай-ақ навигациялық құралдарға енгізу жұмыстарын мүдделі мемлекеттік органдар әкімдіктермен бірлесіп жүргізеді.

Уәкілетті орган халықаралық дерекқорларда географиялық объектілердің жаңа атауларын уақытылы енгізілуін бақылау, жергілікті жерлерде халық арасында ақпараттық насихат жұмыстарын жүргізу қарастырылады.

#### **5-параграф. Антропонимика (қазақ есімдерінің дұрыс жазылуы) саласын латынграфикалы әліпби негізінде реттеу**

Қазақстан азаматтары аты-жөндерінің латын графикасы негізінде жазылу ережесі сала ғалымдарын тарта отырып әзірленеді және бекітіледі.

Халыққа қызмет көрсету орталықтарының, Азаматтардың хал актілерін тіркеу бөлімдерінің қызметкерлеріне әдістемелік көмекші құрал ретінде қазақ есімдерінің тізбесі жасақталып, орталықтандырылған электронды база әзірленеді.

#### **6-параграф. Қазақ әліпбиін латын графикасына кезең-кезеңмен көшірудің ғылыми-әдістемелік және ұйымдастыру іс-шараларын үйлестіру**

Қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің бастапқы сатысында (5 жылдан кем емес) қазіргі кирилл графикасындағы қазақ әліпбиі латын графикасындағы әліпбимен қоса жүргізіледі. Қазіргі әліпби қазақ әліпбиін латын графикасына кезең-кезеңмен көшірудің жол картасына (іс-шаралар жоспарына), білім беру ұйымдарын кезең-кезеңмен латын графикасына көшірудің кестесіне сәйкес бірте-бірте қолданыстан шығарылады.

Латынграфикалы әліпбиді енгізуге қажетті ғылыми-әдістемелік мазмұндағы және қоғамдық-көпшілік бағыттағы маңызды шаралар жоспарланады және ұйымдастырылады.

Қоғам үшін әліпби нұсқасын және орфографиялық ережелерді таныстыруға арналған дәрістер, кездесулер өткізіледі, әліпби нұсқасын және орфографиялық ережелерді үйрету әдістемесінің ғылыми әдіснамасы әзірленеді, әліпби нұсқасын және орфографиялық ережелерді үйрету

бойынша әртүрлі әлеуметтік топтарға арналған оқу-әдістемелік құралдар әзірленеді, онлайн сабақ үлгілері, мобильді қосымшалар, мультфильмдер әзірлеу және оларды сайттарға орналастыру, жариялау жұмыстары жүргізіледі. Барлық өңірлерде курстар ұйымдастырылады. Жаңа әліпби және оның емле ережелерін өз бетінше меңгеруге арналған ІТ бағдарламалар, мобильді қосымшалар, аудио, бейнесабақтар әзірленеді. Осы уақытқа дейінгі рухани дүниелеріміздің барлығын латын графикасына бір мезетте аударуға мүмкіндік беретін «Qazlatyn.kz» порталының жұмысы жалғастырылады.

Латынграфикалы әліпбидің қолданысқа енуіне байланысты көрнекі ақпараттарды (сыртқы көрнекі ақпарат, жарнама, маңдайшалар, заттаңбалар және т.б.) реттеу көзделеді. Көрнекі ақпараттарды реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру мәселесін зерделеу жұмыстары жүргізіледі.

Көрнекі және жарнамалық өнімдерде латынграфикалы әліпбиді қолдану бойынша нұсқаулықтар әзірленеді. Латынграфикалы әліпби негізінде жазылған қазақтілді мәтіндердің аудармасы мен редакциясын автоматты жүзеге асыру құралдарын дамыту жүйесін жолға қоюдың бастапқы сатысы іске асырылады.

Республикалық, өңірлік кітапхана қорының, архивтердің электронды форматын кезең-кезеңмен латын графикасына негізделген әліпбиге көшірудің бастапқы сатысы іске асырыла бастайды.

Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың маңдайшалары мен басқа да көрнекі ақпараттарды латын графикасы негізіндегі мемлекеттік тілде ресімдеуді қамтамасыз ету, мемлекеттік тілде іс жүргізу, азаматтардың паспорттары, жеке куәліктерін жаңа әліпбиге ауыстыру жұмыстарын үйлестірудің бастапқы сатылары іске асырылады.

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру келешекте қоғамның ұлттық бірегейлігін нығайтуға ықпал ететін іс-шаралардың бірі болады. Қазіргі қазақ жазуындағы кірме таңбалардан арылып, қазақ тілінің төл дыбыс құрамы анықталады. Емле ережесіне осы уақыт аралығында жүргізілген тіл ғылымындағы соңғы жаңалықтар енеді. Қазақ тілі қазіргі заманғы технологияларға бейімделіп, қолдану кеңістігі артады.

### **3-тарау. Тіл үйрету әдістемесін жетілдіру**

#### **1-параграф. Қазақ тілін үйрету әдістемесі**

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін үйретудің әдістемесін жетілдіру, тіл үйретудің отандық және шетелдік ең озық тәжірибелерін жинақтап, көпшілікке қолжетімді ету және ортақ жүйесін қалыптастыру, сондай-ақ этнос тілдерін үйретудің сапалық деңгейін арттыру мәселелерін жүзеге асыру жұмыстары жалғасатын болады.

Тілдік жоспарлауды жүзеге асыру, оның қолданыс аясын кеңейту негізгі міндеттердің бірі болғандықтан, мемлекеттік тілді меңгертуде әлемдік



үздік тәжірибенің оң элементтерін (ағылшын, орыс, испан, неміс, француз, түрік, корей және қытай тілдерінің) мүмкіндігінше тиімді қолданған дұрыс.

Атап айтқанда, бүгінгі ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, тіл үйретудің сапасын арттыру маңызды. Сондай-ақ, әдістемені жетілдіруге байланысты ғалымдарды тарту, оқытушылардың әдістемелік дағдыларын арттыру, тәжірибе алмасу, ынталандыру шаралары қарастырылады.

Қазіргі жаһандану заманында қоғамда түрлі салалар пайда болуда. Сәйкесінше, экономика мен технологиялардың қарқынды даму жағдайында еңбек нарығының өзгермелі талаптарына бейімделуге және өз әлеуетін іске асыруға қабілетті жоғары кәсіби мамандарға деген қажеттілік артып келеді.

Әсіресе ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін жан-жақты пайдалану арқылы тіл үйретудің тиімділігі мен сапасын арттырып, қазақ тілінің оқыту әдістемесін жетілдіру, мемлекеттік тілді үйретуші оқытушылардың әдістемелік дағдыларын арттыру, жас мамандарға әдістемелік көмек беру, өзара тәжірибе алмасу мәселелері қарастырылады.

Осыған байланысты қоғамның әртүрлі салаларында қызмет ететін азаматтарға мемлекеттік тілді үйрететін оқу орталықтарының әдіскерлері мен оқытушыларының біліктілігін арттыру мәселесі ерекше маңызға ие болады. Оқытушылардың кәсіби құзыреттілігі мен базалық құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ету күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі.

Мемлекеттік тілді оқыту мен қазақ тілін шет тілі ретінде үйрету бойынша қолда бар әдіснаманың бүгінгі цифрлы қоғамдағы тіл үйрету технологияларына ілесе алмауына байланысты, оны дамыту, қайта жетілдіру жұмыстары жүргізіледі.

Инвестициялар және даму министрлігі «Қазақстан стандарттау және метрология институты» РМК-ның 2023 жылғы жоспарына енгізілген «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің ұлттық стандартын» жаңарту жұмыстары жүргізіледі.

Тілді үйретудің әлемдік тәжірибесіне сүйене отырып, мемлекеттік тілді оқыту мен қазақ тілін шет тілі ретінде үйрету бойынша қарапайым деңгейді ( $A_1$ ), базалық ( $A_2$ ), орта ( $B_1$ ), ортадан жоғары ( $B_2$ ), жоғары деңгейлерде ( $C_1$ ) меңгерудің жалпы талаптары, коммуникативтік, грамматикалық құзыреттілік мазмұндары жүйеленеді.

Стандартта қазақ тілін деңгейлеп оқытудың ұстанымдары, деңгейлік оқыту мазмұны, тіл үйренушілердің білім деңгейіне қойылатын талаптары, тілді меңгеру міндеттері бірыңғай жүйеге келтіріледі. Тілдерді дамыту саласына жауапты қызметкерлер және оқыту орталықтарының оқытушылары мемлекеттік тілді оқыту әдістемесінде және оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеуде басшылыққа алатын бірден-бір нормативті құқықтық құжат болады.

Бұл құжат қоғамның барлық саласында мемлекеттік тілді оқыту мен қазақ тілін шет тілі ретінде үйрету бойынша бірізді жүйеге түсірудің басты талаптарын белгілейді.

Тіл үйрету әдістемесін жетілдіру барысында қазіргі озық халықаралық тәжірибелерді сараптауға, олардың оң нәтижелерін қазақ тілін үйрету әдістемесінде қолдануға кеңінен мүмкіндіктер жасалады.

Аталған бағыттағы жұмыстарды жүзеге асыру барысында қазақ тілін оқытудың сапасы, әдістемесі, контентінің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігі артады, тіл үйренушілердің нәтижеге қол жеткізуін және тіл үйретушілердің біліктілігін арттырады, жұмысының сапасын көтереді.

Заман талабына сай тіл үйренушілердің сұраныстарына жауап беру үшін қазақ тілін үйрету әдістемесінің тиімділігін арттырудың мынандай жолдары қарастырылады:

1. Қазақ тілін үйрету әдістемесіне арналған ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектерді жүйелеудің арнайы ортақ базасы қалыптастырылады. База зерттеушілердің, ізденушілердің, оқытушылар мен әдіскерлердің, тіл үйренушілердің қажеттілігін қамтамасыз етеді. Кез келген тұтынушы базаға тіркеліп, материалдарды оқуға, жүктеп алуға және өз ұсыныстарын енгізуге мүмкіндік алады. Нәтижесінде қазақ тілін үйрету ресурстары тек оны үйретушілер мен зерттеушілер үшін ғана емес, үйренушілер үшін де қолжетімді болады.

2. «Қазақ тілі» ашық онлайн курстарын ұйымдастыру жоспарлануда. Жобаның мақсаты – мемлекеттік тілді үйрену курстарын әртүрлі жастағы азаматтарға қолжетімді ету, сол арқылы қазақ тілін меңгергендердің санын арттыру.

3. Қазақ тілінің әдістемесін жетілдіру үшін қазақ тілін үйрететін оқытушылар мен әдіскерлердің біліктілігін арттыратын тағылымдамалар мен курстарды ұйымдастыру көзделеді. Шетелдік тіл оқыту әдістемесін зерттеумен айналысатын институттар және орталықтармен тәжірибе алмасудың тетіктері қарастырылады, соның нәтижесінде қазақ тілін үйрету әдістемесі жаңарып, оқытудың сапасы артады.

4. Қазақ тілін үйретуге арналған оқу-әдістемелік кешендерді шығару, тарату, насихаттау жұмыстары жалғастырылады. Қазақ тілін оқытудың 5 деңгейіне арналған оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар т.б. өнімдердің саны мен сапасы артады.

5. Балаларға, оқушыларға, студенттерге, мамандықтар мен кәсіптерге арналған тіл үйрету құралдарының әдістемелік тәжірибелерін саралау жұмыстары жүргізіледі.

## **2-параграф. Қазақ тілін оқыту жүйесі**

Елімізде мемлекеттік тілді толық меңгермегендер барлық салаларда қызмет атқарады. Тілді меңгермеудің басты себебі – мемлекеттік тілді

үйретудің ортақ жүйесі жасалмаған және жүйелі білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастық сақталмайды, сондай-ақ үздіксіз дамытатын әдістеме қалыптаспаған.

Қазіргі таңда сабақтастықта деңгейлеп сатылап оқыту (мектеп-колледж-ЖОО) мәселесі де өзекті, сол себепті мектепте алған білімін колледж немесе ЖОО-да сабақтастықпен әрі қарай дамыта оқыту әдісі арқылы жалғастыратын болады.

Мектептен бастап ересек адамдарға дейінгі тіл үйретудің жүйесі әзірленеді. Жүйе екі бағытты қамтиды. Біріншісі, тіл үйретудің мемлекеттік ортақ жүйесі жасалады. Екіншісі, осы жүйеге сәйкес мектептен бастап ересек адамдарға дейін тіл үйретудің сапасын арттыру арқылы жаңа мазмұндағы оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік кешендер, сондай-ақ заманауи оқыту технологиялары қалыптасады және мұғалімдер мен оқытушылардың ғылыми-әдістемелік әлеуеті артады.

Тіл үйретудің мазмұны білім беру деңгейлеріне негізделеді және жеңілден күрделіге қарай принципі ескеріледі. Сол арқылы тіл үйренуші өзінің сөздік қорын қалыптастырып, мектептерде сыныптар арасындағы тілдік материалды берудің сабақтастығы сақталады және осындай қағидат жалпы білім алушыларға, ересектерге тіл үйретуде де жүзеге асырылады. Соның нәтижесінде республика бойынша мемлекеттік тілді үйретуде әдістемелік «мектеп – колледж – ЖОО – мемлекеттік қызмет – қызмет көрсету жүйесі» қалыптасады. Салалар бойынша қоғамдық және кәсіби тақырыптарда еркін сөйлесу, азаматтармен еркін әңгімелесу, қызметтік құжаттарды толтыру қарастырылады.

Мектепте бастауыш, негізгі, жалпы орта білім беру деңгейлері бойынша әр сыныпта меңгерілетін тілдік мазмұн беріледі. Ол А1 (қарапайым), А2 (базалық), В1 (орта), В2 (ортадан жоғары) деңгейлеріне сәйкес келеді.

ТЖКБ ұйымдарында қазақ тілі 1, 2 курстарда оқытылады. Ол 9-сыныпты бітіргендер үшін В2 (ортадан жоғары) деңгейіне, 11-сыныпты бітіргендер үшін С1 (жоғары) деңгейіне сәйкес келеді.

ЖОО-да қазақ тілі 1, 2-курстарда оқытылады. Ол тіл үйретудің С1 (жоғары) деңгейіне сәйкес келеді.

Магистратурада ЖОО-да бакалавриатта басталған С1 (жоғары) деңгейі кеңейтіліп оқытылып, кәсіби лексика мен ғылыми стильге ерекше мән беріледі. Докторантурада бакалавриат және магистратурада алған С1 (жоғары) деңгейі бойынша тілдік білім кеңейтіліп беріліп, ғылыми терминология мен стильге мән беріледі.

Мемлекеттік қызметте мемлекеттік қызметшілер қазақ тілін С2 (кәсіби) деңгейі бойынша меңгереді. Мемлекеттік қызметшілердің жазбаша ақпарат әзірлеу, баяндама дайындай алу, ресми стильдегі жазбаша мәтіндерді меңгеруі көзделеді.

Қызмет көрсету салаларының қызметкерлері қазақ тілін С2 (кәсіби) деңгейі бойынша меңгереді. Сала бойынша қоғамдық және кәсіби тақырыптарда еркін сөйлесу, азаматтармен еркін әңгімелесу, қызметтік құжаттарды толтыру қарастырылады.

Қазақ тілін үйрету жүйесін қалыптастыру үшін мектептерге арналған А1, А2, В1, В2 деңгейлері, колледждерге арналған В2, С1 деңгейлері, ЖОО-ға арналған С1 деңгейі, мемлекеттік қызмет және қызмет көрсету салалары қызметшілері мен мамандарына арналған С2 деңгейі бойынша лексикалық және грамматикалық минимумдар іріктеліп, оқу бағдарламалары мен оқу құралдары, басқа да көмекші құралдары әзірленеді. Соның негізінде елімізде қазақ тілін үйретудің ортақ жүйесі жасалады.

Тілдік мазмұн және оны игертудің әдістемесімен бірге деңгейдің сертификаттық межелері бекітіледі. Соған орай, олардың әрқайсысында қазақ тілін меңгеру көлеміне орай шарттар мен талаптар негізінде бақылау емтиханы мен тест тапсырылады. Осындай міндеттілік мемлекеттік тілге деген қажеттілік пен сұранысқа ықпал етеді.

Мемлекеттік тілді оқытудың білім беру деңгейлеріне құрылған ортақ жүйесі нәтижесінде тіл үйренудің барлық деңгейлері бойынша талап қойылып, мемлекеттік тілге деген қажеттілік пен сұраныс артады.

### **3-параграф. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау**

ЖОО-да Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағытының жіктеуішіне сәйкес «6B01 Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының «6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау» мамандығы бойынша «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шет тілі: екі шет тілі», «Қазақ тілінде оқытпайтын қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілінде оқытпайтын орыс тілі мен әдебиеті» мамандықтарының мұғалімдерін даярлау жүзеге асырылады.

«Қолданбалы лингвистика», «Қазақ және ағылшын тілдері» мен «Лингвистика» білім беру бағдарламалары тек М. Narikbayev KAZGUU UNIVERSITY жүзеге асырып отыр.

Осыған байланысты қазақ тілін өзге тілді аудиторияға үйрету үшін арнайы мамандар даярланатын болады. Соның ішінде тек орыстілді аудиторияға ғана емес, ағылшынтілді аудиторияға қазақ тілін үйрететін мамандарға да сұраныс бар екені анық. Қазақ тілі мен мәдениетін үйренуге ниет білдіретін шетелдік азаматтардың саны күн санап артып келеді. Сол себепті қазақ және ағылшын тілінің мұғалімі немесе қазақ және ағылшын тілдері мен лингвистика сияқты білім беру бағдарламаларын ЖОО-ларда іске асыру жұмыстарын жүргізу көзделеді.

Компьютерлік лингвистика білім беру бағдарламасы гуманитарлық және математикалық білімі, сондай-ақ бағдарламалау дағдылары бар теориялық және қолданбалы тіл білімі бойынша мамандарды даярлайды.

Қазақ тілін әдістемелік, ғылыми, теориялық, IT саласында жетілдіру үшін «Қолданбалы лингвистика», «Компьютерлік лингвистика», «Қазақ және ағылшын тілдерінің мұғалімі», «Қазақ тілі мен әдебиетін ағылшын тілді мектептерде оқытатын мұғалім», «Қазақ тілі мен әдебиетін орыс тілді мектептерде оқытатын мұғалімді даярлау» білім беру бағдарламаларын ЖОО-да іске асыру жоспарлануда.

Аталған білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлау нәтижесінде тілді цифрландыру және лингвистиканың қолданбалы сипаты артады.

#### **4-параграф. Азаматтарға мемлекеттік тілді оқытуда ваучерді қолдану**

Зерттеу нәтижесіне сәйкес 1 025 270 (8,1%) ересек респондент мемлекеттік тілді білмейді (2,5%-і қазақ тілін мүлде білмейді, 5,6%-і кейбір сөздерді түсінеді). Осы санаттағы ҚР азаматтарына «Тілдік ваучер» жобасы арқылы қазақ тілін тегін оқуға қолайлы жағдай жасалады. Ваучер білім алу, кәсіби біліктілікті арттыру, қайта даярлау курстарынан өтудің тиімді құралы ретінде қолданылатын болады.

Жоба жергілікті әкімдіктер есебінен қаржыландырылып, қазақ тілін оқыту жұмысын жекеменшік тіл орталықтары іске асырады. Мысалы, номиналды құны 5000 теңге (бір данасы) болатын тілдік ваучерлерді тіл оқып-үйренуге ниет білдірген кез келген азамат (бұдан әрі - тыңдаушы) алады.

Тыңдаушы ұсынылған ваучер негізінде кез келген жекеменшік тіл орталығындағы (бұдан әрі – Орталық) курстарға қатысады. Курс нәтижесі бойынша ҚАЗТЕСТ сынағын тапсырып, алған білімін растайды. Тестілеу нәтижесі қанағаттанарлық болған жағдайда, Орталық ваучерлердің номиналды құнына сәйкес көрсетілген қызметтер үшін мемлекеттен нақты қаржы алады.

Ваучерлер белгілі бір конкурстық негізде тіл үйренушілер арасында шектеулі сандық мөлшермен (мысалы бір қолға 10 ваучерден артық берілмейді) таратылады.

Жалпы тіл оқыту жұмысының жекеменшік секторға берілуінің де басымдықтары жоғары. Тілдік ваучерлерді енгізу есебінен жекеменшік тіл орталықтарының, мектептердің саны артады, оқытушылардың арасындағы бәсекелестіктің нәтижесінде қазақ тілін оқыту әдісі мен әдістемесі жетіле түседі, жаңа жұмыс орындары пайда болады, мемлекеттік тілдің танымалдылығын арттыру қоғамды ұйыстырудың басты тетігіне айналып, қазақ тілді орта қалыптасады.

**5-параграф. Ерекше қажеттілігі бар азаматтарға тіл үйрету әдістерін жетілдіру**

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев Ұлттық қоғамдық кеңестің екінші отырысында ерекше қажеттілігі бар азаматтарға қолдау көрсетудің тиімді жүйесін енгізу қажеттігін атап өтті. Бұл бағытта елімізде осы санаттағы азаматтар үшін білім беру қолжетімдігін арттыру аясы кеңейіп, олардың әлеуметтік ахуалын жақсартуға мән беріліп келеді. Дегенмен ерекше қажеттілігі бар азаматтарды оқып-үйретуде қазіргі уақыт талабына сай келмейтін біліктілік стандарттары мен өлшемдері қолданылады, бұл ереше қажеттілігі бар азаматтардың әлеуметтік жағынан оқшаулануына алып келеді.

Мүгедектігі бар азаматтарды оқытуды ұйымдастырудың негізгі принциптері ретінде:

- азаматтардың тіл үйренуге деген қызығушылығын IT-технологиялар арқылы арттыру көзделеді;
- оқытудың барлық сатысында өз бетімен қосымша жұмыс жүргізу ұйымдастырылады;
- қашықтан оқыту кезінде білім деңгейінің даму траекториясы бақыланады;
- ерекше қажеттілігі бар азаматтарға тіл үйрету әдістерін жетілдірудің жолдары олар үшін ишарат тілінің жүйесін жетілдіру, сондай-ақ оларға мемлекеттік тілді оқытудың әдістемелік негізін дайындау жұмыстарын жүргізу жоспарланады.

Ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған тіл үйрету әдістерін жетілдірудің оқу жоспары мен бағдарламасын әзірлеу жұмыстары пысықталатын болады. Есту және сөйлеу қабілеттерінде кемістігі бар азаматтарды оқытатын арнайы білікті мамандар даярлау, тренерлерді оқыту жұмыстары қарастырылады.

Қазақ тіліндегі сурдоаудармашыларды оқытатын материалдарды әзірлеу, ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арнайы тактильді нүктелі-бедерлі шрифтпен, ірі қаріппен және Брайль қарпімен жазылған оның ішінде танылған халықаралық практикаларды енгізуді ескере отырып, оқу-әдістемелік құралдарды шығару мәселелері талқыланатын болады.

Қазақ тіліндегі баспа мәтіндерін дыбыстандыру сервисін құру жұмыстарын жүргізу көзделіп отыр.

**6-параграф. Шетелдердегі қандастарға әдістемелік қолдау көрсету**

Әрбір дамыған мемлекет әлемдік деңгейде өз тілін, әдебиетін, мәдениетін мүмкіндігінше көбірек адамға үйрету, насихаттау, таныстыру жұмыстарын жүргізуде және сол арқылы тілдің әлеуетін арттыруды көздейді.

Шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдеріне ана тілін үйренуі үшін жүйелі түрде әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау көрсетіледі. Шетелдегі қандастарды оқытатын орталықтардың білім беру бағдарламаларына мониторинг жүргізіліп, ынтымақтастық орнату жұмыстары жүргізіледі.

Қазақ тілінің халықаралық деңгейде қолданылуына ықпал ету, шетелдегі сұранысы бар азаматтардың қолдануына, қазақ тілінде білім алуын оңтайлы ету мақсатында «Абай институты» жобасын жүзеге асыру, мәртебесін көтеру, халықаралық деңгейде тілдерді үйрететін танымал институттар үлгісімен дамыту көзделеді. Сонымен қатар шетелдегі қазақ диаспораларына қазақ тілін үйрететін оқытушылардың біліктілігін арттыру семинарлары жалғасады.

Әлеуметтік маңызы бар әдебиет түрлері арқылы жарық көретін қазақ ақын-жазушыларының кітаптарын таратуды Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, жыл сайын басып шығарылған өнімдерді тұрақты түрде шетелдегі дипломатиялық арналар арқылы тарату жоспарланады.

Шетелдегі қазақ диаспорасына арналған «Туған тіл» еларалық қоғамдық-саяси, әдеби-ғылыми альманағы жыл сайын шығарылатын болады.

Шетелдегі қазақ диаспорасына кешенді түрде қолдау көрсетіліп, ынтымақтастық орнатылады.

### **7-параграф. «ҚАЗТЕСТ» жүйесін жетілдіру**

«ҚАЗТЕСТ» жүйесінің технологиясы диагностикалық және сертификаттық тесттен тұрады. Қазақстан Республикасындағы тілдік жағдай мәселелері бойынша әлеуметтік зерттеу нәтижесінде мемлекеттік тілді меңгеру деңгейіне баға беретін жүйе туралы халықтың жартысынан көбі (52,1%) білетіндігі анықталған. Сондай-ақ «ҚАЗТЕСТ» жүйесі арқылы сынақ тапсыруды респонденттердің 84,8%-і қолдаған.

«ҚАЗТЕСТ» жүйесі 17 жылдан бері үздіксіз жұмыс істеп келеді, осы уақыт аралығында жарты миллионға жуық азамат, соның ішінде 15 жыл ішінде 21 082 «Болашақ» үміткері тестілеуден өтті. Тілші ғалымдар, әдіскерлер, тестология саласының мамандары жүйеде 200 мыңнан астам тест тапсырмаларының қорын әзірлеп, қолданысқа енгізді.

Жүйе арқылы тест тапсыру «НЗМ» ДББҰ мұғалімдері, «Haileybury» мектептерінің жоғары сынып оқушылары, Қазақстан Республикасы ҰҚК академиясының үміткерлері, докторантураға үміткерлер мен «Болашақ» степендиясына үміткерлерге міндеттелген тест түрі ретінде жалғасатын болады.

Мемлекеттік қызметшілер мен қызмет көрсету органдарына, т.б қызметкерлерге қызметке орналасу барысында «ҚАЗТЕСТ» жүйесі арқылы тест тапсыру заңнамалық тұрғыда міндеттелмеген. Аталған мәселені қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге тиісті өзгерістер енгізу арқылы шешу қажет етіледі.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, бүгінде Қытай, АҚШ, Финляндия, Оңтүстік Корея және Грузияда мектеп бітіруші түлектер жоғарғы оқу орнына түсер кезде міндетті пән ретінде өздерінің ана тілі мен әдебиетінен емтихан тапсырады. Бұл өз кезегінде жас буынның тілдік ортаға кедергісіз араласуына мүмкіндік беріп, ұлттық құндылықтарды бағалауына, өз елінің тілі мен мәдениетін терең ұғынуына ықпал етеді. Аталған елдер тілдік саясат мәселесін осындай тетіктер арқылы шешіп отыр.

Сондай-ақ қазіргі уақытта «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заңға мемлекеттік тілді, Қазақстанның тарихы негіздерін және ұлттық заңнаманы білу қажеттігі туралы қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізілуде.

Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда қызмет ететін сала мамандарының мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін анықтау мақсатында «ҚАЗТЕСТ» сертификатын міндеттейтін нормаларды енгізу пысықталатын болады.

«ҚАЗТЕСТ» жүйесі тіл үйренушінің қазақ тілін қандай деңгейде меңгергендігін және оның коммуникативтік-тілдік құзыреттілігінің қандай дәрежеде қалыптасқандығын анықтау мен бағалауға мүмкіндік береді.

Тілдік білімді бағалау қазақтілді ортаның қалыптасуына ықпал етеді.

### **8-параграф. Тіл оқыту орталықтары**

Мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындар санының артуына Тіл оқыту орталықтарының да үлесі бар. Сондықтан ересек тұрғындарды тегін оқыту мақсатында құрылған мемлекеттік Тіл оқыту орталықтарындағы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің курстары жалғастырылады.

Тілдерді оқыту орталықтары оқытушыларының жалақысының төмендігінен мамандар тұрақсыздығы орын алуда. Бұл өз кезегінде тілді меңгерту сапасының төмендігіне әсер етіп отыр.

Осыған орай, Тілдерді оқыту орталықтары оқытушыларының мәртебесін, жалақысын көтеру мақсатында «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына (түзету коэффициенті деңгейін көтеру арқылы) өзгерістер енгізу мәселесі пысықталатын болады.

Нәтижесінде оқыту сапасы артып, орталықтарға білікті кадрлар тартылады. Білікті оқытушылардың пулы қалыптастырылады.

### **9-параграф. Этнос өкілдерінің тілді меңгеруіне жағдай жасау**

Этнос тілдерін меңгертуге арналған онлайн сабақтар әзірленіп, аталған курстың ауқымын кеңейту жұмыстары жүзеге асырылады.



2022 жылдан бастап аталған оқу курсы онлайн форматқа көшіріліп, оқу курсы неміс, украин, ұйғыр, кәріс, әзербайжан, дүнген этностарының арасында жүргізілді. Ендігі кезекте басқа да этнос тілдерін меңгертуге арналған онлайн сабақтар әзірленіп, аталған курстың ауқымын кеңейту жұмыстары жүргізіледі.

Мемлекеттік және этнос тілдерін үйрету әдістемесін одан әрі жетілдіру жұмыстары жүргізіледі.

Мемлекеттік тілді білу этнос өкілдеріне Қазақстан Республикасындағы барлық саяси, қоғамдық үдерістерді білуі мен тануына, оның рухани өмірінің толыққанды өкілі болуына кеңінен жол ашып, оның мәдени және интеллектуалдық деңгейін өсіреді. Сонымен бірге ана тілінде қалыптасқан танымы мен білімінің еселенуіне, соның негізінде бәсекеге қабілетті тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруына қажетті жағдайлар жасалады.

#### **4-тарау. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту**

##### **1-параграф. Көрнекі ақпарат тілі**

Көшелердегі көрнекі ақпарат елдегі қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық жағдайға әсер ететін факторлардың бірі болып табылады. Республикада көрнекі ақпаратты көшелерде немесе ұйымдарда орналастыруды заңнамада белгіленген тәртіппен кез келген жеке және заңды тұлға іске асыра алады.

Кәсіпкерлік субъектілеріне деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігіндегі тіл туралы заңнама талаптарын түсіндіру, әдістемелік көмек көрсету жұмыстары жалғастырылады.

Көрнекі ақпарат мәтіндерінің заң нормаларына сәйкес жазылуы бойынша «Атамекен» ҰКП-ның (өңірлік палаталарымен) және «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінің жергілікті жерлердегі филиалдарымен, басқа да үкіметтік емес ұйымдармен жұмыстарды жолға қою жүзеге асырылады.

Деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігінде заң нормаларының сақталуы бойынша «Атамекен» ҰКП-мен (өңірлік палаталарымен) өзара ынтымақтастықта жұмыс жүргізеді.

Сыртқы жарнама мен көрнекі ақпарат мәтіндерінің орфографиялық нормаға сәйкес жазылуын үйлестіру мақсатында тегін кеңес беретін «жедел желі» (call-center) және интернет желісі арқылы қызмет көрсетіледі.

Ақпараттық сүйемелдеу бойынша республикалық және өңірлік БАҚ беттерінде заң нормаларын түсіндіру бағытында жұмыстар тұрақты жүргізіледі.

Маңдайшалар мен көрнекі ақпарат мәтіндерін орналастыру кезінде кателердің алдын алу, яғни заң бұзушылықтың алдын алу мақсатында

хабарлама тәртібін енгізу бойынша жергілікті атқарушы органдарға құзырет беру қарастырылады.

Хабарлама тәртібін енгізу нормасы Тілдерді дамыту саласындағы уәкілетті органның орфография және мәтіннің тең түпнұсқалы аудармасы нормаларын сақтай отырып, маңдайшаларды орналастырудың қағидаларын әзірлеуге және бекітуге мүмкіндік береді.

Маңдайшаларды орналастырудың қағидалары пайдаланылу үшін жергілікті атқарушы органдарға таратылады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органында «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексінің 75-бабында көзделген тіл туралы заңнаманың деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігіндегі талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік шара қолдану құзыреті болуы тиіс. Тіл туралы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді қарау мақсатында жергілікті атқарушы органға мемлекеттік бақылау функциясын беру қарастырылады.

Мемлекеттік бақылау функциясын беру – «Бақылау жүзеге асырылатын кәсіпкерлік субъектілері қызметінің салалары» Кәсіпкерлік Кодексінің 138-бабына деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігінде тіл туралы заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асыру жөнінде толықтыру енгізумен байланысты. Бұл «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» ҚР Кодексінің 75-бабында көзделген нормаларды іске асыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, жеке және заңды тұлғаларға өз қызметтерін жүргізуге (объектілеріне атау беру) қолдау көрсету мақсатында қазақ тіліндегі атаулар сөздігін («korneki.kz» базасы) жасау жоспарлануда.

Атаулар базасында антропонимика, топонимика, астрономия, космоника және т.б. бағыттарда сөздер жинақталады. Бұл база заңды және жеке тұлғалардың қызметінде қолдануына, атау беруде таңдау жасауына мүмкіндік беретін болады. Аталған заңдық нормалардың қолданысқа енгізілуі – көрнекі ақпаратты орналастыру және орфографиялық нормаға сәйкес жазу мәселелерін толығымен реттейді.

## **2-параграф. Қоғамның тіл мәдениетін арттыру**

Қазақ әдеби тілінің ауызша және жазбаша түрінің қатар дамып, қоғам өміріндегі қызметінің өрістей түсуі, беделінің артуы үшін қоғамның сөз мәдениетін арттыру тіл саясатын жүргізудегі міндеттердің бірі.

Тілдік норманың сақталуы үшін тілдік құралдар, орфоэпиялық, орфографиялық, лексика-фразеологиялық, грамматикалық (морфологиялық, синтаксистік, сөзжасамдық) нормалар біріздендірілуі қажет. Осы бағытта әзірленген тілдік құралдардың қоғамға қолжетімділігі қарастырылады.

Моральдық принциптерге, мәдени-ұлттық дәстүрге негізделген этикалық және коммуникативтік нормалар белгілі бір жағдаятта тілдесуді, сөз саптаудың тәртібіне тән ережелерді сақтауды талап етеді.

Осы ретте тілдің қасиетіне, сөз құдіретіне, әсіресе, сөз мәдениетіне қатысты (тіл туралы нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, фразеологиялық сөз орамдары, аңыз адамдардың өсиеттері және т.б.) терең пайымдаулардың тілдің қоғамдық-әлеуметтік тіршілігімен байланыстылығын аңғартатын іс-шаралар саны арттырылады.

Әлеуметтік желі арқылы құнды ойлармен бөлісетін белгілі тұлғалардың, қоғам қайраткерлерінің, блогерлердің, әлеуметтік желіні белсенді пайдаланушы тұлғалардың парақшаларын тарату, халыққа танымалдығын арттыру, оларды еңбегіне қарай қоғам алдында ынталандыру, қолдау көрсету жұмыстары және әлеуметтік желідегі тілге қатысты жарияланған материалдарға мониторинг жүргізіледі.

Мәдени тілдік қоғамдастықта қалыптасқан тілдік, коммуникативтік, этикалық нормалардың эстетикалық принциптерін сақтай отырып, тілдік құралдарды, амал-тәсілдерді қарым-қатынас жағдаятының ерекшелігіне сай тиімді іс-шараларды ұйымдастыру маңызды. Аталған бағыт отбасынан бастап ересектер арасында өткізілетін дәстүрлі іс-шараға айналуы керек.

Салалық сөздіктер, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, балалар әдебиеті, көркем әдебиет, шетел прозасының қазақ тіліндегі басылымдарын қолжетімді ету бағытында жұмыстар жүргізіледі.

Тіл мәдениетін сақтауға және дамытуға қатысты жастар, мемлекеттік қызметшілер, журналистер, спичрайтерлер, копирайтерлер, корректорлар, блогерлер, гуманитарлық сала, халыққа қызмет көрсету орындарындағы мамандармен, банк, көлік, сауда, денсаулық қызметкерлерімен және т.б. қоғаммен тығыз байланыста қызмет көрсететін мамандардың қатысуымен кездесулер, акциялар, флешмобтар, көшпелі отырыстар, тренингтер, фестивальдер ұйымдастырылады.

Іскери қарым-қатынаста дайын сөз орамдарының болуы, белгілі бір әлеуметтік жағдаятта қолданылатын сөздердің дайын тұруы – іскери дискурс стилінің қалыптасуына әрі тілді тез меңгеруге әдістемелік көмек болады.

Дайын күйдегі оралымдар, стандарт, клишелер іскери қарым-қатынасты жеңілдетеді. Осы мақсатта тілді ресми меңгерудің электронды құралдары әзірленеді. Бұл тілдің әлеуметтік нормаларын меңгерудің көрсеткіштері болып саналады.

Жазу, сөйлеу мәдениетін жоғарлатуда ақпарат кеңістігіндегі мерзімді және электронды БАҚ-тың ролін күшейту іс-шаралары дәстүрге айналады.

Қазақ сөз мәдениетінің өзекті мәселелері ұлттық әдеби тілдің дәстүрлі нормаларын сақтау, оның дамуындағы негізгі үрдістерді айқындау, жаңа нормалардың сипаттамасын жасау мен сөздің коммуникативтік сапасы жөнінде лингвистикалық білімдерді жинақтап, жүйелеуге қатысты екі жылда

бір рет республика көлемінде әлеуметтік лингвистикалық зерттеу жүргізіледі. Оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс, орталық өңірлердегі мемлекеттік тілдің қолданысы бойынша осы әлеуметтік зерттеулер жүргізуді ғылыми-әдіснамалық жетілдіру көзделеді. Нәтижелері ашық қолжетімді болуы қамтамасыз етілетін болады.

Сөйлеу мәдениетін ұлттық мүдде ретінде тану, сөз мәдениетіне әлеуметтік көзқарасты қалыптастыру, сөз мәдениетін әлеуметтік ғылымдар мен ұлттық мәдениеттің ең басты тірегі ретінде бағалау, сөз мәдениетін ұлт мәдениетімен қатар насихаттау мәселелерін дұрыс жолға қою негізінде тіл мәдениеті дамиды.

## **5-тарау. Қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі қолданысын арттыру**

### **1-параграф. Ғылым тілін жетілдірудің негізгі арналары**

Қазақтың ғылым тілінің негізі Алаш арыстарының еңбектерінен бастау алады. Осы кезде тіл білімі салалары қалыптасып, алғашқы төл терминдер қабылданды. Алайда сол кездегі саясаттың әсерінен қазақ тілінің қоғамдағы рөлі әлсіреп, жағдайдың еліміз егемендікке қол жеткізгенге дейін жалғасқаны белгілі. Соған қарамастан ғылымның барлық салалары бойынша қазақ тілінде ғылыми еңбектер жазылып, салалық терминологиялық сөздіктер құрастырылды. Ғылым мен техниканың дамуы, жаһандық ғылым-білім кеңістігіндегі интеграция, IT-технологиялардың күнделікті өміріміздің қажеттілігіне айналуы сияқты жағдайлар қазақ тілін ғылым тілі ретінде одан әрі жетілдіріп, дамытуды қажет етеді.

Қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамыту және қолданыс аясын кеңейту үшін білім беру бағдарламаларында ғылым тілінің негізгі ұғымдары мен түсініктері, ғылыми дискурс (академиялық шешендік сөз) құзыреттілігін қалыптастыратын пәнді міндетті компонент ретінде енгізу мүмкіндігі қарастырылады.

Ғылыми дәреже алу үшін әзірленетін, мемлекеттік грант аясында қаржыландырылатын жобалардың нәтижесін көрсететін еңбектердің, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекітетін ғылыми журналдардағы мақалалардың мемлекеттік тілде жарық көруге тиісті саны белгіленеді.

Ғылым тілінің функционалдық қызметін жоғарылату үшін бекітілген қазақ терминдерінің қолданысын арттыру, кірме терминдерді игеруді жүйеге келтіру бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Ғылым тілінің құзыреттілігі қалыптасқан мамандар дайындалып, мемлекеттік тілдегі ғылыми еңбектердің сандық-сапалық көрсеткіші артады, шетелдік көпшілікке танымал ғылыми еңбектер қазақ тілінде қолжетімді болады және терминдер біріздендіріледі.

## **2-параграф. Терминологиялық жұмысты жандандыру**

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қызметін қоғамның барлық саласында күшейту мен дамыту терминологиялық жұмысты реттеуге де, жүйелеуге де тікелей байланысты. Әсіресе, қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамытуда терминология шешуші маңызға ие. Терминология арқылы қазақ тілінің табиғи әлеуеті ашылып, оның ұғымдық жүйесі қалыптасады, жалпы әдеби тілдің өрісі кеңейеді. Осындай мәселелер терминологиялық жұмысты жетілдірудің өзектілігін айқындайды.

Терминдерді бекітудің әдістемелік негіздері әзірленеді, қазақ тілі терминжасамының ғылыми принциптері жүйеленеді.

Тілдерді дамыту саласындағы уәкілетті орган жанындағы терминология комиссиясының қызметін жетілдіру, үйлестіру және терминдерді бекітудің тиімді жүйесі әзірленеді. Терминдерді біріздендіру мақсатында бекітілген терминдерге жасалған мониторинг негізінде Нормативтік терминологиялық сөздік әзірленеді. Бекітілген терминдерге мониторинг жүргізу жұмысы жалғастырылады.

Терминдерді бірізді қолдану, міндеттік сипат беру, яғни нормалауға жол ашатын ғылыми негізделген терминологиялық база қалыптастыру бойынша жұмыс қолға алынады.

Шеттілдік терминдерді қазақ тілінің сөзжасамдық, фоно-морфологиялық табиғатына сай игерудің тиімді үлгілерін көрсететін автоматтандырылған жүйе қалыптастырылады.

Салалық терминдердің сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік органдар, кәсіби сала мамандары мен лингвист-ғалымдар тартыла отырып салалық, салааралық топтар құрылады.

Терминология мәселесімен айналысатын халықаралық ақпараттық орталықтармен, зерттеу университеттерімен, сондай-ақ т.б. мекемелермен ғылыми-шығармашылық байланыстар орнатылады.

## **3-параграф. Салалық терминдер сөздіктерін әзірлеу**

Жаһандану дәуіріндегі ақпараттық, экономикалық, саяси, мәдени, интеллектуалдық, технологиялық байланыстардың дамуы қазақ тіліндегі салалық терминологиялық сөздіктер дайындаудың жаңа жүйесін қалыптастыруды қажет етеді. Сонымен қатар терминологиялық сөздік түрлерінің көбеюі, оларды құрастыру бойынша қордаланған проблемаларды шешу – кезек күттірмес мәселелердің бірі.

Қазақ тіліндегі салалық терминологиялық сөздік түрлеріне мониторинг жүргізіледі және жаңадан қалыптасқан ғылым салаларының терминологиялық сөздіктерін құрастыру қолға алынады.

Қазіргі сұранысқа жауап бере алатын қазақ тіліндегі түсіндірмелі терминологиялық сөздік, салалық терминологиялық тезаурустар, екі, үш

немесе көптілді сөздіктер құрастыру және түркі тілдеріне ортақ салалық терминологиялық сөздіктер шығару мүмкіндіктері қарастырылады.

Қазақ тілінің 30 томдық қазақша-орысша терминдер сөздігіне ғылыми мониторинг жасалады. Соның нәтижесінде мейлінше жүйеленген, нақтыланған салалық сөздіктер сериясы әзірленеді.

Жаңадан әзірленген (қайта әзірленген) екі, көптілдік, терминологиялық салалық және басқа да сөздіктерді басып шығаруға (ақпараттық кеңістікке орналастыруға) қойылатын бірыңғай талаптардың нормативтік-құқықтық негіздері пысықталады.

Жыл сайын ЖОО профессор-оқытушылар құрамы арасында үздік сөздік құрастырушылар немесе терминологияға байланысты жазылған үздік ғылыми еңбектерге байқау жарияланады.

#### **4-параграф. Терминологиялық база жасау**

Терминдермен жұмыс істеу барысын оңтайландыру, терминдердің қазақ тіліндегі баламаларын табу процесін барынша икемді әрі ғылыми негізді ету үшін ғылыми тұрғыдан негізделген терминологиялық база қалыптастыру қажет.

Терминологиялық база терминдерді нормалауға, яғни міндеттік сипатқа ие нормаланған терминологиялық сөздіктер әзірлеуге, терминдер қолданысын біріздендіруге жол ашады. Терминологиялық база, бірінші кезекте, білім беру салаларының барлық сатыларында қолданылатын оқулықтар мен оқу құралдарына, академиялық және ғылыми еңбектерге, мемлекеттік стандарттардың терминдері мен олардың сипаттамасына терминологиялық сәйкестендіру мониторингін жүргізіп, тиісінше терминдерді реттеуге мүмкіндік береді.

Қолданыстағы [termincom.kz](http://termincom.kz) сайты базасының негізінде әрбір термин бойынша ғылыми негізделген анықтама, сипаттамасын беретін қазақ тілі салалық терминдерінің бірыңғай жүйесі – терминологиялық база қалыптастыру жұмысы үздіксіз жүргізіле бастайды.

Электрондық терминологиялық база елімізде құрастырылған салалық терминологиялық сөздіктер, тезаурустармен толықтырылады. Базаның функционалдық қызметі күшейеді, толықтырылу және қолданылу барысындағы икемділігі артады

### **6-тарау. Қазақ тіліндегі контенттің үлесін арттыру**

#### **1-параграф. Балалар мен жасөспірімдерге арналған өнімдер**

Ғылым мен технологияның дамып, оның қоғамдық өмірге қарыштап енуі – қалыпты процесс. Бүгінде IT-технологиялар елдің бәсекеге қабілеттілігінің маңызды көрсеткіші, қоғам өмірінің барлық саласын тиімді басқару құралы ғана емес, ғылым мен білімнің қайнар көзіне айналды.

6 жастан асқан қазақстандықтардың цифрлық сауаттылық деңгейі 2021 жылы халықтың жалпы санының 85,3%-ін құрады. Бұл жоғары көрсеткіш және IT саласын дамытуға мол мүмкіндіктер береді.

Қоғам қазақ тіліндегі виртуалды-танымдық, интеллектуалдық, дидактикалық, сауыққа бағытталған жекелеген, топтық, жағдаяттық ойындарға зәру екенін ескере отырып, мемлекет тарапынан барынша қолдау көрсетілуі тиіс. Бұл IT-технология тілінің де қазақ тіліне бет бұруына жаңа серпін береді.

2022 жылы «Steam» цифрлық дүкеніне қазақ тілінің қосылуы қазақ тілінде ойындар әзірлеушілер үшін мол мүмкіндіктер ашты. Осы ретте қазақтілді балалар аудиториясының сұранысын қанағаттандыра алатын, қазақ тілін үйретуге бағытталған цифрлық өнімдер әзірлеу жұмысы қолға алынады. Бұл бағытта танымал Minecraft, Pubg mobile, Call of Duty: Warzone Mobile, Clash of Empire, Clash of clans секілді ойындардың сценарийлері негізінде қазақ тіліндегі топтық ойындар әзірленеді.

Сондай-ақ шетелдік ойындардың интерфейсінің қазақ тілінде қолжетімдігін қамтамасыз ету үшін, осы ойындарды әзірлеушілермен байланыс орнатылып, тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізіледі.

Қазіргі уақытта қазақ тілін оқып, дамытқысы келетін үш жастан асқан балаларға, сонымен қатар бала тәрбиесі мен оқытуды жүзеге асырушы тәрбиешілер мен мұғалімдерге, ата-аналарға арналған «Balatili.kz» сайты жұмыс істейді. Алдағы уақытта бұл сайттың мобильді қосымшасы әзірленіп, контентін тұрақты толтыру, жетілдіру жұмыстары жүргізіледі. Осы ретте қазақтілді балалар аудиториясының сұранысын қанағаттандыра алатын, қазақ тілін үйретуге бағытталған цифрлық өнімдер әзірлеу жұмысы қолға алынады.

Бұл бағытта танымал ойындардың сценарийлері негізінде қазақ тіліндегі топтық ойындар әзірленеді. Сонымен қатар шетелдік ойындар интерфейсінің қазақ тілінде қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін, әзірлеушілермен байланыс орнатылып, тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізіледі. Кез келген тілді балабақша жасынан үйренудің маңызы зор. Бұл ретте мультфильмдер – балаларды тілдік ортаға табиғи түрде бейімдеудің тиімді әдісі. Әлемдік «Nickelodeon», «Тіжі» каналдары контентінің қазақ тіліне аударылуы қазақтілді балалар аудиториясының ұлғаюына серпін береді. Келесі кезекте YouTube бейнехостингіндегі қазақтілді балалар контентін арттыру жұмысы жүргізіледі.

2020 жылы әзірленген 10 сериялы «Ақылды тентектер» жобасы сәтті шығып, «Балапан» телеарнасының таңдаулы контентіне айналды. Осы жобаның 2-4 маусымдары әзірленеді.

Бүгінгі таңда әлемдік киноиндустрия балалар мен жасөспірімдерге арналған өнімдерді мол шығарып отыр. YouTube бейнехостингін сапалы қазақтілді балалар контентімен толтыру мақсатында мультфильмдер мен сериалдар іріктеліп, оларға дубляж жасалатын болады.

Цифрлық сауаттылық деңгейі жылдан жылға артып келе жатқан мектеп жасына дейінгі, мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдердің сұранысын қанағаттандыра алатын қазақ тіліндегі сапалы өнімдердің әзірленуі – келешекте жастардың қазақ тілін білмеу проблемасының алдын алады. Бұл өз кезегінде қазақ тілін меңгерген азаматтардың үлесін арттырудың маңызды тетігіне айналады.

## **2-параграф. Тіл үйрету бағдарламалары**

«Тіл туралы» Заңның 4-бабына сәйкес Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға міндетті. Бұл міндет мемлекеттік тіл орталықтары және мемлекеттің тапсырысымен әзірленген электронды онлайн-қосымшалар арқылы жүзеге асырылып келеді.

Бүгінде тіл үйренуші қазақ тілін ыңғайлы уақытта оқытушының көмегінсіз, арнайы жабдықталған сыныптарға бармай, компьютерді, смартфонды пайдалана отырып үйрене алады.

Азаматтардың мемлекеттік тілді өз бетінше үйренуіне арналған «Tilqural.kz», «Tilmedia.kz», «Abai.institute» порталдары іске қосылды. Осы порталдарды сапалы контентпен толтыру жұмыстары жалғасатын болады.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес тұрғындардың 41%-і қазақ тілін жеткілікті деңгейде меңгермеген. Осы санаттағы тұрғындар үшін сапалы, мазмұнды электронды мобильді қосымшалар әзірлеу өте маңызды.

Осы мақсатта «Қазақ сөзі» мобильді қосымшасы әзірленетін болады. Қосымша тіл үйренушінің сөздік қорын толықтыруға, жаңа сөздердің мағынасын түсінуге және оларды күнделікті өмірде қолдануға көмектеседі. Қосымшада қамтылатын 137, 500, 900, 1200, 1500 сөз арқылы тіл үйренуші тіркес жасау, сөйлем құрау, одан шағын мәтіндер құрастыру дағдысын меңгере алады.

Өңірлерде де қазақ тілін ақпараттық технологиялар арқылы үйрету бағытында жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, Жамбыл облысының тілдерді дамыту басқармасы білім беру үдерісіне цифрлық технологияларды енгізіп, мобильді қосымшалардың белсенді пайдаланушыларына қазақ тілін өз бетінше үйренуге арналған «Qazonline» мобильді қосымшасын ұсынды.

Павлодар облысында қазақ тілін үйренушілер үшін бірнеше маңызды жоба қатар жүзеге асырылуда, олардың бірі «Ана тілі» орталығы әзірлеген «Ана тілі» мобильді қосымшасы. Екі өнім де Play Market және App Store-да қолжетімді.

Мемлекеттік тілді дамыту қоры тарапынан әзірлеген «Soyle.kz», «Bala.soyle.kz» интернет порталдары да танымал өнімдердің қатарында.



Жеке азамат Татьяна Валяеваның «Kaz-tili.kz» авторлық жобасы да қазақ тілін тиімді игеру құралдарының бірі.

Әлемдік тәжірибеде көптеген білім беру порталдары жасанды интеллект негізінде тілдерді үйрену үшін қызықты және тиімді контент ұсынады. Мәселен, миллиондаған пайдаланушылары бар «Duolingo», «Lingualeo» қосымшаның әр сабағы тыңдау, аудару, сөйлеу және грамматика бойынша тапсырмалардан тұрады. Жаттығулар теориялық материалмен бірге жүреді. Мұның барлығы грамматиканы игеруге, сөздік қорды молайтуға және айтылымды жақсартуға көмектеседі. Тіл үйрететін осындай әлемдік веб-сервистерге қазақ тілін оқыту курстарын енгізу жұмыстары жүргізілетін болады.

Жоғарыдағы жобалардың үлгісінде жасалған «Tilqural» қосымшасы қазақ тілін үйренудің 5 деңгейін ұсынады (A1, A2, B1, B2, C1). Таргет жарнама арқылы осы қосымшаны мақсатты пайдаланушылардың қатарын көбейту міндеті тұр.

Тұтынушылар тұрақты пайдаланатын e-Gov, «Kaspi.kz» электронды қосымшаларына «Tilqural» порталын кіріктіріп, байланыс операторлары, банк қосымшалары, сауда, тамақтану желілері арқылы көпшілікке танымал ету жұмыстары жүргізіледі.

Қосымшаның танымалдылығын арттыру акциялар мен ашық есік күндерін ұйымдастыру, флаерлер, жапсырмалар тарату, көпшілік орындарға QR-кодтар орналастыру жолымен жүргізіледі. Бұл жұмысқа қоғамдық пікір көшбасшылары барынша тартылады және қазақ тілін A1, A2, B1, B2, C1 деңгейлерінде меңгерген ел және шетел азаматтарының үлесі артады. Сонымен қатар қазақ тіліне сұраныстың артуы, тіл үйрететін өнімдер әзірлеуге бейімделген IT-компаниялар санының артуына оң ықпал етеді.

### **3-параграф. Қазақ тілінің ұлттық корпусы**

Әлемде компьютерлік технологиялардың және олармен байланысты мәтіндік корпустардың дамуы тіл ғылымына, сонымен қатар жасанды интеллектіге қатысты салаларға тың жаңалықтар, нағыз серпіліс әкелді. Бұл қазіргі қоғамның ақпараттық, технологиялық сұранысына жауап берудің сан алуан тәсілінің бірегейі ретінде көрінеді. Соңғы жылдардағы қазақ тілінің мәтіндік қорын цифрландырудың дамуы да осы әлемдік үдерістермен үндесу ғана емес, ұлттық тіл мүддесіне қатысты базалар қалыптастыру мен дамытуды көздеуге байланысты.

Корпусқа дейінгі дәуірде ғалымдар лингвистикалық зерттеулерді тек қолмен жинағандықтан, зерттеу жүргізуде салыстырмалы түрде шектеулі материалмен жұмыс жасай алды. Электрондық корпустардың пайда болуы корпусқа дейінгі дәуірде мүмкін емес болып көрінетін міндеттерді орындауға қабілетті етті, атап айтқанда, тілдердің ұлттық корпустарында ұсынылған әртүрлі типтегі және жанрдағы ауызша және жазбаша сөйлеудің үлкен

мәтіндік массивтерін зерттеуге жол ашылды. Сондықтан қазақ тіліндегі мәтіндерді цифрландырып, лингвистикалық өңдеудің негізгі құралы Ұлттық тіл корпусы болып табылады. Бұл – арнайы өңделген мәтіндік мәліметтер базасы мен мамандандырылған іздеу жүйесін біріктіретін жүйелер.

Қазақ тілінің ұлттық корпусын қалыптастыру мен дамыту нәтижесінде мемлекеттік тілдің қолданысын қамтамасыз ететін, қазақ тілін синхронды тұрғыдан зерттеушілер сұраныстарына жауап беретін онлайн-режимде қолжетімді мәтіндік қор жүйесі жасалып, қолданысқа ұсынылады. 2029 жылға дейін корпус базасы 118 миллион сөзқолданысқа жеткізіледі.

Тілдік корпустардың басты ерекшелігі – олардың «белгіленуі», яғни мәтіндердің құрамында мәтіндердің өзін де, олардың бірліктерін де сипаттайтын әртүрлі тіл деңгейлеріне қатысты арнайы мета, лингвистикалық белгілердің болуы. Бұл белгіленімдерді жетілдіру жоспарланған.

Корпустағы статистикалық әдістерді қолдана отырып, тілдің дамуының белгілі бір кезеңінде осы тілдік ұжымға тән тілдік және лингвомәдени құбылыстарды жан-жақты және мүмкіндігінше объективті талдауға мүмкіндік береді. Бұдан өзге ІТ өнімдерді әзірлеуге дайын өңделген электронды мәтіндердің тапшылығы жойылады.

Корпус қоры үнемі толықтырылып, өңделіп отыруы арқылы оң нәтижелерге қол жеткізіледі. Корпус базасының публицистикалық, ауызекі сөйлеу тілі мәтіндері толықтырылады. Ғылыми мәтіндер, көркем мәтіндер корпустары әзірленеді.

Корпус деректерін тіл оқыту кезінде пайдалануға болады. Корпустар көп қырлы лексикографиялық жұмыстардың көзі және құралы бола алады, оны қолданыстағы грамматиканы нақтылауда, орфографиялық, әдеби тіл сөздіктерін т.б. және жаңадан құрастыруда нақты дерек ретінде қолдану тиімді. Ғылыми мәтіндерді жинақтау арқылы терминдерді сұрыптау, тілдік тұрғыдан үлгілеу және оларды автоматтандыру мәселелерін шешуге де қолайлы.

Қазақ тіліндегі мәтіндік базаны әртүрлі жұмсалымында қолдану және кодификациялау, стандарттау мен жаңғырту, оны айналысқа түсірудің көзі болатын «Қазақ тілі ұлттық корпусын/Қазақ тілі ұлттық корпусының ішкорпустарын» әзірлеу мемлекеттік тіл қолданысын кеңейтуге қызмет етіп, тілдік деректерді цифрландыруға, тілдің даму динамикасын зерттеуге, өміршеңдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Біртұтас қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеу және оны орталықтандыру мақсатында Қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеушілердің қауымдастығы құрылады.

**4-параграф. Қазақ тіліндегі мәтіндердің автоматтандырылған базасы**

Әр жылдары «Tilalemi.kz», «Emle.kz», «Termincom.kz», «Sozdikqor.kz» сайттары мен порталдары қалыптастырылды. Бұлар бір жағынан тілдік бірліктердің көпшілікке электронды түрде қолжетімдігін қамтамасыз етсе, екінші жағынан халықтың тілдік сауаттылығын арттыруда маңызды рөл атқарады. «Termincom.kz» бірыңғай электрондық базасында Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен терминдер жинақталған. Осы орайда заң шығару, денсаулық сақтау, энергетика, ауыл шаруашылығы, экология, геология, құрылыс, IT және т.б. салалар бойынша бекітілген терминдер қатарын арттырып, базаның көлемін одан әрі ұлғайту жұмыстары жүргізіледі. Жаратылыстану және техникалық бағыттағы 15 000 терминге мониторинг жүргізу жоспарланып отыр. Бұдан басқа базаға салалық ғылыми еңбектер, терминологиялық сөздіктер, тақырыптық материалдар жүктеледі.

«Emle.kz» – қазақ тіліндегі сөздердің дұрыс жазылу нормаларын көрсететін ақпараттық-анықтамалық база, ал «Sozdikqor.kz» – түрлі салалық сөздіктер мен энциклопедиялардағы сөздермен және тұрақты сөз тіркестерімен, көнерген сөздердің мағынасымен танысуға мүмкіндік беретін әмбебап платформа.

Қазіргі уақытта алгоритмі әзірленіп жатқан жобалардың бірі – «Qazgramma» көпфункционалды бағдарламалық кешені. Орфографиялық, грамматикалық, пунктуациялық қателерді түзету, мәтіндегі кейбір сөздерді, тіркестерді маркерлеу, маңызды тұстарын ерекшелеу, танылмайтын сөздерге дұрыс нұсқа ұсыну функциялары тұрғындардың қазақ тіліндегі сауаттылығына ықпал ететін болады. Кешен толық әзірленгеннен кейін компьютер немесе смартфон арқылы қазақ тілінде жазылатын мәтіннің сапасы артады.

Жоғарыдағы жобалармен қатар «Qazcorpora.kz», «Qijat.kz», «Qazlatyn.kz», «Tilalemi.kz» порталдарының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету жалпы тіл білімі, қазақ тілінің даму келешегі үшін өте маңызды. Осы ретте қазақ тілінің электрондық базаларының қорларын толықтыру жұмыстары үздіксіз жүргізіледі.

### **5-параграф. Қазақ тілін виртуалды кеңістікке енгізу**

Қазақ тіліне сұраныс артқан сайын, ақпараттық технологиялардың интерфейстеріне, мәзір баптауларына қазақ тілі біртіндеп енгізілуде.

Ақпараттық технологиялар саласындағы әлемдік көшбасшы, құрылғылар мен бағдарламалық қамтамасыз ету қызметтерін ұсынатын Microsoft компаниясы өз өнімдеріне қазақ тілін енгізді. Қазақ тілі Microsoft аударма қосымшалары, қондырмалар, Office бағдарламалары, Bing аудармашысы және бизнестер мен бағдарлама әзірлеушілерге арналған Azure Cognitive Services аударма қызметінің тілі болып жұмыс жасайды.

Мәселен, Microsoft Teams 2021 жылы ғана заманауи жұмыс және оқу кеңістігі үшін қазақ тіліне бейімделген алғашқы шетелдік платформалардың

біріне айналды. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде платформаның 250 мыңға жуық қазақстандық пайдаланушысы бар, олардың басым бөлігі (70%) жалпы білім беретін мектептерге тиесілі.

Microsoft Translator тілдер тобына қазақ тілі енгізілді. Бүгінде «Qazaqsha» мен «Qazaq Tilin» Қазақстан, Батыс Қытай, Батыс Моңғолия, Ресейдің оңтүстігі және әлемнің өзге де аймағында 22 миллионнан астам адам қолданады.

Ірі IT корпорациялар өздерінің дауыстық көмекшілерін жасау арқылы бұл технологияны алға шығарып отыр. Ең танымалдарына Google-дан Google Assistant, Apple-дан Siri, Amazon-нан Amazon Echo (Alexa), Microsoft-тан Cortana және Yandex-тен Алиса жатады.

Әлемдік деңгейдегі талаптарға сәйкес инновациялық-ақпараттық ашық жүйе ретіндегі қазақ тілінде сөйлейтін, автоматты жауап беретін виртуалды робот – Дауыстық көмекші отандық өнім әзірлеу жұмысы қолға алынады.

Қазіргі уақытта дыбыстық көмекші әзірлеудің маңызы зор. Бүгінде көпшілікке танымал «Алиса», «Alexa», «Cortana» мен «Siri» тәрізді өнімдер мәтінді пернетақта мен тінтуірді пайдаланбай енгізу, қолданушының ауызша командасы арқылы қажетті сайтқа, ақпаратқа, бағдарламаларға жылдам қол жеткізу, еске салу, қоңырау шалу, хабарламалар жазу, жаңалықтарды дыбыстау, «ақылды үй» функцияларын орындау, тіпті жасанды интеллектінің арқасында жетіліп, адаммен толыққанды диалог орнату мүмкіндігіне ие болды. Осы ретте отандық «Айсана» виртуалды роботын әзірлеу жұмыстары жүргізіледі.

Дауыстық көмекшілер, сөйлеу аналитикасы, дауыс синтездерінің әзірленуі бизнес-процестерді автоматтандыруға, call-орталықтарды жетілдіруге, сондай-ақ тірек-қимыл, көру қабілеттері шектеулі адамдардың мұқтаждықтарын қанағаттандыруға негіз болады. Аталған бағыттағы жұмыстарды іске асыру үшін әлемдік IT-компаниялармен келісімге отыру, меморандумдар жасау жолдары қарастырылады.

Қазақтілді IT-мамандар даярлау және арнайы гранттар бөлу мәселелері пысықталатын болады. Бұл шаралардың іске асырылуы халықтың қазақ тіліндегі цифрлық сауаттылығын арттыруға және қазақтілді тұтынушылардың сұранысын толық қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Тұжырымдама мемлекеттік және басқа тілдердің қолданысын жүйелеуге, реттеуге арналған. Әсіресе, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің жетекші рөлі мен басымдығын қамтамасыз етуді мақсат етеді. Тұжырымдама аясында жүзеге асырылатын шаралар аталған кезеңдегі тілдің өзекті мәселелеріне құрылған.

## **6-бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер**

Тұжырымдаманың мақсатына қол жеткізу шеңберінде 13 негізгі нысаналы индикатор және 5 күтілетін нәтиже айқындалды.

**Нысаналы индикаторлар:**

1) Мемлекеттік тілді меңгерген халықтың үлесі (2023 ж. - 81%, 2024 ж. - 81,5%, 2025 ж. - 82%, 2026 ж. - 82,5%, 2027 ж. - 83%, 2028 ж. - 83,5%, 2029 ж. - 84%)

2) Үш тілді (қазақ, орыс және ағылшын) меңгерген халықтың үлесі (2023 ж. - 29%, 2024 ж. - 29,5%, 2025 ж. - 30%, 2026 ж. - 30,5%, 2027 ж. - 31%, 2028 ж. - 31,5%, 2029 ж. - 32 %)

3) Латынграфикалы әліпбиді пайдаланатын жазба коммуникацияға қатысушылардың үлесі ( 2026 ж. - 5 %, 2027 ж. - 10%, 2028 ж. - 15%, 2029 ж. - 20%)

4) «Қазтест» жүйесі бойынша мемлекеттік тілді В1 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызметтерді ұсынатын ұйымдар қызметкерлерінің, сондай-ақ ұлттық компаниялар мен ұлттық холдингтер қызметкерлерінің үлесі (2023 ж. - 37%, 2024 ж. - 38%, 2025 ж. - 39%, 2026 ж. - 40%, 2027 ж. - 41%, 2028 ж. - 42%, 2029 ж. - 43%)

5) Мемлекеттік тілді В2 деңгейінде меңгерген қазақ тілінде оқытпайтын мектеп түлектерінің үлесі (2023 ж. - 45%, 2024 ж. - 50%, 2025 ж. - 55%, 2026 ж. - 60%, 2027 ж. - 65%, 2028 ж. - 70%, 2029 ж. - 75%)

6) «Қазтест» жүйесі бойынша мемлекеттік тілді В2 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызметшілердің үлесі (2023 ж. - 35%, 2024 ж. - 36%, 2025 ж. - 37%, 2026 ж. - 38%, 2027 ж. - 39%, 2028 ж. - 40%, 2029 ж. - 41%)

7) Мемлекеттік телеарналарда мемлекеттік тілде көрсетілетін телебағдарламалардың үлесі (2023 ж. - 70%, 2024 ж. - 72%, 2025 ж. - 74%, 2026 ж. - 78%, 2027 ж. - 80%, 2028 ж. - 82%, 2029 ж. - 84%)

8) Қазақстанда өткізілетін, сондай-ақ шет елдерде қазақстандық дипмиссиялар ұйымдастырған халықаралық шараларда қазақ тілінің қолданылу үлесі (2023 ж. - 52%, 2024 ж. - 53%, 2025 ж. - 54%, 2026 ж. - 58%, 2027 ж. - 63%, 2028 ж. - 70%, 2029 ж. - 75%)

9) Мемлекеттік органдардағы, ұлттық компаниялардағы құжатайналымның үлесі (2023 ж. - 91%, 2024 ж. - 91,5%, 2025 ж. - 92%, 2026 ж. - 92,5%, 2027 ж. - 93%, 2028 ж. - 93,5%, 2029 ж. - 94%)

10) «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» жобасының мәтіндік базасының көлемі (өсу қорытындысымен) (2023 ж. - 20 млн.сөз, 2024 ж. - 30 млн.сөз, 2025 ж. - 40 млн.сөз, 2026 ж. - 50 млн.сөз, 2027 ж. - 60 млн.сөз 2028 ж. - 70 млн.сөз, 2029 ж. - 80 млн.сөз)

11) Реттелген терминологиялық қордың үлесі (өсу қорытындысымен) (2023 ж. - 7,6%, 2024 ж. - 15%, 2025 ж. - 20%, 2026 ж. - 25%, 2027 ж. - 30%, 2028 ж. - 35%, 2029 ж. - 40%)

12) Мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақтілді контенттің үлесі (2023 ж. – 77%, 2024 ж. – 78%, 2025 ж. – 79%, 2026 ж. – 80%, 2027 ж. – 82%, 2028 ж. – 85%, 2029 ж. – 90%)

13) Өзірленген мемлекеттік тілдегі анимациялық өнімдерің көлемі (2023 ж. – 700 минут, 2024 ж. – 1050 минут, 2025 ж. – 2010 минут, 2026 ж. – 4000 минут, 2027 ж. – 8000 минут, 2028 ж. – 16000 минут).

**2029 жылға қарай күтілетін негізгі нәтижелер:**

1. 84 % - республика бойынша қазақ тілінде сөйлейтін тұрғындардың үлесі;

2. 32 % - үш тілде сөйлейтін тұрғындардың үлесі;

3. 15 % - жаңа әліпби мен емле ережесін оқыту курсымен қамтылған тұрғындар үлесі;

4. 94 % - орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тілде іс жүргізу үлесі;

5. 40 % - қазақ тілінің латынграфикалы әліпбиінің емле ережесіне негізделген терминологиялық қордың үлесі (өсу қорытындысымен).